

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ӘОЖ 821.512.122

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

**«Прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдау
арқылы оқушылардың сыни көзқарастарын қалыптастыру жолдары»**

7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша

Шүкей Гауһар Нұрланқызы

Қаскелең, 2022

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»
«Тілдік білім беру» кафедрасының меңгерушісі
PhD, ассистент профессор
Ногайбаева А.

« 20 » 05 2022

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша

Орындаған:



Шүкей Г.Н.

Ғылыми жетекші:



п.ғ.к., СДУ профессоры Жұмақаева Б.Д.

Қаскелең, 2022

Сулейман Демирель атындағы университет
Педагогика және гуманитарлық ғылымдар факультеті
«Тілдік білім беру» кафедрасы

Бекітемін
«Тілдік білім беру» кафедрасының меңгерушісі
PhD, ассистент профессор
Ноғайбаева А.
«01» 06 2022 ж.

Диссертациялық жұмысты дайындау тапсырмасы

Магистрант: Шүкей Гауһар Нұрланқызы

Білім беру бағдарламасы: Қазақ тілі және әдебиеті

Тақырыбы: «Прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдау арқылы оқушылардың сыни көзқарастарын қалыптастыру жолдары»

Ғылыми кеңестің бұйрығымен бекітілген N 09.3-05/946-1 «26» 01 2022 ж.
Диссертациялық жұмысты аяқтау мерзімі «01» 06 2022 ж.

Тапсырмалар және диссертациялық жұмыстың қысқаша сипаттамасы:

Диссертациялық жұмыста прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдау арқылы сыни көзқарас қалыптастыру жолдары қарастырылды. Сюжеттік желі мен тартысқа бағытталған тапсырмалар құрастырылып, оқушылардың сыни көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістер ұсынылды.

Ұсынылатын әдебиеттер: Зерттеудің теориялық және методологиялық негіздері Қоңыратбаев Ә., Бітібаева Қ., Сманов Б. секілді отандық, Голубков В.В., Кудрящев Н.И., Медведев П.Н., Лихачев Д.С. секілді шетелдік ғалымдарының еңбектеріне сүйеніп жасалды.

Тапсырмалар бекітілген мерзім

Ғылыми жетекші:

Магистрант:

«21» қаңар 2021 ж.

Ноғайбаева Б.Д.

Шүкей Т.Н.

АНДАТПА

Диссертация жұмысының тақырыбы: «Прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдау арқылы оқушылардың сыни көзқарастарын қалыптастыру жолдары»

Жұмыстың құрылымы: зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, әр тарау үш тараушадан, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диссертациялық жұмыстың көлемі: 74 бет, 5 кесте, 3 сызба бар, зерттеу барысында 54 әдебиет қаралды.

Кілт сөздер: проза, талдау, сюжет, композиция, тартыс, сыни көзқарас, прозаны талдау жүйесі, қазақ әдебиетін оқыту, сыни көзқарас қалыптастыру әдістері

Диссертация жұмысының бірінші бөлімінде қазақ әдебиеті пәнінде көркем шығарманы талдаудың теориялық аспектілері қарастырылады. Прозалық шығармаларды оқытудың зерттелу өрісі диссертациялық жұмыстың теориялық базасы ретінде қарастырылып, тақырыптың зерттелу дәрежесі айқындалды. Зерттеу жұмысының өзектілігін айқындауда басты рөл атқаратын жаңартылған білім беру мазмұнының бағдарламада прозалық шығармалардың орны, оны оқыту жолында бекітілген мақсат пен міндеттер анықталды. Зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық маңызын құраушы элемент болып есептелетін мектептегі көркем шығармаларды талдаудың ұстанымдары қарастырылды.

Диссертация жұмысының екінші бөлімінде прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен композициясын талдау арқылы сыни көзқарасты қалыптастыру әдістемесі қарастырылды. Бұл тұста сыни көзқарас қалыптастыру әдіс-тәсілдері, педагогикалық технологиялардың базистік ерекшеліктерін, жаңашыл новаторлық технологиялардың талаптарын, ұстанымдарын біріктіріп оқыту жүйесін орнату мүмкіндіктері қаралды. Білім беру жүйесіндегі көркем шығарманы талдау маңыздылығы сипаттала отырып, сыни көзқарас қалыптастырушы дидактикалық тапсырмалар, тиімді әдіс-тәсілдер ұсынылды. Шығарманың тағандары болып есептелетін жалпы шығарманың құрылысы, шығармадағы тартыс мәселесін талдаудағы баланың өзіндік ойы мен пікірін дамытуды жүзеге асырушы талдау жүйелерін құру мәселесі шешіледі. Зерттеу жұмысында қарастырылған әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, түрлі бақылау жұмыстары бойынша эксперимент жүргізілді. Эксперимент нәтижесі бойынша тиімді тест түрлері, тапсырмалар мен жаттығуар анықталды.

Диссертациялық жұмыстың қорытынды бөлімінде диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері жүзеге асырылды. Ұсынылған тапсырмалардың оқушылардың білімін нақты, дәл бағалау үшін қолданудың маңызы айқындалды.

АННОТАЦИЯ

Тема диссертационной работы: "Пути формирования критического мышления учащихся через анализ сюжетной линии и конфликта прозаических произведений»

Структура работы: исследовательская работа состоит из введения, двух глав (подглав), заключения и списка использованной литературы.

Объем диссертационной работы: Имеется 74 страницы, 5 таблиц, 3 чертежа, в ходе исследования было рассмотрено 54 литературы.

Ключевые слова: проза, анализ, сюжет, композиция, борьба, критический подход, система анализа прозы, обучение казахской литературе, методы формирования критического отношения

В первой части диссертационной работы рассматриваются теоретические аспекты анализа художественного произведения в казахской литературе. Исследуемое поле обучения прозаическим произведениям рассматривает как теоретическая база диссертационной работы, определяется степень изученности темы. В программе обновленного содержания образования, играющая ключевую роль в определении актуальности исследовательской работы, определены место прозаических произведений, цели и задачи, закрепленные на пути ее обучения. Рассмотрены принципы анализа художественных произведений в школе, которые являются составляющим элементом научно-теоретической значимости исследовательской работы.

Во второй части диссертационной работы рассмотрена методика формирования критического мышления через анализ сюжетной линии и композиции прозаических произведений. Рассмотрены методы и приемы формирования критического мышления, возможности установки системы интегрированного обучения базисным особенностям педагогических технологий, требованиям, принципам новаторских технологий. С описанием значимости анализа художественного произведения в системе образования были предложены дидактические задачи, эффективные методы и приемы, формирующие критический взгляд. Решается вопрос о построении общего произведения, являющегося основой произведения, о создании систем анализа, осуществляющих развитие мышления и мнения ребенка при анализе проблемы тяготения в произведении. Проведен эксперимент по различным задачам с использованием методов и приемов, рассмотренных в исследовательской работе. По результатам эксперимента были определены эффективные виды тестов, задания и упражнения.

В заключительной части диссертационной работы реализованы результаты исследования по теме диссертационной работы. Определено значение предложенных заданий для четкой, точной оценки знаний учащихся.

ABSTRACT

Topic of the dissertation: "Ways of forming a critical attitude of students through the analysis of the storyline and plot of prose works"

The structure of the work: the research work consists of an introduction, two chapters (sub-chapter), a conclusion and a list of references.

The volume of the dissertation work: There are 74 pages, 5 tables, 3 drawings, 54 references were reviewed during the study.

Keywords: prose, analysis, plot, composition, struggle, critical approach, prose analysis system, teaching Kazakh literature, methods of forming a critical attitude.

In the first chapter of the dissertation the theoretical aspects of the analysis of a work of art in Kazakh literature are considered. The studied field of teaching prose works is considered as the theoretical basis of the dissertation work, the degree of study of the topic is determined. The program of the updated content of education, which plays a key role in determining the relevance of research work, defines the place of prose works, goals and objectives fixed on the path of its learning. The principles of the analysis of works of art at school, which are a constituent element of the scientific and theoretical significance of research work, are considered..

In the second part of the dissertation the method of forming critical thinking through the analysis of the storyline and composition of prose works is considered. Methods and techniques for the formation of critical thinking, the possibility of installing an integrated learning system to the basic features of pedagogical technologies, requirements, principles of innovative technologies are considered. With the description of the significance of the analysis of a work of art in the education system, didactic tasks, effective methods and techniques that form a critical view were proposed. The question of the construction of a general work, which is the basis of the work, is being solved, about the creation of analysis systems that develop the child's thinking and opinion when analyzing the problem of gravity in the work. An experiment was conducted on various tasks using the methods and techniques considered in the research paper. Based on the results of the experiment, effective types of tests, tasks and exercises were determined..

In the final part of the dissertation work the results of the research on the topic of the dissertation work are implemented. The significance of the proposed tasks for a clear, accurate assessment of students' knowledge is determined..

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ БӨЛІМ.....	8
1 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНДЕ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	
1.1 Прозалық шығармаларды оқытудың зерттелу өрісі.....	11
1.2 Жаңартылған мазмұндағы бағдарламада прозалық шығармаларды оқытудың мақсат, міндеттері.....	16
1.3 Мектептегі көркем шығармаларды талдаудың ұстанымдары.....	21
2 ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ СЮЖЕТТІК ЖЕЛІСІ МЕН КОМПОЗИЦИЯСЫН ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ СЫНИ КӨЗҚАРАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ	
2.1 Прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдауға бағытталған жұмысты жүргізу әдістері, сыни көзқарас қалыптастыру жолдары.....	37
2.2 Прозалық шығармалардың сюжеті мен тартысын меңгертуге арналған дидактикалық тапсырмалар жүйесі.....	47
2.3 Зерттеудегі әдістер бойынша жүргізілген эксперименттік жұмыстар нәтижесі.....	67
ҚОРЫТЫНДЫ.....	70
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	72

КІРІСПЕ

Диссертация жұмысының жалпы сипаттамасы. Көркем әдебиеттің объектісі – өмір. Ал өмір дегеніміз – табиғат-адам-қоғам арасында үнемі өтіп жататын еңбек үдерісі. Әдебиет осы өмір үдерісін бейнелеп танытатын сөз өнері болғандықтан, өмір философиясына деген қатынас белгілі дәрежеде орын алады. Демек бұл философияны танып, орын алған дүниеге деген сынды қалыптастыру үшін әдеби шығармалар арқылы өткен оқиғаларға, сюжеттік желі қарқынына талдау жасау керек. Себебі, кейіпкерлердің жақсы-жаман іс-әрекеттеріне күмән түсіріп, «ойлау туралы ойлау» үдерісін іске асырса, оқушы сюжеттегі шындыққа жете алады.

Жалпы, өткенге сын болашақтағы оң әрекетке алып келеді. Бұл – сыни көзқарастың ең басты артықшылығы десек артық емес. Кез келген жағдайға немесе оқиғаға объективті баға беру, адамның қабылдайтын ақпаратына анализ, тіпті, жеке тұжырымдар мен сенімдерге күмән келтіру қабілетін әдеби шығармаларды оқыту арқылы дарыту, дамыту – үлкен іс. Бұл жердегі «сыни көзқарас», «сыни ойлау» терминдері – оқыту жүйесінде кең қолданыста болғанымен, білім беру үдерісінде, тәжірибеде пайдаланып дағдыланбаған терминдер. Олардың тереңнен астарласып жатқан мағанасын түсіну үшін, философиялық мағынасын түсініп алу, мұғалімдерге ұғындыру керек. Демек ең алғаш оқу үдерісін технологияндыру, жаңа технологиялық сауаттылыққа жету зерттеу жұмысында қарастырылатын маңызды аспект.

Жоғарыда аталған сыни көзқарас білімгерлердің бойында қалыптасуы үшін көркем шығармаларды қолдану диссертациялық жұмыспен ұсынылады. Яғни әдеби мұраларды оқып, ондағы басты идеяға жету жолында сюжеттік мәселелерге сыни талдау жасау арқылы оқушылар белгілі бір оқиғаға деген жеке көзқарастарын шындықпен ұштастыра отырып, өзіндік пәлсапаға қол тигіздіре алады. Осы үдеріс, ең алдымен, оқушының жол арасындағы жасырын тұрған ойға меңзеп қарап, өзіндік көзқарасын қалыптастыруына септігін тигіздіреді. Одан кейін белгілі дәрежеде оқушылардың көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын арттырып ынталандыру үдерісіне катализатор бола алады. Басқаша айтқанда, білім беру сапасын арттыру мақсатында көркем шығарма арқылы сыни көзқарас қалыптастыру және сыни көзқарас қалыптастырушы талдаулар жасау арқылы әдеби шығармаларға қызығушылық ояту арқылы өзара тиімді үдерісті оқу үдерісіне енгізу – екінші өзектілік. Ол үшін оқытушы тарапынан тақырыпты ұғыну, жалпы түсіінк қалыптастыру жұмыстары жүру керек. Сюжеттік желі үшін кешенді талдау жұмыстарын жүргізу де өте маңызды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Жасөспірім оқырман бойынан сыни көзқарас туғыздыру үшін тиісті әдіс-тәсілдерді қалыптастыру қажеттілігі туады. Педагогикалық технологиялардың базистік ерекшеліктерін, жаңашыл новарлық технологиялардың талаптарын, ұстанымдарын біріктіріп оқыту жүйесін орнату – диссертациялық жұмыс тақырыбының ең басты ғылыми өзектілігі. Прозалық шығармалардың сюжеті мен композициясын талдау, тартысты анықтау, нәтижесінде сыни көзқарас қалыптастыра алатындай

жүйе орнату маңызды. Демек бекітілген әдеби шығармаларды оқыту барысында ой-түрткі тапсырмалары арқылы сын қалыптастырып, сол сыннан **сабақ алып, өмірлік пайдаға жарату нысанына жету жолдарын әзірдеу керек.**

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Жаңа технологиялар мен сан ғасырлы әдебиет мұрасын қосатын көпір орнату қажеттілігі – диссертациялық тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Жұмыстың мақсаты және міндеттері.

Әдебиет сабағында прозалық шығармаларды, ондағы сюжет пен тартыс элементтерін талдау ұстанымдарын, әдістерін қарастыру. Прозалық шығармаларды оқыту, меңгеру, қабылдау, түсіну үдерістерін алға жетелеп, ХХІ ғасыр талабына сай өмірлік жолда сабақ болатындай үлгі алу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытатын тапсырамалар құрастыру. Прозалық шығармаларды мектеп бағдарламасында оқытудың тиімді жолдарын жүйелеу, жарамды әрі нәтижелі тапсырмалар жүйесін тиімді қолдану мақсаты бойынша мынадай басты міндеттерді шешу көзделді:

1. Мектептегі көркем шығарманы талдаудың ерекшеліктерін ашу;
2. Прозалық шығармаларды талдаудың принциптері, әдістері мен түрлерін қарастыру;
3. Прозалық шығармалардағы сюжет желісі мен тартыс ұғымдары жайлы түсінік қалыптастыру, оларды талдау жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Көркем шығарманың сюжеті мен желісін талдау арқылы сыни көзқарас қалыптастыратын тапсырмалар құрастыру;
5. Оқытудың әртүрлі кезеңдерінде мектепте көркем шығарманы талдау сабақтарының әдістемелік әзірлемелерін ұсыну.

Зерттеудің нысаны. Эксперименталды зерттеу сынасы ретінде 5, 6 сыныптар таңдалды. Соған сәйкес, зерттеу жұмысының нысаны ретінде жаңартылған білім беру бағдарламасымен ұсынылған таңдаулы прозалық шығармалар алынып отыр. Олар: 5-сынып үшін Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа», Марат Қабанбаев «Бауыр», Тынымбай Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала», Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» көркем шығармалары, 6-сынып үшін «Аяз би» ертегісі, Сайын Мұратбеков «Жусан иісі», Оралхан Бөкей «Тортай мінер ақ боз ат», Қалмақан Әбдіқадыров «Қажымұқан», Асқар Алтайдың «Прописка» прозалық көркем шығармалары таңдалып отыр.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Зерттеудің теориялық және методологиялық негіздері Қоңыратбаев Ә., БітібаеваҚ., Сманов Б. секілді отандық, В.В.Голубков, Н.И.Кудрящев, П.Н.Медведев, Д.С.Лихачев секілді шетелдік ғалымдарының еңбектеріне сүйеніп жасалды.

Зерттеудің ғылыми - тәжірибелік құндылығы. Бұл магистрлік диссертацияның негізгі мазмұны мен жасалған тұжырымдарын жалпы білім беретін мектептердегі қазақ әдебиеті сабақтарында пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының әдістері. Жұмыста тарихи – салыстырмалы, ғылыми әдіс, аналитикалық, сондай-ақ, сандық талдау әдістері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен сыннан өтуі. Диссертация тақырыбы бойынша жазылған 2 ғылыми мақала жарияланды. Олар халықаралық және отандық ғылыми конференцияларда, ғылыми жинақтарда басылып шықты.

Жұмыстың құрылымы. Магистрлік диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан тұрады. Әр тарау үш тараушадан құрылған. Жұмыс соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілді.

1. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНДЕ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Прозалық шығармаларды оқытудың зерттелу өрісі

Прозалық шығармаларды оқыту – қазақ әдебиетін оқыту методикасындағы аса күрделі үдеріс. Оқушының оқырмандық қабілетін қалыптастыру, шығарманы қабылдау, түсіну, оның ішінде жоғары эстетикалық, эмоциялық сезім мен өмір талабы мен заңдылықтарын түсіну, көңілге түйю деген сияқты өмірлік сабақты прозалық шығармаларды оқыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осыған орай прозалық шығармаларды оқушының жас ерекшелігі, қабылдау деңгейі сынды факторларды ескере отырып оқыту қашан да өзекті мәселелердің бірі болмақ.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістеме тарихына үңілер болсақ, 1930 жылдың басынан бастап қазақ әдебиеті пәнін оқыту әдістемесінде сезіле бастаған леп 1950 жылдары ана тілі мен әдебиетін оқытуды жақсартуға қажетті оқулық пен оқу бағдарламаларымен, оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдарды құрастырумен жандана түсті. 1930 жылдары көркем шығарманы талдау мәселесі туралы ой-пікірлер қазақ әдебиеті дербес пән ретінде оқытыла басталғалы, оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар шығару жұмысы кең етек жайды. Біздің диссертациялық жұмыстың зерттелуі де сол кезден басталғаны сөзсіз. Бұл тұста А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбайұлы, М.Әуезов, Ә.Үсенов, С. Қожахметованың еңбектерін атап өткен жөн. Аса кең көлемде М.Әуезовтің қазақ әдебиеті пәніне арналған «Суретті әдебиет туралы» атты бағдарламасын атап өткен жөн. Бұл жылдары Мұхтар Әуезов әдебиет пәніне асқан жанашырлықпен қарап, әдеби туындыны сыныпта оқыту, талдау мәселелеріне, көркем шығарманы талдауға ерекше мән беріп, бағалы ой, орынды ұсыныстар айтқан-ды. Көркем шығарманы оқыту мәселесі одан әрі 1939-1940 оқу жылына арналған әдіскер-ғалым Шайқы Кәрібаев пен өзге де әдебиетшілердің бірлесе жасаған бағдарламасымен дами түсті. Себебі бұл бағдарламада, басқа да өзекті мәселелерден бөлек, көркем шығарманы оқып-үйрету, оны талдау мәселесіне байланысты нұсқаулар берілді.

Қазақ әдебиетін орта мектепте оқыту әдістемесіне 1960-70 жылдар зор жаңалықтар әкелді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері» (1962), «Әдебиетті оқыту методикасы» (1966), профессор А.Көшімбаев «Сегіз жылдық мектепте әдебиетті оқыту методикасы» (1958), «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» (1969) атты еңбектерін шығарды. Бұл еңбектердің әлі күнге дейін педагогикалық жоғары оқу орындары мен университеттердің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінен оқулық қызметін атқарып келетіні еңбектердің сөзсіз өзектілігінің дәлелі. Десе де, заманмен бірге өсіп келе жатқан талаптар жыл сайын қатандап отырды. Сонымен бірге әдістемелік нұсқаулықтар да өзгеріп

отырды. 1983 жылы Т.Ақшолақовтың «Көркем шығармаға талдау жасау», 1998 жылы жарық көрген «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» шығармалары, Қ.Бітібаеваның «Әдебиеттегі оқытудың тиімді жолдары» (1990), «М.Әуезов шығармашылығын мектепте оқыту» (1994), Қ.Алпысбаевтың «Көркем шығарманы талдау» (1995) атты оқу-әдістемелік құралдар жарық көрді. Қазақ әдебиетіг оқыту әдістемесіне арналған оқулықтар мен оқу құралдарында мектеп қабырғасында көркем шығармаларды талдау жұмыстарына мән берілді.

Бүгінгі сұраныс, заман талабына сай білім беру үрдісіндегі жастарды тұрға ретінде тәрбиелеуде әдебиет пәнінен арнайы ғылыми негіздегі ізденістер жүзеге асуда. Жаңа технологиямен оқытау жүйесі енгізілуде. Осыған орай көркем шығарманы талдау мәселесі де оқушының өзіндік ізденісіне жаңа бағыт, оң бағдар беруде. Әдебиет пәні оқушыны өнер туындысын тануда қажетті біліммен, біліктілік дағдыларымен қаруландырып, онда көркем бейнені қабылдауға қажетті сезім сергектігін, шығарманы мазмұны мен түр бірлігінде, көркемдік тұтастықта қабылдай білуді; шығармада кескінделген мінездер сырын, шығарма идеясын, жазушы позициясын шығарма арқауына сүйене отырып ашуды; өзіндік ой толғамында дербестік, идеялық-көркемдік құндылығы жоғары туындыларды ғана қалайтын талғампаздықты, көркем туындыларды салыстыра отырып, қарастыра алу біліктерін қалыптастыруды көздейді. Осы негізде мектептегі қазақ әдебиеті пәні жеке тұлғаның үйлесімді дамуына қызмет атқаратын негізгі эстетикалық пән деген тұжырымға келеміз. Қоғамның және мәдениеттің даму өзгерістеріне сай әдебиет пәнінің бағдарламалары, оқулықтарымен қатар оны оқыту әдістемесі де жетілдіріліп отырады және ол қалыптасқан отандық әрі әлемдік тәжірибеге негізделеді. Әдістеме ең алдымен мұғалімнің шығармашылық әрекетінің жүйелі болуына қызмет ететіндіктен, ол әдебиетші мұғалімге жоғары талаптар да қояды. «Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркем сөз сипатын ашатын заңдылықтарды білуі керек. Сондай-ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс», – дейді белгілі әдіскер мұғалім Қ.Бітібаева [1, б.10]. Сонымен оқытушы және оқушының оқу әрекетіндегі бірлестіктер мен дербестік сипаттарын, ұйымдастыру жолдарын қарастыруға әдістеме ғылымы қолда бар бай тәжірибеге сүйенеді және оның таяу болашақтағы даму бағыттарын айқындайды. Әдебиет пәнінің әр сабағын адам бойындағы асқар арман, әдемі сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десек те болады. Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүйоден – елін, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді. Әдебиет арқылы жас өспірімдер алдында еліміздің тарихы, оның ғасырлар қойнауында қалған сөз сандығы ашылады, солар арқылы халық арманы, қиялы, болашақтан күтер үміті, ақ сенімі көрінеді. Сонымен әдебиетті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды сөз өнерінің қыр – сырымен таныстыру, халық даналығы, халық

өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы - әдебиетін жан-жақты игерту, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа, т.б. тәрбиелеу. Әдебиет пәнінің ауқымы да, мүмкіндігі де, маңызы да ерекше. Мектепте оқытылатын қай пән болсын, олардың білім мен дағды, тәрбие беруде өзіндік орны, атқарар маңызы бар. Дегенмен де әдебиет пәні барлық пәннің анасындай қызмет атқарады. Математиканы меңгеру үшін де сауатты оқи білу керек, оқығанын түсіну, ұғу, айта білу қажет (география, тарих пәндерін былай қойғанда). Әдебиет пәні барлық пәндермен, әсіресе, гумманитарлық, эстетикалық циклдағы пәндермен өте тығыз байланысты. Соның ішінде, өзі де өнер пәні болып саналатыны себепті, ол бейнелеу өнері, музыка пәндерімен ерекше гармониялық үндестікте жүріп отыруы керек. Сондай – ақ, тарих пәні әдебиеттің ең туыстас, бауырлас пәні болып есептеледі. Бағдарлама мен оқулыққа назар аударған адам бірден осы туыстықты аңғарар еді. Себебі ақын – жазушы шығармашылығына тоқталмас бұрын, ол өмір сүрген тарихи кезеңнің сипаттамасы, келбеті беріледі. Қай суреткер болсын, өз заманының жемісі. Ол, ең алдымен, өз заманын жыр етеді, соның келбетін кескіндейді, бейнелейді, шығармашылығы заманына байланысты туады. Оның шығармасы сол өз заманының айнасы. Қазақ тілі пәнімен ерекше бауырластығы дәлелдеуді қажет етпейді. Егер әдебиетті көркем бір ғимарат, ғажайып мүсін десек, соны құрайтын заттар – тіл, тіл байлығы; сондықтан бұл екі пәнді бөліп алып қарастыру дұрыс емес. Соңғы кездерде туыстас пәндерді бір арнада біріктіре оқыту тәжірибеге жиі еніп келеді. Сондай – ақ интегративтік оқытудың бір тәсілі – дуэт сабақтар, трио, гармония сабақтары да кең етек алуда. Әдебиет пәні тақырып 16 ерекшелігіне байланысты кейде тіл, тарих, музыка, бейнелеу өнері, география пәндерімен дуэт, трио сабағы ретінде өтіліп келе жатыр. Әдебиет пәнінің тағы бір ерекшелігі- оның ойлы, ізденімпаз, өзіндік эстетикалық көзқарасы бар оқырман дайындауында. Бұл – үлкен, қасиетті міндет. Мәдениетті, білімді адамның қай – қайсысы болсын, оқырман. Атақты физик, математик, геолог, медик, тіпті ғарышкер болсын бәрі де оқырман. Оған дәлел – олардың ғылым төріне, биігіне шыға білуі, яғни оқу арқылы, кітап арқылы оқырман бола білуі [1, б.29]. Осындай ұлы адамдар естелігін оқып отырғандағы көз жететін бір нәрсе - олардың көпшілігінің білім, ғылымға аяқ басуына әдеби кітап, соған деген ынта әсер еткен. Бұл жерде оқырман деген ұғымды кең көлемде түсінген жөн. Әдеби шығармаларды оқушыларды, әдебиетшілерді ғана “оқырман” деудің аясы тар. Бірақ сол “оқырмандықтың” алғашқы баспалдағы мектептен, әдебиет сабағынан басталатындығында сөз жоқ.

Ол бағыттары:

– әдеби білімді саралауды жүзеге асыру, бағдарламаларды қайта қарап, тұжырымдама негізінде батыл жаңарту; 5-9 сыныптарды негізгі базалық біліммен қамтамасыз ететін базалық білім бағдарламаларын, оқушының жеке сұранысы мен мүддесіне, қызығушылығы мен бейімділігіне қарай екі жылдық бағдарламада сараланған толық орта білім деңгейлерін қамтамасыз ететін жарыспалы бағдарламалар жасау;

– әдебиетті оқытудың гуманистік, адамгершілік-эстетикалық сарынын күшейту, сабақ үрдісінде жазушы көтерген ізгілікті тағылымды, өнегені ашуды, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді танытуды, сол арқылы оқушының ұлттық рухани санасын қалыптастыруды нысана тұту;

– оқушының көркемдік-ассоциациялық, образдық ойлануына, әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуіне, шығарманың идеялық-эстетикалық мән-мағынасына терең бойлап, тебірене қабылдауына, кейіпкер тағдырына ортақтасуына жағдай жасап, стандартқа сай білім, біліктілікпен қаруландырып, оқырман ретіндегі мәдениетін көрсету;

– оқытудың шығармашылық сипатын көтеру, оқушылардың оқу еңбегіндегі ой дербестігін, оқу-танымдық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ету, сабақ тиімділігін арттыру нәтижелігіне қол жеткізу;

– оқытуды демократияландыру, сабақта мұғалім мен оқушы арасында бірлескен мақсатты қарым-қатынас, субъект-субъект дәрежесіндегі еркін диалог ахуалын туғызу, нақтылы сынып жағдайында әдеби білім нәтижелігін қамтамасыз ете алатын мұғалім ізденісін жетілдіру;

– әдебиет пәнінің басқа да пәндермен, білім салаларымен пәнаралық, пәнішілік байланысын тиімді пайдалану, тіл мәдениеті, шешендік өнер, тіл дамыту бойынша тіл мен әдебиетке ортақ бағдарлама жасау;

– әдебиет оқулықтарының, оқу кітаптарының мазмұны, ғылыми-дидактикалық негіздерін түбегейлі жақсарту, оқулықтарға білім берудің жаңа технологиясын енгізу.[2, б.10]

Бұл бағыттар – жалпы білім беретін қазақ мектебіндегі әдеби-білім тұжырымдамасының негізгі ұстанымдары. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің бұл тұжырымдамасында көрсетілген негізгі бағыттары әлемдік тәжірибеге сай келеді деуге болады.

«Әдебиетті оқыту әдістемесінің таяу болашақтағы дамуы оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру, оқытуды саралау, пәндердің сондай-ақ жеке әдістемелердің интеграциялануы, оқыту деңгейінің қазіргі ғылым, мәдениеттің даму деңгейіне жақын келуі, варианттивті бағдарламалардың, сабақ берудің жаңа технологияларын жасау, әдебиетті оқыту әдістерінің жаңа түрлерін іздестіру болып ж». [2, б.34] Оқушыларды ойлау операцияларына жетелеу, нәтижеге бағытталған іс-әрекеттер жасау тікелей талдаумен байланысты екені дәлелденеді. Осыдан талдаудың әдістемелік жүйесін бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұраным талаптарына сәйкес жетілдіру қажет екені туындайды. Сол себепті, мәселені тиімді шешу, талдаудың ұтымды да оңтайлы жаңа жолдарын табу айқын міндет. Сонда мұғалім шәкірттерін шығарма әлеміне енгізуде, талдауға ізденушілік бағыт, бағдар бере отырып пән мақсатына жетуге мүмкіндік алады. Атап өткен ғалым тұжырымдарына жеке тоқталсақ, Әуелбек Қоңыратбаев бірнеше әдістемелік құралдары мен әдістемелік оқулықтарында прозалық шығармаларды оқып қана қоймай, оқушыларды жас ерекшеліктеріне жіктеп, белгіленген сыныпта оқуға тиісті шығармалардың талдау жолдарын да ашып, айқындаған. Мысалы, 1966 жылы Алматы қаласында жарық көрген «Әдебиетті оқыту методикасы» атты мұғалімдерге арналған көмекші құралында ғалым былай дейді:

«Көркем мәтінді оқу барысында, сөз жоқ, ең алдымен, оқиға желісі, кейіпкерлер тағдыры қызықтырады. Соған байланысты олар қуана, қайғыра біледі. Тіпті, сезімтал балалар сол кейіпкерге ұқсағысы келеді, өзіне ұнаған кітабы мен кейіпкерлерін бүкіл өмір жолында жүрегіне сақтап, оны тұмардай кастерлеу де жиі кезігеді. Міне, осы көркем туындыны өз беттерімен оқу кезеңдерінде ең басты мәселе оқушылар назарынан тыс қалады, яғни шығарма авторы, оның осы туындыны жазған кездегі ойы, мақсаты оқиғалар мен кейіпкерлер іс-әрекетінің көлеңкесінде қалып қояды. Мұғалімнің мақсаты – талдау кезінде шығарма негізінде жатқан проблема, оның басты ойы, тілі сияқты сол көркем туындыны құрып тұрған көркем компоненттер туралы сөз қозғау». Яғни ғалымның сөзін негіз ете отырып, мұғалімнің оқушы мен прозалық шығарманың арасындағы, оқушының оқырмандық қасиетімен қатар, дұрыс қабылдауындағы орнына баға беруге болады. Көркем шығарманы оқу сияқты, оны талдау да әдебиетті оқытудың маңызды, күрделі жұмыстарының бірі. Көркем туындыны талдау, әрине, мұғалім басшылығымен жүргізіледі. Мәтінмен жұмыс кезінде мұғалім, әсіресе, оқиғалармен қабаттаса келіп отыратын суреттеу, портреттеулерге ерекше көңіл бөлуі керек. Сол себептен де осы үйге берілген бөлімді сұрақтар арқылы талқылай отырып, кітаппен жұмыс, яғни практикалық жұмыс арқылы портреттеу, суреттеулерді таптырып, олар қандай тілмен берілген, оның шығармадағы орны, маңызына да тоқталып отыру тиімді болмақ. Әңгіме-хикаяны оқытуды қандай әдіс-тәсілдермен жүзеге асыру керек, ол солардың өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, осы «Пропискада» практикалық жұмыстардың рөлі ерекше. Себебі, суреттеулер, портреттеу, мінездеу, баяндаулар, кейіпкерлердің психологиялық әр түрлі жан дүниесінің сипатталуы өте жиі кездеседі. Тіпті, мазмұнын меңгерту де, яғни мазмұндату да мұғалімге оңайға түспейді.

Жалпы, қай әдеби жанрда жазылған шығармаларды талдамасын, мұғалім сабақ еткелі отырған тақырып ерекшелігі, сынып ерекшелігіне назар аударып, сонан соң барып, пайдаланылатын көрнекілік, т.б. оқу жабдықтарын, әдіс-тәсілдерді, сабақ түрлерін үйлестіре, тиімді дегендерін сұрыптап ала білу керек. «Есек пен бұлбұл» сияқты барлық мысалдар көлемі жағынан тұжырымды, қысқа, айтар ойы жағынан қомақты, салмақты болып келеді, әрі жоғарыда айтқанымыздай, айтылмақ ой жасырын жатады. Оқуға жеңіл, әрі қысқа осындай мысалдар тез оқылады, ал, түп негізіндегі салмақты мәселелерді тез аңғару оңай емес.

Мектеп қабырғасында төменгі сыныптардан бастап әдеби шығармаларды талдау барысында көркем кейіпкер тұлғасына ерекше көңіл бөлінеді. Мұнда оқушылар кейіпкер мінезінің сыр-сипатын, ерекшелігін аңғартатын анықтамалар, мінездемелер арқылы оның әлеуметтік-саяси жай-күйіне, іс-әрекетіне, мінез-құлықтарына назар аударып отырады. Бұл олардың дүниетанымдық көзқарастарының негіздерін қалыптастыруға және оларды адамгершілік игі қасиеттерге тәрбиелеуге көмек етеді. Төменгі буында мұғалім басшылығымен шығарманың кейіпкерлеріне берілетін жеке салыстырмалы мінездемелер де осы мақсатқа негізделеді.

1.2 Жаңартылған мазмұндағы бағдарламаларда прозалық шығармаларды оқытудың мақсат, міндеттері

Қазіргі заман талаптарына сәйкес қазіргі мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны дайындаумен ғана шектеле қоймай, өмірдің өзгерістеріне дайын болатын, белсенді және шығармашыл ойлайтын, интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау тиіс. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті қолдана отырып, оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде пайдаланған дұрыс», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. [2, б.28] Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамту, оны оқушыға жеткізу, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеру, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе. Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ болғандықтан, оларға терең де сапалы білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін құрастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Сөйтіп, ең алдымен, қазақ әдебиетіне арналған орта мектеп бағдарламаларының дидактикалық талаптарына, онымен қоса, әдебиеттанымдық, педагогикалық, психологиялық еңбектерге сүйене отырып, сондай-ақ зерттеу тақырыбының мектеп тәжірибесіндегі оқытылу жайын сараптай келе, төмендегідей тұжырымдар түйіндеуге болады:

1. Әдебиет сабағының қай сыныпта, қай буында болмасын бүгінгі күннің талап деңгейінде өтуі, тиісті дәрежеде тани білуі, туындының әдеби бейнелер жүйесінің шығарма идеясын танытудағы мәнін, айқын түсінуі – бәрі осы мәселелердің оқу бағдарламаларында қалай қамтылуына, олардың қаншалықты дәрежеде және қандай ғылыми-әдістемелік деңгейде оқулықтардан шешімін табуына, мұғалімнің білім дәрежесінің, ұстаздық шеберлігінің шама-шарқына тікелей байланысты.

2. Оқу бағдарламаларын (V-XI сыныптар. Ы.Алтынсарин атындағы ҚБА, 2006) зерттеп-талдау барысында көркем шығарманы талдауға байланысты әлі де болса не мұғалімге нақтылы нұсқау берерлік, не оқушыдан тиісті мағлұмат аларлық мәселелердің жеткілікті дәрежеде шешілмегенін аңғардық:

- оқу бағдарламаларында (V-VI сыныптар. Ы.Алтынсарин атындағы ҚБА, 2003) да (әрине, оған сәйкес оқулықтарда да) әдебиеттанымдық ұғымдарды беруде сыныпаралық жалғастық, сабақтастық, тұтастық жетіспейді;

- көркем мәтінді талдау барысында әдеби-теориялық ұғымдарды түсіндіріп, меңгерту оқытушының ең негізгі жұмыстарының бірінен саналады. Сабақ үрдісінде қандай әдеби-теориялық ұғым болмасын көркем шығарманы талдауға қызмет етуіне байланыстырыла ескерілуі қажет;

- оқулықтарымызда әдеби-теориялық мағлұматтарды көбіне сұрау-тапсырма түрінде беру басым. Бұл, әрине, біржақты. Қай сыныпта болмасын мұны бірде сұрау-тапсырмалар түрінде, бірде тұжырымды ереже ретінде де араластыра берген мақұл; мәтінді талдау барысында әдеби-теориялық ұғымдарды түсіндіріп, меңгерту оқытушының ең негізгі жұмыстарының бірінен саналады.

- кейде оқу бағдарламасының талабы оқулықта ескеріле бермейді. Мәселен, XI сыныпта (Қазақ әдебиеті. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт. – Алматы: Мектеп, 2007) бағдарламада көрсетілген бірқатар әдебиеттанушылық ұғымдар (роман, роман-эпопея, тағысын тағылар) ескерілмеген. Бұл – сұрау-тапсырмалар күйінде берілер деген ойдан туған болуы мүмкін. Дегенмен, қорытындылаушы, жинақтаушы кезең ретінде бірқатар теориялық мәселелерге оқулықтан ереже түрінде орын беру артық болмас еді. Өйткені, бұл орта мектеп оқушыларының қолында жоқ әдебиет теориясы оқу құралының қызметін атқарар еді;

- көркем шығарманы оқып-үйренуге байланысты қосымша әдебиеттер тізімі оқулықта нақтылы көрсетілуі қажет;

- әдебиет оқулықтарында әдеби туындыны талдауға орай кейіпкер табиғатын, оның мінезін ашу, шығарманың көркемдік құрылымын таныту жағы жете ескерілмеген, (әсіресе, жоғары сыныптарда). Мысалы, XI сынып оқулықтарында (қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттардағы) монографиялы түрде талданатын шығармалар өтілетін тұста иллюстрациялар өте аз беріледі немесе тіптен берілмей келеді. Бұл тұрғыда орыс әдебиеті оқулықтарынан әлі де үлгі алу керек. Мұның шәкірттермен тіл дамыту жұмыстарын жүргізуге көп көмегін тигізері даусыз.

Жоғарыда келтірілген ойларымыз алдағы уақытта қазақ әдебиеті пәнінің тұжырымдамасын, оқу бағдарламаларын, оқулықтарын, оқу-әдістемелік құралдарын жетілдіруде ескеруді талап етеді.

3. Сынақтық бақылау жұмыстарын жүргізген бірқатар мектептерде көркем шығарманы талдау мәселесі үстірт, нобаймен жүргізілетіндігі, тіпті кей жағдайда туындыдағы көркем бейнелілікке назар да аударыла бермейтіндігі анықталды. Осы орайда бірқатар ұстаздардың әдеби шығарманы орта мектепте талдауда көркем мәтінге, ондағы тарихи-әлеуметтік жағдайларға мән бермей, атүсті құрғақ мазмұндауға салынатынын атаған жөн.

4. Бекіту сынағы (немесе оқыту эксперименті) қорытындысы бойынша мектеп қабырғасында көркем шығарманы талдаудағы, оның идеялық-тақырыптық мазмұнын ашудағы негізгі тұтқа – кейіпкерлерді қарастыруды, сол арқылы шәкірттердің әдеби туындыға өздігінен талдау жасай аларлық білік, дағдыларын қалыптастыруды арнайы зерттеу қажеттігін, оны қазақ

әдебиеті сабағында оқып-үйрену жолдарын, әдістемесін жасау керектігін аңғардык. Мұнда оқушылар:

- әдеби-теориялық ұғымдарды жақсы білуі шарт;
- меңгерген білімдерін көркем шығарманы талдауда қажетке жарата аларлықтай білік-дағдыларын қалыптастыруы тиіс.

5. Көркем туындыны талдау барысындағы әдеби кейіпкерлерді оқып-үйренуде ұстаз мынадай негізгі ұстанымдарды басшылыққа алғаны абзал:

- шығарманың кейіпкерлер жүйесін тұтастықта – түр мен мазмұн бірлігінде қарастыруы қажет. Өйткені, әдеби шығармалардың рухани-эстетикалық әсерін оның көркемдік құрылымын терең әрі жан-жақты зерттеусіз ашу мүмкін емес;

- кез-келген бейне-кейіпкерді шығарманың барлық кейіпкерлер жүйесімен тығыз байланыста қарастырған жөн; жеке кейіпкердің моральдық бейнесі, мінез-құлқы оның басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасына, олармен бірлескен іс-қимылына немесе оған қарсы жасаған амал-әрекеттеріне байланысты байқалады;

- шығарма талдауда әдеби кейіпкердің тұлғасын қарастыру оның өзі өмір сүрген қоғаммен тығыз байланыста жүргізілгені мақұл; өйткені кейіпкер бейнесінің мазмұны көбінесе оның өз қоғамына деген қарым-қатынасы арқылы айқындалады;

- әдеби туындыны оқып-үйренуде кейіпкер жайлы әңгіме жүргізгенде, (оның портреті, іс-әрекеті, ішкі психологиялық ерекшеліктері), автордың өз ойына, авторлық көзқарасына назар аударған дұрыс;

- көркем шығарманы талдағанда – оның идеялық бағытын ашуға айрықша көңіл бөлінуі қажет, себебі онсыз кейіпкерлер бейнесі шығарма соңына дейін түсініксіз күйде қалады, әрі толық мәнді бола алмайды;

6. Әдеби туындыны талдаудың нәтижелілігі оқытудың түрлері мен әдістемелерін тиімді ұйымдастыруға тікелей байланысты болады. Көркем шығармаларды оқу және талдай білу – оқушылардың әдеби білімін дамытудың негізгі тәсілі. Бұл көркем сөз зергерінің шығармашылық өсу үрдісін де байқатады. Оқу мен талдауды ұйымдастыру кезінде мұғалім сабаққа текғылыми-танымдық тұрғыдан қарамай, оған көркемдік ойлау тұрғысынан да қарауды ұмытпаған жағдайда ғана табысқа қол жеткізеді. Көркем шығарманы талдау екі түрлі болады: бірі – академиялық, яғни көркемдік-әдебиеттанушылық талдау, екіншісі – көркем шығарманы мектептік талдау. Мұның әр қайсысының өзіндік орны бар, атқаратын қызметі де екі түрлі. Біздің мақсатымыз екіншісі – көркем шығарманы мектепте талдаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жүйелеу. Бұл – әдебиетті оқытудағы маңызды мәселелердің бірі. Оқушының қабылдау мүмкіндігін анықтағанда, ол қандай түрлерде жүргізілсе де, мұғалімге талдау бағытын айқындау үшін оның негізгі жолдарын, әдіс-тәсілдерін белгілеп алғаны орынды. Мектептегі шығарма талдаудың негізінде әрқашан әдебиеттанымдық жүйе жататыны сөзсіз. Бірақ оған шәкірттердің жету жолы, ойлау деңгейі мектептік талдауда ғылыми-әдебиеттанымдық талдаудан гөрі көбіне қарапайым, жеңілдеу болып келеді. Мектептік талдауды

ұйымдастыру ежелден қалыптасқан әдістемелік ғылыми негіздер мен мектеп қабырғасындағы әдеби шығармаларды талдаудың көпжылдық тәжірибелеріне сүйенеді. Көркем шығарманы талдаудың әдістемелік жолдарын жүйелі талдаудың өзіндік амалы, әдеби шығармаларды қарастырудың ерекше бір мүмкіндігі деп білу керек. Мектеп тәжірибесінде, әдетте, қазіргі кезеңдегі әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымы ұсынған шығармаға талдау жасаудың үш түрлі әдістемелік жолы пайдаланылып келеді:

- тұтастай (немесе автор ізімен) талдау;
- образдар бойынша талдау (кейіпкер, жан-жануар, табиғат, т.б. бейнелері);
- проблемалық-тақырыптық талдау.

Бұлардың әрқайсысы өзіндік ерекше белгілерімен оқушылардың шығармаға деген ықылас-ынтасына әсер етеді. Осы аталған талдаудың әр жолының жеке-дара қасиеттерінен оны талдау мақсаты анықталады. Мұғалім әрқашанда талдаудың алдын ала белгіленген, бұрыннан мәлім жолын неге таңдағанын ұғынуы керек. Сонымен қатар көптеген зерттеушілер кейде аралас талдау жолдарын да ұмытпауды ұсынады, мұнда бірде шығармадағы оқиғаның сюжеттік желісі, бірде кейіпкерлер бейнесі талданып, енді бірде тақырыптық немесе проблемалық талдау болып араласып келе береді. Мұндай көзқарас талдаудың көне сүрлеуінен шығып, түрлендіре талдауға назар аударуымен, жобалап жалаң талдаудан бас тартқызуымен ұтымды. Бірақ, талдау мақсатына жету үшін әр түрдің өзіндік ерекшеліктерін, оның атқаратын қызметін алдын ала ойластырып, мұқият зерделеп алу қажет. Автор ізімен талдау немесе тұтастай талдау. Мұндай талдаудың негізінде шығарманың сюжеті жатады, ал оның нақты бөлімдері – сахналық көріністер, тараулар, эпизодтарды талдауда ерекше мән берер бірнеше құндылықтары болады. Оқу үрдісінде талдаудың табиғи тәртібі, күрделі шығарма мәтінін қайталап оқудың негізінде автордың өрбітіп келе жатқан ойына ілесуден, әсерленуден туған сыныптың назары, көңіл-күйі шығарманы түр мен мазмұнның бірлігінде қарастыруға байланысты болмақ. Оқушылардың көз алдында әдеби шығарма оқиғасы бөлім-бөлім болып тізбектеліп өтеді. Олар сюжеттің дамуын бақылап, негізгі көріністерді бөліп, қаһармандар іс-әрекетінің сенімділігіне, шығарманың тіл көркемдігіне назар аударады.

Шығарманың кейіпкерлер жүйесін оқып-үйрену. Көркем туындының кейіпкерлер жүйесін талдау – мектептегі шығарма талдаудың ең кең таралған жолы. Ол, жалпы, оқушылардың жас ерекшеліктеріне де байланысты жүргізіліп, әдебиетке адамтану ғылымы деген көзқарастың бекуін қалыптастырады. Әдеби кейіпкерлер бейнесін қарастыру көп жағдайда V-VII сыныптарда талдаудың міндетті түрдегі негізгі шарты болып келеді. Осы кезеңде оқушыларға шығарманың көркем бейнелер жүйесін қарастыруға мол мүмкіндік туады. Шығармадағы кейіпкерлерді образдар жүйесінде, бір-бірімен байланыс, қақтығыс-тартыс, шиеленіс үстінде алып қарастырғанда, олардың бойындағы қасиет-сапалар әртарапты, жан-жақты ашылады.

Проблемалық-тақырыптық талдау – мектептегі талдаудың ең мәнді де мазмұнды жолы. Қазіргі кездегі мектептегі проблемалық-тақырыптық оқытуда проблемалық талдау жолының өзіндік түйінді орны бар. Бұл талдау жолын оқып-үйрену үшін алдымен проблемалық сұрақ пен проблемалық жағдаят түсінігін анықтап алған жөн.

Жалпы орта білім беретін мектептерде көркем шығарма талдау мәселесі ең ауыр да күрделі жұмыс болып есептеледі. Осы күнге дейін қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде бұл тақырыпта зерттеу, ғылыми-әдістемелік еңбектердің аз болуы да сондықтан деп ойлаймыз. Өйткені, мұнда көркем шығарманы талдау арқылы оқытудың танымдық, тәрбиелік әрі дамытушылық мақсаттарын қатар іске асыру көзделеді. Мұғалім бұл аталған әдістемелік-дидактикалық міндеттерді көркем әдебиеттің ең пәрменді құралы – сөз құдіреті арқылы, тілдік материалдарға көңіл бөлу нәтижесінде шешеді. Еңбекте ана тіліміздің сөздік байлығына назар аудару қажеттігі туындайтыны көркем шығарманы талдау үстінде, әсіресе, туындының тілдік-көркемдік ерекшеліктерін қарастыру барысында толық тұжырымдалды.

Шығарма тілін талдау:

- әдеби шығарманың идеялық-көркемдік мәнін талдауды тереңдетеді;
- оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамытуға көмектеседі;

- шығарма тілінің мәнерлілігі туралы ұғымға қоса, жалпыхалықтық тіл, әдеби тіл, халықтық сөйлеу тілі деген секілді әдеби-теориялық ұғымдармен танысып, автор тілі, кейіпкерлер тілі, жазушы стилі сияқты ұғымдарды меңгеруге ықпал етеді.

Орта мектепте шығарма тілін талдауда мұғалімнің есінде мына жайттар болғаны орынды:

- шығарма тілі оның тақырыптық-идеясымен бірлікте қаралуы керек;
- тіл көркемдігін танытуда салыстыру әдісі тиімді екенін есте ұстау қажет;
- теориялық біліммен бірге сабақтың практикалық жағына, тәлім-тәрбиелік мәніне кеңінен назар аударған жөн;
- шығарма тілінің көркемдігін әр жазушы шығармашылығының ерекшелігіне байланысты біреуіне кеңірек тоқталып, біреуіне қысқаша шолу жасалуы керек. Сол арқылы бағдарламада оқытылатын жазушылар шығармашылығын тұтас аяқтаумен бірге, шығарма тілі туралы сабақтасқан толық білім беруге болады;
- мүмкіндігінше сабақты көрнекі өткізуге, оқытудың жаңа технологияларын пайдалануға әрекеттенген мақұл.

Демек, бұдан көркем шығарманы талдауда тілдік материалдар, көркемдік құралдар тәрбие өзегі болатынын аңғарамыз. Тілдік талдауда да басты назарда болатын мәселе – көркем шығармада уағыздалатын негізгі идеялар отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, имандылық, кішіпейілділік, қайырымдылық секілді т.б. тәрбиелік тірек ойлар. Бұл, әсіресе, проблемалық-тақырыптық талдауда толық көрініс табады. Мұның мұғалім педагогикалық шеберлігі арқылы іске асатыны еңбекте саралап көрсетілді. Шындығында

мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі заманда білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Оқушының қажеттілігін қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Білім беру үрдісінде мұғалімнің оқушыны дұрыс бағалауға көңіл бөлгені дұрыс. Баға–оқушының білімін көрсететін нәтиже. Мұғалім жаңа форматта құрылған сабақ тақырыбына байланысты критерийлер бойынша немесе бағалаудың әр түрлі тәсілдерін қолдануға болады. Қазіргі заман ағымына сай болашақ ұрпаққа саналы тәрбие, терең білім беру еліміздің басты мәселесі. Яғни, сабағының жемісті болуы үшін үнемі ізденіс үстінде болып, жаңа бағдарламаны меңгере отырып қолдану әр ұстаздың парызы деп есептеймін. Осы әдістемелік құралдың ішінен мұғалімдер рефлексия мен кері байланыстың айырмашылығын, кері байланыс жасау кезінде және сабақ барысында қолданатын әдіс-тәсілдерді, қысқа мерзім жоспар үлгілерін, ата-анамен жұмыс түрлерін өз тәжірибелеріне пайдалана алады және түрлендіріп, өзгертулеріне болады.

Жоғарыда айтылған жайттардан шығатын қорытынды – біздің ой-тұжырымдарымыз әдеби білім беруді, жалпы оқыту үрдісін гуманизациялауды, оны жалпы білім беретін орта мектептің барлық сыныптарының оқу бағдарламаларында ескеруді аса қажет санайды. Өйткені, көркем әдебиет – гуманистік идеяларды, имандылық рухын жеткізуші әрі насихаттаушы ең пәрменді құрал.

1.3 Мектептегі көркем шығармаларды талдаудың ұстанымдары

Оқу үрдісінде талдаудың табиғи тәртібі, күрделі шығарма мәтінін қайталап оқудың негізінде автордың өрбітіп келе жатқан ойына ілесуден, әсерленуден туған сыныптың назары, көңіл-күйі шығарманы түр мен мазмұнның бірлігінде қарастыруға байланысты.

Оқушылардың көз алдында әдеби шығарма оқиғасы бөлім-бөлім болып өтеді. Олар сюжеттің дамуын бақылап, негізгі кейіпкерлерді бөліп, қаһармандар іс-әректінің психологиялық сенімділігін көріп, шығарманың көркемдік тіліне де назар аударады. Бұлар, әрине, шәкірттің ой-өрісінің дамуы үшін пайдалы екені даусыз. Алайда оқушылар мұнда шығарманың

жеке бөлімдерімен бірте-бірте танысады, сөйтіп талдау жұмысы автор ізімен жүргізіліп отырылады. Талдаудың бұл жолы кейде схематизммен шектеліп, жүйелілікке нұқсан келуі де мүмкін. Өйткені талдау жұмысы бөлімшелермен шектелген кезде шығарманың барша құрылымы мен кейбір тараулар терең байланыспай, тұтастық, сабақтастық болмай, сақталмай қалу қаупі туады. Түрлі шығармадағы бөлімшелер мен тарау, тараушаларды салыстыра отырып шығарманы игергенде оның даму динамикасы тұтастай түсініксіз, талдау жұмысы толыққанды болмай қалуы мүмкін. Сондықтан оқушының ой-санасында көркем мәтін бұлдыр болып, талдау жұмысы тек түсіндірме оқуға айналып кетеді. Осындай жағдайларды ескере отырып, автордың ізімен талдаудың ең тиімді жақтарын алдын ала анықтап, белгілеп барып оны пайдаланған дұрыс.

Көркем шығарманы талдау барысында іс-әрекет мінезге, оқиғадан ойға қарай назар аудару, осылайша мектептегі талдау жұмысын қарастыру ғалым-әдіскер, профессор М.А.Рыбникова айтқандай: «Автордың ізімен» деп аталады. Автор ізімен немесе тұтастай талдау – бүгінгі әдістеме ғылымында жиі қолданылып келе жатқан өнімді әдістемелік амалдардың бірі. Мұнда талдау шығарманың сюжеттік желісіне орай құралады, тарау-тарау бойынша шығармадағы оқиғалардың өрбуі негізінде жүргізіледі. Мұның тиімді жағы неде? Тиімді жағы – шығармадағы кейіпкерлерді оқиға дамуы үстінде тереңдей танытады, оның бүкіл іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы, жан сезімі, өмірге көзқарасы бірте-бірте анықталып отырады. Шығарманың оқиға желісімен жеке тарау, жеке оқиғаларды қуалап талдағанда оның бүтіндігін қамту, тұтастығын сақтау, тәлім-тәрбиелік ойды жинақтау қиынға соғуы мүмкін. Алайда тәжірибелі мұғалім мұндай кемшілікті болдырмауды алдын ала ойластыратыны белгілі.

Шығарманың кейіпкерлер жүйесін оқып-үйрену арқылы тартысты талдау. Көркем шығарманың кейіпкерлер жүйесін талдау – мектептегі шығарма талдаудың ең кең тараған жолы. Ол жалпы оқушылардың жас ерекшеліктеріне де байланысты жүргізіліп, әдебиетке адамтану ғылымы деген көзқарастың бекуін қалыптастырады. Әдеби кейіпкерлер бейнесін қарастыру көп жағдайда 5-7-сыныптарда талдаудың міндетті түрдегі негізгі шарты болып келеді, осы кезеңде оқушыларға шығарманың көркем бейнелер жүйесін қарастыруға мол мүмкіндік болады.

7-8-сыныптардағы оқушылардың әдебиетті қабылдауы өздерінің тұлға ретінде қалыптасуына, өзін-өзі тануына жол ашады. Осы жастағы психологиялық өсу адамгершілік, рухани ізгіліктерді тануды қалыптастырады. Күнделікті өмірде кездесетін адамгершілік, ар-ұят мәселелері, адамның тұлғалық қасиеттері және олардың туу себептері оқушылар түсінігінде алдыңғы қатарға шығады. Кейде тәжірибеде көркем шығарма құрылымын оқып-үйренуді де мектепте шығарма талдаудың айрықша жолы деп қарастырады. Көркем шығарма құрылымын оқып-үйренуді мектепте талдаудың айрықша жолы деп санауға болмайды. Көркем шығарманың құрылымы туралы ұғым өте кең. Ол өзінің өн бойына сюжет, оқиға желісінен тыс мәселелер (авторлық шегіністер, суреттеулер т.б.) мен

әдеби шығарманың көркем бейнелер жүйесін құрауы мүмкін. Қалай болғанда да көркем шығарманың құрылымын талдау термині әдеби шығарманы зерттеудің жүйелігінен гөрі жеке-дара құрылымдық материалдарға сүйенуді талап етеді. Мектепте тіл-әдебиетті оқытуда ұстаздар алдында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, ұлттың рухани санасын қалыптастыру, олардың әдебиетке деген құштарлығын ояту, әсемдікке баулу, шығармашылық қабілетін арттыру, ғылыми ізденістерге жетелеу, ақыл-ойын, сөздік қорын, тілін дамыту міндеті қойылған. Әрине, мұны еліміздің егеменді мемлекет болуымен байланысты халқымыздың тілін, мәдени-рухани қазыналарын жете меңгерген білімді, іскер ұрпақ тәрбиелеу қажеттіліктерінен де туындап отырған уақыт талабы деп түсінген жөн. Шәкірттің жеке тұлға ретінде дамуына ұстаздың өткізген әрбір сабағы шешуші рөл атқарады. Оқушы білімінің сапалы болуы ұстазының дәріс беру шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді пайдалана білуіне, яғни кәсіби құзіреттілігіне тікелей байланысты. Оқушы үшін мектепте оқытылатын әрбір пәннің орны ерекше. Ал оқушының пәнге қызығушылығын арттыру үшін әр сабақты дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық шеберлікті үнемі ізденістермен жаңартып отыру әр ұстаздың міндеті болу керек. Ал оқыту мен ақыл-ойды дамыту-біртұтас педагогикалық үдеріс. Оқу-тәрбие жұмысы баланың іс-әрекетін, қабілетін қалыптастырады. Алайда адам тумысында 100% қабілетті болмайды, жүре келе тәжірибе жинақтаудың, еңбектенудің, ойланудың нәтижесінде қабілеттілікке ие болады. Ғалымдардың зерттеуінше: 3%-талантты, 15 %-қабілетті, 15%-қабілеті төмен, 67%-қарапайым болып келеді екен. Сыныптағы бір оқушының өз қатарынан зерек, ұғымтал, үздік атануы, кей баланың оқу материалын баяу, самарқау қабылдауы қабілеттің даму, жетілу сапасының түрліше болуына да байланысты. Әдебиет пәнін меңгертуде ақыл мен ес, байқағыштық және дамыған эстетикалық сергек сезімталдық, мәнерлеп оқу, жатық сөйлеу, ойын тартымды жеткізе білу тәрізді қабілет белгілері мен біліктіліктері жатады. Мәселен музыканы қалаған балада есту қабілетінің, сурет салуға құмар оқушыда көру қабілетінің басым болатындығы мәлім. Сондықтан оқушы бойында иненің жасуындай болса да оқуға ынтасы мен бейімділігі байқала қалған күнде оны дұрыс арнаға салу қажет. Тіл-әдебиет сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттыруда-деңгейлеп-саралап оқыту, проблемалық сұрақтар арқылы дамыта оқыту, оқытуды өмірмен ұштастыру, әр оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау басты әдістердің бірі. Сондықтан да әр сабақтың басты міндеті-білім алушының танымдық құзырлылығын дамыту.

Проблемалық - тақырыптық талдау – мектептегі талдаудың ең мәнді де мазмұнды жолы. Қазіргі кезде мектепте проблемалық – тақырыптық оқытуда проблемалық талдау жолының өзіндік түйінді орны бар. Бұл талдау жолын оқып-үйрену үшін алдымен проблемалық сұрақ пен проблемалық жағдай түсінігін анықтап алу қажет. Проблемалық оқып-үйрену арқылы бір-бірімен өзара байланысты құрылымды және проблемалық күрделі жағдайларды зерделеуде оқушы мұғалімнің көмегімен әрі оның жетегімен пәннің, оқу

материалының мазмұнын меңгереді, онымен өзінің үйрену әдісі мен білім сапасын арттырып, ғылым мен өмірге шығармашылық көзқарас қажет екендігін байқап біледі. Проблемалық жағдай тудыруда алдымен сабақ тақырыбына орай проблемалық жағдай жасайтындай ең көкейтесті мәселені табу керек. Проблемалық сұрақ оқушыны қызықтыратын қиын есептей болып, оның пайдалануына өте қажет әрі көркем шығарма мазмұнына сәйкес, оның идеялық бағытынан туындап жатуы тиіс. Проблемалық әдеби талдау сұрақтары оқушылардың өмірлік жалпы дамуымен, қоғаммен, қоршаған ортамен тығыз байланысты болғаны жөн. Проблемалық сұрақ дөп қойылғанда оқушы өзін қызықтыратын шындық мәселеге қосылып әрі балаларға ойлануға әсер ететін жағдай туындап, тақырыпты терең игеруге тырысады. Кейде проблемалық сұрақ балама түрлердегі ұқсас жайттарды салыстыра қарастыруды да талап етеді. Бұл – қарама-қайшылықты мәселелерді салыстыруды талап ететін табиғи әдіс. Сондықтан проблемалық сұрақ проблемалық жағдайға айналуы үшін оны шешудің түрлі қырларын табу қажет, оларды әр түрлі жауаптармен салыстыра қарастыру керек.[3, б.23]

Проблемалық мәселе жай мәселеден қалай ерекшеленеді? Ол күрделі, кейде қайшылықты мағынадағы мәселелерден тұруы мүмкін, алайда оқушылар оны шешуге әрекет жасай алады. Әдебиетті талдау проблемалары оқушылардың өмірден, жалпы қоғамдық дамудан туындайтын мәселелермен тығыз байланыста болады.

Ғылыми пікірталас оқушылар санасында автоматты түрде барлық мәселеде проблемалық жағдай тудыра алмайды. Айталық, мұғалім оқушыларды әдеби шығарманың ерекшелігімен санаспай қарастырғанда да проблемадан сырт кетеді. Проблемалы сұрақтың сапалық белгісінің бірі – оның кең ауқымдылығы, бірен-саран ғана оқиғаны қамтымай, шығарманы тұтастай қарастыруында. Ол әдетте әдеби мәтіндегі жеке элементтерді шығарманың жалпы идеялық түпкі ойымен байланыстырады.

Әдеби шығармадағы құрылымдық элементтердің бәрі де бір-бірімен жымдасып тығыз әрі тұтас байланыста болады. Сондықтан талдауда көп қойылатын сұрақтар әдеби мәтін бойынша жинақтауыш сипатына ие болады. Проблемалық сұрақтардың нақты мақсаты да осында жатады.

Осылайша проблемалық оқыту мұғалімнен асқан шеберлікті, аса қажетті мәселелерді және оларға проблемалық сұрақтарды нақты әрі дәл қоюды және оны сенімді түрде шеше алуды талап етеді. Оқушылардың проблемалық жағдайы сөзсіз мұғалімнің де проблемалық жағдайына ұласып, әдеби шығарманың ерекшелігіне және шәкірттердің қабылдау қабілетіне назар аударуды қажет етеді. Туындаған проблемалық жағдайды үнемі айтыс, пікірталас арқылы шешу тиімді емес. Ол жағдайды мұғалім өз сабағында, оқушыларды қызықтырған проблемалық сұрақтар төңірегінде өз ойлары арқылы шешіп береді. Оқытушы жиі жетекші әңгімеші рөлінде емес, оқушылардың өзіндік ізденістерін ұйымдастырушы ретінде әрекет етуі қажет. Әдебиеттен жүргізілетін талдау сабақтарында шығарма табиғатынан проблемалық жағдайдың өзіндік алуан түрлері туындайды.

1. Көркем шығарманың күрделі ойлылығынан оқырман мәтінді алуан түрлі түсініктерге орай талдап көреді және ол алуан түрлі түсініктер арасындағы проблемалық сұрақтар шешімі әрдайым нақтылы бола бермеуі мүмкін.

2. Әдебиет сабағында проблемалық жағдайлар айқыш-ұйқыш ойлар бойынша жиі шешіле бермейді, керісінше бір көзқарасты екіншісі толықтыру барысында ғана шешіледі.

3. Көркем әдебиетті оқып-үйренгенде оқушының көңіл-күйі де белгілі бір дәрежеде рөл атқарады, зияткерлікпен бірге шәкірт әдеби шығармамен бірге толқуы, бірге қайғыруы мүмкін болады.[4, б.8]

Проблемалық жағдайды «қатып қалған күйде» шешу тиімді бола бермейді, керісінше, оқушы түсінігін жұтаңдатып, өнерден алыстатады. Проблемалық жағдайлар ойды, қиялды, әдеби түсінікті оятуға, оқушылардың ойын шарықтатуға, дамытуға жағдай жасайды.

Әдебиетті оқыту – көркем шығарманы оқудан басталады. Балаға көркем туындыны оқытпай, әдебиеттен білім беру мүмкін емес.

1. V – VI сыныптарда әдеби шығармаларды оқу көбіне сыныпта жүргізіледі. Яғни, түсіндірмелі оқу арқылы шығарманың алғашқы бөлімдері оқылады. Өтілетін материалдардың өзіндік ерекшелігіне орай ұстаз мектеп бағдарламасында көрсетілген әр тақырыпты өтудегі міндеттерді негізге ала отырып, оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды басшылыққа алады. Көркем шығарманы жай ғана оқып шықпай, оқумен қатар талдау жұмыстары бірлікте атқарылады және әрі қарай үйде жалғастырады. Әдебиет рухани әсемдік пен тазалықтың көзі. Оқыту әдістерін қиыннан қиыстырып, түрлендіріп, жаңартып отырмай, қара дүрсін, уақыттың өтуін қалап, сезімсіз жеткізсе пәннің қадірі кетеді.[5, б.7] Осы ретте көркем шығарманың қыр-сырын танытып білдіру үшін әр сыныпта жоғарыда аталған талдау түрлерінде қалыптасқан жұмыстары арқылы оқушыларға шығарманы талдаудың жүйелі жүйесін меңгертуді басшылыққа алады. Олар:

1. Мазмұндық – тақырыптық талдау, шығарманы тұтастай ала отырып, бөлім-бөлім бойынша мазмұнын ашып, тақырыбын танытып жоспар жасату.

2. Сюжеттік-композициялық сатылай талдау.

3. Кейіпкерлік – бейнелік талдау. Шығармадағы кейіпкерлер тізбегін шеше отырып, оның өзара сабақтастығын, шығарма тақырыбы мен оқиға желісіне қатысын айқындауға ықпалын ажырату, салыстыру.

4. Саяси - әлеуметтік талдау. Шығарманың әлеуметтік мәнін, білімдігін танудың тәрбиелік рөлін, қоғамдық ортаға ықпалын, қоғамдық пікірқалыптастырудағы мәнін ұғындыру, ұғу. Бүгінгі мектеп оқушысының ой-қиялы ғылыми-техникалық прогреспен бірге күн санап өсу үстінде. Жеткіншектерге тек мектеп қана білім мен тәрбие беріп қоймайды. Олардың ой-қиялының өсуіне, эстетикалық талғамының, өмірге көзқарасының қалыптасуына кітаптың, кино мен театрдың, радионың және телевизия хабарларының, газет-журналдардың т.б. ықпалы да орасан күшті. Демек, білім беруді солармен үйлестіре жүргізудің бірыңғай жүйесін құру бүгінгі күн тәртібіндегі аса маңызды міндет.

Соңғы жылдары әдіскер-ғалымдар мен озат мұғалімдер оқыту әдісін жетілдіру, бала психологиясын жетік білу, олардың ой-қиялын бақылап, басшылық жасау, сөйтіп оқушылардың білімді өз бетінше меңгеруін қамтамасыз ету мәселелерін жан-жақты сөз етіп жүр. Оқыту әдісін жетілдіре түсуде педагогика ғылымы саласында соңғы кездерде келелі әңгіме болып жүрген – дамыта оқыту, проблемалық оқыту әдісі, оқу үрдісін оптимизациялау дегендеріміздің бәрі, сайып келгенде, мұғалімнің сабақ үрдісінде оқыту әдісін түрлендіре жүргізіп, оқушыларды кітаппен жұмыс істей білуге дағдыландыру және ойлай білуге үйрету, оқу еңбегіне ынталандыру мәселесін шешу ісімен, оқытушы және оқушы еңбегін ғылыми негізде құру мәселелерімен ұштасып жатыр. Баланы оқу еңбегіне үйрету үшін үнемі жаттықтыру арқылы олардың бойында білімді меңгеру дағдыларын қалыптастырып, үздіксіз ой еңбегімен шұғылдануға баулу керек. Ол алдымен бала бойына дүниені танып білуге қызығушылық қасиетті дарытудан, кітапты құмарта оқуға ынталандырудан туындайды. Ал білімге қызығушылық қасиет баланың басқаға еліктеуінен, оқу еңбегіне шығармашылық шабытпен іздене, ұдайы және жүйелі түрде кірісе білуі арқылы дамып, өрістейді. Бала бойына осы қасиеттерді дарытып, қалыптастырғанда және бұларды оның күнделікті еңбек дағдысына айналдырғанда ғана, оқушылар үнемі ынталана еңбек етіп, өз білімін кітап арқылы тереңдете түсуге ұмтылатын болады.

Оқу еңбегінің нәтижелі болуы баланың ойлау қабілетін жетілдіру ісімен де тығыз байланысты. Әдіскер-ғалым В.Р.Щербина өзінің «Орта мектепте әдеби білім берудің проблемалары» атты еңбегінде академик С.Л.Соболевтің: «Оқу дегеніміз – оқушыны ойлай білуге үйрету» деген пікірін құптай келе, «Әдебиетті оқыту дегеніміз – оқушыны ойлай және сезіне білуге баулу» деген қорытынды жасайды.[6, б.85] Р.Ф.Брандесов, Л.С.Выготский сияқты психолог-ғалымдар да әдебиеттің оқушы сезіміне әсер ететін, қуаныш-сүйенішке бөлейтін немесе реніш-күйінішке түсіретін биологиялық және психологиялық қасиеттерін аша отырып, оқушының ой-қиялына әсер етуде мұғалімдердің осы ерекшеліктерді еркін пайдалануы арқылы олардың әдеби білімін молықтыруын талап етеді. Бұл проблеманы шешуде басқа пәндерге қарағанда әдебиет пәнінен сабақ беруші мұғалімдердің мүмкіншілігі молырақ. Себебі, әдебиет пәнінің өзі де дүниені әсемдікпен танып білуге, сезіне білуге баулиды.

Бүгінгі ғылыми-техникалық прогресс дәуірінде оқушы қиялына қозғау салып, қанат бітіру, ой-өрісін дамыту – білім берудің алғашарты. Өйткені қиялы қарыштамаған адамның білімді еркін меңгеруі мүмкін емес. Ал жастардың жан-жақты жетілген, білімді, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеп шығу ұстаздың ұлағаттылығына, білім өрісіне, олардың өз мамандығына деген сүйіспеншілігіне және жас жеткіншектердің психологиялық ой-сезіміне терең үніліп, оның жүрегіне жол таба білуіне байланысты. Яғни, оқушы мен оқытушының рухани өсуі – бір-бірімен тығыз байланысты үрдіс. Шәкірттер өз ұстаздарының жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, дүниеге көзқарасына еліктемей тұра алмайды. Осы ретте орыстың ұлы педагогы

К.Д.Ушинскийдің: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай устав та, программа да, ешқандай орынның жасанды әрекеті де оның орнын баса алмайды» деген ұлағатты сөзі ойға оралады. Оқушы жастардың жүрегін тебіренітіп, ой-сезіміне әсер ету үшін оқушылардың әдеби білімді меңгеру дәрежесін сабақ үрдісінде айқын анықтайтын, олардың психологиялық сана-сезімінің өсу, даму дәрежесін бақылай біліп, бала психологиясында әсерленушілік сезім тебіренісін туғыза алатын психолог болуы керек.[7, б.6] Оқушыларды оқу еңбегіне дағдыландыру ісі оның мектепке алғаш келген күнінен бастап үздіксіз жаттықтыру арқылы іске асырылатын күрделі үрдіс. Оқу еңбегі оқушының білімін молайтып, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға, сөйтіп, оған тиянақты және терең білім беруге мүмкіндік туғызады.

Прозалық шығарманы меңгерту, кейінгі оқыту үрдісінде талдау үшін оқушының ынта ықыласын туғызу, оқу еңбегін оның әдеттегі дағдысына, рухани қажеттілігіне айналдыру керек. Мұғалімдердің көпшілігі, егер оқушы өтілген тақырыпты ынта қоя тыңдаса, сабақ жақсы өтті деп есептейді. Ал оқушы сабақ үстінде ой еңбегімен қалай шұғылданды, мұғалім оларды белсенді ой еңбегіне жұмылдыру үшін қандай әдіс қолданды, оқушыларды өз бетінше ізденуге, ынталана жұмыс істеуге қалай үйретті деген мәселелерге онша көңіл бөле бермейді. Баланың бойында білімге деген құштарлық қасиетті тәрбиелеп жетілдіру үшін оның танымдық белсенділігін арттыру қажет. Ал танымдық белсенділік кітап оқуға ынталандыру ісімен тығыз байланысты. Ол үшін баланы еңбек етуге, еңбекті қадірлей білуге, оқу еңбегін сүйеге тәрбиелеу керек. Бұл – бүкіл сынып оқушыларын сабақ үрдісінде білімді меңгеру жолында саналы түрде бірлесе жұмылып, шығармашылық ой еңбегімен шұғылдануға ынталандыру, сөйтіп олардың білімге құмарту сезімін ояту деген сөз. Ол оқыту әдісін үнемі жетілдіру арқылы дамытылады. Мұғалім әр сабақта оқушылардың жеке тақырыпқа деген ынтасын оята отырып, белгілі білім жиынтығын беріпқана қоймай, сонымен бірге олардың білімді меңгере білу дағдыларын да жетілдіреді. Бір нәрсені орындауға дағдылануынан келіп адамның бойында іске (білімді меңгеруге) деген шеберлік пайда болады. Яғни, оқу үрдісінде дағды шеберлікті туғызады. Шеберлік пен дағды оқу үрдісінде мұғалім мен оқушының бірлесе жүргізген іс-әрекеті мен қарым-қатынасының сипатына байланысты қалыптасады. Қандай да болмасын іскерлік дағдыны оқушы қызмет пен әрекет үстінде, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау барысында игереді. Дағды мен шеберлік еліктеуден басталып, өз бетімен атқаратын іс-әрекетке ұласады. Білімді меңгеруге қажетті дағдыларды қалыптастырып, оны оқушының ішкі рухани қажеттілігіне айналдырғанда ғана оқу еңбегі нәтижелі, жемісті болмақ. Ол үшін мұғалім үнемі баланы өз бетімен кітап оқуға, сөздікпен, анықтағыш әдебиеттермен жұмыс істей білуге дағдыландырады.

Шеберлік пен дағды оқушының білімді меңгеру жолында уақытты үнемдеп, нәтижелі еңбек ете білуіне, жұмысты шапшаң және қатесіз орындатуға бағытталады. Сөйтіп, ынта-ықыласы шеберлік пен дағды оқу

үрдісіндегі білімді меңгертудің құралы болып саналады. Мұғалім нашар оқитын оқушылардың бойында да өз күшіне, қабілетіне деген сенімін туғызып, өз мүмкіндіктерін еркін пайдалануға үйретеді. Оқушылардың бәрін де өз еркімен тәрбиелеуге жұмылдырады, қиын мәселелерді шешу жолында батыл, мақсат қоя қимылдап әрекет етуге дағдыландыру. Бұл оқушылардың шығармашылықпен еңбек ету қабілетін жетілдіріп, тәрбиелеу деген сөз. Оқушының шығармашылық ізденіспен қызмет етуі оның оқу еңбегіне деген ынта-ықыласына байланысты. Ал оқушылардың оқуға деген тұрақты танымы дегеніміз – олардың білімге қызығушылығы, алған білімді шығармашылықпен күнделікті іс-әрекетте қолдана білуі және оны тереңдете түсудің қажеттілігін үнемі сезінуі. Егер оқушы бойында осындай сезіну пайда болса, ол өзінің жеке басының қабілетін дамыта түсу үстінде үнемі ықыластана жұмыс істеуге дағдылану. Яғни, оқушы бойында білімді меңгертуге деген тұрақты ынтығушылық пайда болып, ол қалыптасқан әдетке айналады.

Оқушының бойында оқуға деген құмарлық туғызу және білімінің қажеттілігін сезіндіру үшін мұғалім өзінің алдына белгілі мақсат қояды және оқушының ой-қиялына ықпал етудің жолдарын іздестіруге мәжбүр болады. Мұғалім өз тарапынан оқушының қиял-сезімін оятудың, оған үнемі бағыт бере отырып, оқу еңбегіне белсене қатыстырудың әдіс-тәсілдерін жинақтап қалыптастырады. Тек оқушының ой-қиялына үнемі қозғау салып, оны оқу еңбегіне белсенді түрде жұмылдыра білген шебер психолог-педагог қана тиынақты және терең білім бере алады. Оқушының білімге деген ынта-ықыласын, зейінін жетілдіріп тәрбиелеу үшін әр оқушының психологиялық ерекшелігін, білімді қабылдау мүмкіндігі мен қабілетін анықтау қажет. Ол үшін:

- 1) оқушының оқығанынан ұққанын ауызша айтқызу арқылы;
- 2) ұққанын қысқаша мазмұндатып жаздыру арқылы;
- 3) сұрақтар беріп, соған жазбаша немесе ауызша жауап алу арқылы;

4) әр оқушының қабілеті мен мүмкіндігін үнемі бақылау жасау арқылы немесе екі сыныпқа да бір түрлі тапсырма беріп, эксперимент жүргізу арқылы анықтайды. [8, б.54] Т.Жұрынқызы оқушының білімді қабылдау мүмкіндігін осылайша анықтағаннан кейін, білімді сылбыр қабылдайтын оқушыларды тәрбиелеп жетілдіру мәселесін ойластырады. Оқушының білімді қабылдау қабілетін жетілдіру үшін ол мынадай әдіс-тәсілдер қолданады: Сабақта алғыр оқушының жанына білімді қабылдау қабілеті нашар оқушыны отырғызып, бір-біріне өзара көмектесіп, ықпал жасауын қарастырады, білімді сылбыр қабылдайтын оқушының шама-шарқына қарай мөлшерлеп, жеке тапсырмалар беріп, оның қабілетін жетілдіру ісіне көңіл бөледі, қабылдау қабілеті нашар оқушыны үнемі сабақ үрдісінде белсене қатыстырып, азғантай болса да олардың табыстарын мадақтап, көтермелеп отырады, кейде тіпті көтеріңкі баға қоюға дейін барады, әр оқушының ата-анасымен жекелеме жұмыс жүргізіп, оқушылардың психологиялық ой-өрісінің қабылдау мүмкіндіктері туралы әңгімелесіп, оларды жетілдірудің әдіс-тәсілдері жайында ақыл-кеңес беріп отырады. Мұғалім ата-аналармен,

тәрбиешілермен бірлесе жұмыс жүргізіп, кемшіліктерін бірлесіп түзеуге күш жұмсайды.[10, б.113]

Прозалық шығармаларды оқыту, оның сюжеттік желісі мен тартысын талдау арқылы сыни көзқарас қалыптастырудағы басты мәселе – технологияландыру. Сыни көзқарас ұғымы кең таралғанымен, педагогикалық тәжірибеде қолдануы әлдеқайда төмен. Білімді қабылдау, оған құмарту байқағыштық қасиетпен тығыз байланысты. Білімге құмар адам әдетте байқағыш келеді. Оған керісінше, байқағыштық қасиеті жетілмеген адам не нәрсені болмасын аңғармайтын, салғырт, жауапсыз қабылдайтын болады. Ал салғырт, жауапсыз қабылданған білім есте сақталмайды және қате қабылдануы да мүмкін. Сабақ үстінде үнемі оқушылардың байқағыштық қасиетін тәрбиелеп жетілдіруге баса көңіл бөледі. Баланың сыныпта ауызша сөйлеген сөзінде немесе жазу жұмысында жіберген қатесін өзі түзетпей, оны сыныптас жолдастарыны түзеттіріп, толықтыруға зер салады. Сол арқылы мұғалім, біріншіден, бүкіл сынып оқушыларының ынта-ықыласын, зейінін сабаққа аудартса, екіншіден, әр оқушының білімді меңгеру үрдісі кезіндегі жауапкершілік сезімін күшейтеді, үшіншіден, оқушылардың аңғарымпаздық, байқағыштық қасиетін жетілдіріп, тәрбиелейді.

Мұғалім оқушылардың алдына әрдайым проблемалық мәселелер қойып, олардың ой-толғанысын туғызуға зер салады. Оқушылардың ойлау қабілетін тәрбиелеп жетілдіре түсу үшін, олардың өз ойларын түйіндей білуіне, білімді іздену арқылы меңгеруіне баса көңіл аударады. Ол үшін мұғалім сұрау-тапсырмаларды түрлендіре жүргізіп, оқушылардың ой-қиялына бағыт беретіндей, проблемалық ой ситуациясын туғызуға жетекші боларлықтай сұрақтар қояды. Сөйтіп, оқулықтағы дайын қорытындыны хабарлай салмай, шығарманың ішкі мазмұнына ой жүгірте оқып-талдай отырып, оқушылардың өз беттерінше пікір топшалауын талап етеді. Мысалы, IX сыныпта Абай шығармашылығын өтумен байланысты, – «Болыс болдым мінекей» деген өлеңінде Абай болыстың психологиялық мінез-құлқын суреттей отырып, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің сырын қалай ашып береді немесе Ақан сері шығармашылығын өтумен байланысты – «Құлагер» әні қалай туды? «Онда әлеуметтік теңсіздік қалай ашылған?» деген сияқты сұрау-тапсырма беру арқылы оқушылардың өздерінше ой-пікір топшалауын күтеді. Мұғалім сұрақты ой ситуациясын шешуге жетектеуші бағытта құра отырып, өткендегі білім қорын еске түсіре келе, оқушыларды қосымша жаңа білім көлеміне керекті жауапты оқулықтан немесе қосымша әдебиеттен іздеуге мәжбүр етеді. Бұл оқушы ойын еріксіз ізденіске салу деген сөз.

Сабақ үстінде оқушының алдына тақырыпты саналы түрде меңгертуге ерекше көңіл бөлінеді. Олардың өтіліп отырған материалдың ішкі мазмұнын терең талдап түсінбей, құр жаттаудан аулақ болуына зер салады. Шығарма кейіпкерлерінің тағдырына үңіле қарап, олардың іс-әрекеті мен мінез-құлықтарын бағалай білуге, өзінше топшалап пікір айтуға баулиды. Оқушыларға проблемалы сұрақтар беру арқылы ой ситуациясын туғызу, олардың ой-қиялын дамытудың бастамасы ғана. Ойды желілеп, жүйелі бір ізге салу – ой-қиялды жетілдірудің екінші кезеңі. Осы үрдісті еркін меңгере

білген оқушы ойын дұрыс құрап айтып немесе жазып бере алатын болады. Т.Жұрынқызы сабақ үстінде оқушылардың ойын дұрыс жүйелеп, жоспарлап айтып немесе жазып беруге дағдыландыруға көп көңіл бөледі. Осы ретте әңгіме жанрын оқытуда төмендегі мақсаттарды алға қояды. Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру; Оқырмандық тұрақты ынта-ықыласын, биік талғамды қалыптастыру; Оқушыны әңгіме жанрын және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және білікпен қаруландыру; Оқушының логикалық ойын, ауыз екі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру. [12, б.22] Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін әңгімені оқытуда белгілі бір міндеттер жүзеге асуы тиіс. Олар:

- әңгіме мәтінін оқытып, мазмұндап меңгерту;
- әңгімені табиғатына сай оқуға үйретіп, оның идеялық- эстетикалық мән-мағынасына терең бойлап, тебірене қабылдауына әсер ету;
- әңгімені оқуға деген қызығушылығын, ынтазарлығын оятып, жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру;
- әңгіме жанрының ерекшеліктерін түсініп тануға, ой көзімен зерделеуге болатын білім, білік, икем - дағдыларды қалыптастыру;
- әңгіме жанрын оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, оқушылар шығармашылығына жүйелі педагогикалық ықпал жасау;
- оқу еңбегіндегі ой дербестігін, оқу әрекетін, образды ойлау, қайта елестете алу қабілеттерін дамытуға ықпал ету;
- ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта да, жаза да білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой - пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге, ұтымды сөйлеуге баулу екен.[13, б.24]

Әңгіме - оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры. Әңгіменің жанрлық ерекшелігі оқиғаны баяндау тәсілі, композициясы, сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі арқылы айқындалады. Әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны аз, сюжет ұйытқысын құрайтын оқиғаның басталуы, шырықтау шегі мен шешімі болады. Онда адам, оның өмірі мен тағдыры, аса маңызды деген оқиға жинақы беріледі. Әңгіме жанры туралы толық түсінік берілген соң, оның авторы туралы мәлімет беріледі. Әңгіме жанрын оқытқанда оқушылардың қабылдау, сезіну қабілеттерін дамытумен бірге оларға әңгімені ғылыми негізде талдай білу үйретіледі. Бұның өзі жазушының эстетикалық және тарихи көзқарасымен, ерекшеліктерімен тығыз байланысты болып келеді. Шығарманың идеялық мазмұнын ғылыми тұрғыда талдап ашуда жазушының эстетикалық талғамын, дүниетанымын, көзқарасын танып білудің мәні бар. Ал, ол жазушылардың өмірінен мәлімет беру арқылы жүзеге асырылады. Соған орай, мектептерде оқылатын шығармалардың идеялық, композициялық, жанрлық негізіне қарай жазушының өмір сүрген дәуірінің белгілі бір кезеңіне (қоғамдық көзқарасы) оқушылардың назары аударылып, ерекше мән беріліп оқытылады.

Мәселен, Т.Жұрын шығарманың тақырыбын, идеясын анықтап барып, шығарманың жазылуына негіз болған тарихи дерек көздерін жинап барып шығарманың тілі мен құрылысына талдау жасайды. Композиция – көркем

шығарманың құрылысы. Әдіскер ұстазымыз шығарманың композициясын екіге бөледі. Олар: Сыртқы композиция және ішкі композиция жазушы өмірінен мәлімет берілген соң, әңгіме мәтінімен жұмыс жасалады. Ал әңгіме жанры, оның өзіндік ерекшелігі, сюжет, композиция, тақырып, идея, кейіпкер, образ, портрет т. б. әңгіме жанрына қатысты әдеби теориялық ұғымдар жайлы түсінік оқу бағдарламасы бойынша оқушының жас ерекшелігіне сай әр сыныпқа жіктеліп беріліп отырады. Оқушының есінде қалмаған немесе оларға әлі таныс емес ұғымдар болса, онда сабақ барысында қысқаша мағлұмат беріп, түсіндіріп кеткен жөн. Ал, мәтінмен жұмысты екіге бөліп қарастыруға болады:

- 1) мәтін мазмұнын меңгеру;
- 2) мәтінге талдау жасау.

Мәтіннің мазмұнын меңгертуде сөздікпен жұмыс, мәнерлеп оқу сияқты түрлі жұмыстар жүргізіледі. Мәтінмен жұмыстың бұл түрі бірінші сағатта, яғни, кіріспе сабақта жүзеге асырылады. Ал мәтінді талдау, көбіне соңғы қорытынды сабақта жүргізіледі. Себебі, мәтіннің мазмұнын меңгермейінше, оған талдау жасау мүмкін емес. Мәтінді талдау барысында мәтінге жоспар құру, оны эпизодтарға бөліп, ат қою, т. б. жұмыстар жасалады. Мәтінді талдаудың бірнеше түрі бар: образды, проблемалы, тұтас (автор ізімен), тақырыптық. Өтілетін әңгіменің ерекшелігіне қарай осылардың біреуін, не бірнешеуін қатар алып қолдануға болады. Талдау барысында қойылатын талаптар, сұрақтар, тапсырмалар оқушының жас ерекшелігіне сай болуы қарастырылады.

Әңгіме мәтінімен танысу, көбіне, сыныпта жүргізіледі. Бірақ, екеуі бір-бірімен тығыз байланыста болады. Мысалы, әңгімені, тіпті шағын көлемде болса да, түгелдей сыныпта оқуға уақыт жетпейді, сондықтан мұғалімнің қалауы бойынша ең негізгі, маңызды бөлімдер сыныпта оқылады да, қалған бөлімдер үй тапсырмасы ретінде беріледі. Әңгімені оқуда мәнерлеп оқу, әр сөзді айқын, түсінікті оқу, жинақы оқу, дауыс естілуінің ашық болуын да талап етіледі. Сыныпта әңгімені дауыстап оқуда бұлар айқын көрінеді. Сондай - ақ, дауыстап оқу мен іштей оқуды алмастырып отырған жөн. V-VI сынып оқушылары дауыстап оқығанды, ал жоғары сынып оқушылары іштей оқығанды қалайды. Мәтінді оқу барысында оқушыларға түсініксіз сөздер, сөз тіркестері, бейнелі сөздер кездесуі мүмкін. Бұларды оқушы өзі тауып аңғарған жөн. Мәселен, осы ретте Т.Жұрынқызы өзінің іс-тәжірибесінде көркем шығарманың қызықты деген жерін мектепте оқытып, қызығушылықтарын арттырып барып, одан әрі оқиға қалай өрбиді, не болады? сендер қалай ойлайсындар? депоқушылардың сөйлеу білу қабілеттері мен ойлау жүйелерін дамытып, оларды өз ойларын қысылмай ашық айтуларына жағдай жасайды.

Әдеби шығармаларды оқуға онша құмартпайтын оқушыларды қызықтыру үшін сыныпта әңгіме, ертегі, повесть, поэманың бірінші тарауынан ең қызықты деген жеріне дейін бірлесе оқытып немесе мұғалім өзі баяндап беріп, оны ары қарай үйде оқып келуді тапсыру арқылы олардың кітапқа деген ықыласын біртіндеп арттырып отырады. Кейде оқыған әдеби

шығармалардың мазмұнына үйден жоспар жасап келуді немесе жеке кейіпкерлерге мінездеме жазып беруді және өз пікірін текстен цитаталар келтіре отырып, дәлелдеуді талап етеді. Олардың көркем текстте кездесетін қанатты сөздерді теріп, сөздік дәптерлеріне жазып, жаттап алуын және ауызекі сөйлеуде оларды орынды қолдана білуін қадағалайды. Оқушыларға қосымша сұрақтар беру арқылы олардың пікірінің қаншалықты тұрақтылығын, тереңдігін анықтауға көңіл бөледі. Мысалы, оқыған кітаптарының атына тақырыбы мен идеясы қаншалықты сай келетіндігін, кітапты неге солай аталғанын сұрап («Сексен сом», «Талпақ танау» т.б.), тақырып жағынан ұқсас екі шығарманы салыстыра талдатып, идеялық, тақырыптық ұқсастық пен әр жазушының өзіндік ерекшелігін ажыраттырады. Мысалы, Б.Майлиннің «Берені» мен Ғ.Мүсіреповтың «Көк үйдегі көршілері», Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» романы мен Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» романының ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктері неде деген сияқты сұрақтар беріп, оқушылардың өздеріне пікір айтқызып, көркем шығарманы талдатады.[15, 6.23]

Оқушыларға оқыған кітаптарының қысқаша мазмұнын жазып отыратын күнделік жүргізуді тапсырады. Оқушылардың күнделігін жинап алып, оқып, талдау жасайды. Кейбір оқушымен сыныпта оқыған кітабы жайында әңгімелесіп, олардың кейіпкерлер жөніндегі көзқарасын анықтайды. Оларға Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Рахымжан Қошқарбаев, Төлеген Тоқтаровтарды негізге алуға болады. Т.Жұрынқызының оқушыларды оқу еңбегіне ынталандыра оқытуда көздейтін басты мақсаты – әдеби білімнің тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлу, білімді коммунистік тәрбие беру мәселелерімен үнемі ұштастыра жүргізу. Мұғалім әр сабақта әдеби тақырыпты өмірмен байланыстыра түсіндіріп, оқушылардың өзіне пікір айтқызып, білімінің өмірдегі пайдасын түсіне білуіне зер салады. Мысалы: 5-сыныпта «Аяз би» ертегісін өту үстінде «Аяз бидің өлім жазасынан құтылуына не себепкер болды?» – деген сұрақ қою арқылы ақылдылықтың, тапқырлықтың өмірдегі пайдасына оқушылардың көзін жеткізеді. Немесе, 6-сыныпта Ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңін өту үстінде мұғалім сыныпқа «Ақын орыс елін қазақ халқына неге үлгі етіп отыр?» – деген сұрақ қойып, өнер-білімнің өмірдегі пайдасы туралы пікір айтқызады. Осылайша пікір айтқызу Т.Жұрынқызы сабақтарынан үнемі орын алып отырады. Осы арқылы оқушыларды ойлай білуге, фактыларға сүйеніп ғылыми қорытынды жасауға, білімді саналы түрде меңгертуге көңіл бөледі. Көркем шығарма кейіпкерлеріне талдау жасату үстінде мұғалім кейіпкерлер сезімінің олардың көзқарасымен тығыз байланыста туып, дамуына да назар аудартады. Сезімнің көзқарасқа әсер етуші күш екеніне оқушылардың көзін жеткізеді. Мысалы, Қобыландыға ғашық болған, әрі ана өсиетін берік есте ұстаған Қарлыға бас бостандығы, махаббат бостандығы үшін күрес жолына әкесіне, бауырларына қарамай, елін тастап Қобыландымен бірге аттанады. Өз әкесінің жылқысын өзі шабуға дейін барады. Мұғалім оқушыларға «Қарлығаның осы әрекетін суреттеу арқылы халық жыры нені көрсетпек болды?» – деген сұрақ қойып, пікір айтқызу арқылы оқушыларды

махаббаттың құдіретті күшіне сендірді. Сөйтіп, кейіпкерлердің сезімі мен көзқарасы тығыз байланыста екендігіне оқушылардың көзін жеткізді. Әдеби шығармалардағы жеке кейіпкерлерді сөз еткенде оның күйініш-сүйініш сезімдеріне көңіл бөлмей, мінездеме бергізуге болмайды. Жағымды кейіпкерлердің сезімін, іс-әрекетін суреттеу арқылы ақын-жазушы оның еліне, жеріне, отбасына, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, жоғары адамгершілік қасиеттерін құрметтеуге баулуды көздеп, мейірімділік, қайырымдылық сияқты сапаларын ашып көрсетеді. Мұғалім кейіпкерлер сезімінің осы жақтарын аша отырып, оқушылардың бойына шынайы адамгершілік қасиеттерді ұялатады. Мәселен, осы ретте Т.Жұрын образдың жасалу тәсілдеріне қарай образдың түрлерін белгілеудің мынадай факторларына сүйенеді. Олар: әдістік, тектік және де тәсілдік факторлар. Көркемдік әдіс тұрғысынан романтикалық және реалистік образ, ал әдеби тек тарапынан эпикалық, лирикалық, драмалық образ деп жіктесе, жасалу тәсіліне қарай юморлық, сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, геройлық образ деп жіктейді.

Бұрын көркем шығарманы тек мұғалімнің әңгімесі бойынша ғана қабылдап тыңдайтын оқушылар енді шығарманың әр сөзінің астарлы мағынасына ой жүгіртіп ажыратуға, сөйлемнің түрлеріне қарай дауыс сазын құбылта оқуға жаттығады. Сөйтіп, оқушылар әдеби шығармаға басқаша көзбен ой жібере, толғана қарап оқитын болады. Кейбір оқушылар пьесаны жаттауда өз өнерін жолдасынан асыруға тырысады. Жолдастарының мақтауы оларға шабыт бітіреді. Бұл оқушылардың ой-өрісін де, шығармашылық талантын да өсіруге ықпал жасайды.

Әр ақын-жазушының шығармашылық өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, А.Тоқмағанбетов шығармашылығында сықақ-сатиралы образдар басым келеді. Олар кейіпкерлерін жылы юмормен немесе ащы сатирамен түйреп суреттеуге ерекше көңіл бөледі. Ал С.Мұқанов, М.Әуезов шығармаларында портреттік бейнелеу, мінездеу басым орын алады. Т.Жұрынқызы оқушыларды көркем мәтін бойынша өз бетімен жұмыс

істелуі кезінде әр жазушының мәнерін ажырата білуіне, соған сай дауыс ырғағын дәл тауып оқуына дағдыландырады. Бұл – оқушының көркем шығармаға, әдебиетке деген ынта-ықыласын арттыруда мұғалімнің өзіндік оқыту әдісі. Т.Жұрынқызы осындай жаттықтыру жұмысын әлденеше рет қайталап жүргізгеннен кейін, әр сыныптан мәнерлеп оқуға бейімі бар оқушылардың топ құрап, олармен жекелеме жұмыстар жүргізеді. Өлеңді, прозалық, драмалық шығармаларды оқу техникасына үйретіп жаттықтырады. Дидактикалық материалдар арқылы ой-белсенділігін арттыру. Сабақ үрдісін де баланың бүкіл ынта-жігері, зейіні өткелі отырған тақырып көлемін меңгеруге белсене қызмет етпесе, оқушыларға тиянақты білім беру мүмкін емес. Ал оқушыларды зеріктірмей, зейінін үнемі сабаққа аудару үшін оларға проблемалық сұрақтар қойып, ой ситуациясын туғызу, көркем шығарманы мәнерлеп оқыту арқылы сезімді оятумен бірге, бүкіл сынып оқушыларының ойлау үрдісінің өресін қалтқысыз бақылау және бәрін бірдей оқу еңбегімен белсене шұғылдандыру керек. Оқушының ой белсенділігін туғызу үшін

сабақты өткізу тәсілдерін түрлендіре білу қажет. Т.Жұрынқызының іс-тәжірибесінде оқушының ой белсенділігін туғызу бағытындағы жұмыстар кеңінен өріс алған. Осы бағытта әдіскер-ұстаздың тәжірибесі жайлы мақалсында «Қазақстан мұғалімі» газетінің бас редакторы М.Сәрсекеев былай сараптама жасайды: «Ұстаздың сабақ беру әдісінде пәнаралық байланысты жетілдіру, оқушыларға дифференциалды қатынас жасау, сабақ үстінде шәкірттердің ой еңбегімен шұғылдануын, олардың өз бетінше білімін жетілдіру қатамасыз ету, уақытты үнемдей отырып оқушы еңбегін ғылыми тұрғыда ұйымдастыру сияқты оқу-тәрбие үдерісінің оптималды тәсілдері кең орын алған». [16, б.20]

Орта буын оқушылары 15-20 минуттан кейін-ақ сабақты тыңдаудан жалығып кетеді. Т.Жұрынқызы оқушыларды жалықтырмау үшін 4-7-сыныптарда сабақты көбінесе ойын түріне құруға, көрнекі құралдар мен дидактикалық материалдарды орынды пайдалана отырып, ой белсенділігін арттыруға ерекше мән береді. Қарап отырсақ, Т.Жұрынқызы әдеби шығармаларды талдауда небір өзіндік әдістемелік жолдарды ұстанады. Жалпы білім беретін орта мектепте шығарманы талдауда негізгі назараударатын, ерекше мән беретін жай талдау жұмысының шығармадағы басқадай тәрбиелік астарларға, өзге де рухани құндылық арналарына кері ықпалын, нұсқасын тигізбеуін ойластырған абзал. Көркем шығармаларды оқу және талдай білу оқушылардың әдеби білімін дамытудың негізгі тәсілі болып есептеледі. Оқу мен талдауды ұйымдастыру кезінде мұғалім сабаққа тек ғылыми-танымдық тұрғыдан ғана қарамай оған көркемдік ойлау тұрғысынан да қарауды ұмытпаған жағдайда ғана табысқа қол жеткізеді. Әдеби шығарманы мектепте талдаудың негізгі мақсаты – «мұғалімнің оқытуға жұмсалған барлық күш-жігері, оқушының өзіндік ынтасымен ұштасып, дидактикалық жаңғыруға жету». Адайда әдеби шығармаларды талдау бойынша оқушылардың белсенділігін ұйымдастыру қажет. Әдеби шығарманы талдау оқушы еңбегінің түрлі қырларын жетілдіруге және әр оқушының неғұрлым жоғары деңгейге көтерілуіне көмек беруге бағытталуы тиіс. Ұжымдық және жеке-дара жұмыстарды әр әдеби талдау көлемінде тығыз байланыстырғанда ғана оқырманды жан-жақты дамытып және оның күрделі өнерді игеру мүмкіндіктеріне көмектесуге болады. Сондықтан оқушының әдеби дамуында, оның дүниетанымының баспалдақтап өсуінде шығарма талдаудың рөлі орасан зор. Әдеби туындыны талдау негізінде оқырманды бақылауға және оның барлық танымдық қырларын (білім, білік, дағды) дамытуға әсер етуі тиіс. Ол үшін оқушы өзінің оқырмандық сезіміне, әрі мәтінді терең түсінуіне, әрі қиялдың ұшқырлануына, әрі көркемдік түрге эстетикалық көзқараста болуына жетелейтін белгілі бір әдеби тақырып көлемінде тапсырма алуы қажет. Ұстаз оқу үрдісінде осы жайтты мықтап есте ұстағаны абзал. Әдебиетті оқытудың әдістемесі оқушылардың жалпы қабылдау қабілеті олардың әрқайсының жас ерекшеліктеріне байланысты. Дегенмен оқушылардың жеке-дара өзіндік ерекшеліктері бұл жағдайда жалпы ережелерді автоматты түрде пайдалануға мүмкіндік бере бермейді.

Сондықтан ұстазға шығарманы талдау әдістерінде оқушылардың қабылдау ерекшеліктерін білуі ерекше қажет.

Көркем мәтіндерді талдау жұмысы кезінде сезім, қиял, зерде, ой толыққанды түрде бола бермейді. Көркем мәтінді талдау барысында көрнекі құралдар да қолданылады. Осы ретте оқытуда жаңа технологиялар мен көрнекі құралдарды пайдалану кен орын алуда.[18, б.205] Мәселен, жаңа технологиялар арқылы «Активті» және «Интерактивті» әдістерді қолданудың нәтижесі оң шешімін тапты. Баршамызға таныс активті оқыту әдісі екіге бөлінеді:

а) эмитациялық;

ә) эмитациялық емес.

Эмитация – ойын түрінде және осыған ұқсас формаларды қолдану. Эмитациялық емес – өз бетінше іздену. Ал интерактивті әдіс оқытушы мен оқушы арасында тығыз шығармашылық ізденіс, ғылыми байланыс орнатады. Аталған екі әдісте осы жоғары мектеп оқушылары мен оқушылары арасында ресми қарым-қатынасқа түсудің кедергілерін жоюға, үлкен шығармашылық байланыс орнатуға, білім жолында жақсы нәтижеге жетуге жол ашады.[19, б.84].

Көрнекілік – әрбір сабақтың тірегі. Мұғалім кейбір түсінуге қиын, көп күш танытуды керек ететін мәселелерді жеңіл, тез, оңай меңгерту, түсіндіру, таныту үшін көрнекілікті қолданады.[20, б.52].

Оқу-тәрбие үрдісін жүзеге асыруда көрнекіліктердің өзіндік маңызы, орны бар. Жалпы таным үрдісі есту, көру, сезу арқылы жүзеге асатынын физиолог-ғалымдар өте ертеден-ақ айтқан. Сондай-ақ сабақта көрнекілік пайдаланудың тиімділігін педагог-ғалымдар, әдіскерлер де, педагог-практиктер де күнделікті тәжірибе арқылы дәлелдеп келеді. Сабаққа қойылған мақсатқа жетуде шәкірт ойын оятып, қиялын қанаттандыруда сабақты көрнекілік арқылы оқыту баланың қабылдауын жеңілдетеді. Ой-пікір тұжырымдауды сөздік көрнекілік және сызбалық, суретті, түсіндірмелі суреттер арқылы санамызда сөйлетіп, мазмұнын көз алдымызға елестетуді көздейді. Көркем шығармадағы бейнені, көркем өнердегі бейнемен салыстыру ұқыптылық пен ізденістің көзі. Көрнекіліктер арқылы тыңдаушының ықылас зейінің ұстаз өзіне толық аудартады. Білімді өздігінен меңгертудің әдіс-тәсілдеріне қажетті іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруда өзіндік тәжірибесінің алар орны бар.

Құзіреттілік – педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз болатын білімдігі мен абыройы болса, сол қажеттілікті Кеңестік дәуір кезінде – ақ әріптестеріне мойындатуы тынымсыз еңбек пен қоса педагогикалық мәдениетінің айнасы.[22, б.69].

Ю.К.Бабанскийдің дифференциалдап оқыту әдісі, В.Ф.Шаталовтың алдын ала тапсырма беру оқыту әдісі арқылы, А.Г.Ривиннің ұжымдық тәсілмен оқыту әдістерін өз тәжірибесінде мүмкіндігінше қолданып, жаңашылдықтың жаршысы болды. Оқушылары тыңдаушы немесе орындаушы ғана емес, алған білімді адамдық, имандылық, ар-ождан мақсатында қабылдап, елінің өркендеуі мен бүгінгі пішінің танып, ұлттық

мүддеге өзіндік үлес қосқан,қазақ тілі мен әдебиет пәнінің білгір мамандары. Көрнекі құрал өтілейін деп отырған материалға сай сұрыпталады. Уақыт көп кетпейтіндей оқушылардың ынтасын, қызығушылығын, белсенділігін арттыратындай, ойлау қабілетін, танымын дамытатындай болуы шарт.

2. ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ СЮЖЕТТІК ЖЕЛІСІ МЕН КОМПОЗИЦИЯСЫН ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ СЫНИ КӨЗҚАРАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдауға бағытталған жұмысты жүргізу әдістері, сыни көзқарас қалыптастыру жолдары

Әдеби шығармаларды меңгерудегі саналылық оқушының дүниетанымдық көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасуында маңызды орын алады. Табиғат құбылыстарының, қоғамдық-әлеуметтік өмірдің мәнін, заңдылықтарын терең түсінудегі өздігінен өзінің білім дағдылары мен іскерлігін жетілдірудегі оқушының әрбір қадамы оның дүниетанымын кеңейте түседі. Сондықтан өтілгелі отырған тақырыппен сабақтас келетін қызықты оқиғалар, ақын-жазушылар өмірінен қосымша мәліметтер, естеліктер, тарихи-деректі әңгімелерді қызықты етіп әңгімелеу немесе оқушылардың өздерінің олармен танысуына кеңес беріп отыру үнемі қажет. Мұндай жұмыс олардың пәнге деген қызығуын арттырады, әдеби шығармаларды оқу, өмірбаяндары туралы естеліктерді іздене жүріп оқу баланың өмір талабына айналады, сөйтіп оның азаматтық қалыптасуына әсер етеді. Әдеби шығармаларды өту барысында оқушыны творчестволық іскерлікке баулу, әртүрлі құбылыстарды, оқиғаларды, адамдардың пиғыл-әрекеттеріндегі ерекшеліктерді байқай білуге және олар жөнінде қорытынды жасай білуге үйрету танымдық тәрбиенің басты құралы деуге болады. Жоғары сыныптарда оқушылардың көркем туындыны қабылдаулары да жас ерекшелігіне байланысты болады. Бұл жастағылар өздерін еркін сезінеді. Әр баланың өзінің сүйетін жанры, тақырыбы айқындалады. Оқығандарына сынмен қарайды, оны өмірді түсінудің бір құралы деп қарайды, сондықтан одан өз сауалына жауап іздейді, кейде тауып та жатады.

Көркем әдебиет - бейнелер жүйесінен құралатыны мәлім. Көркем шығарма - бір бүтін дүние. Ал сол бүтін жеке бөлшектерден, штрих-детальдардан құралады. Ендеше бүтінді тану үшін оны құрап тұрған жекелерді танып болу керек, сол жекелер арқылы үлкен оқиғалар өрбіген, ой түйілген, кесек тұлғалар сомдалған. Демек, көркем шығарма – образдар жиынтығы, ал образдар жеке элементтерден жасалған. Олай болса, бүтін мен бөлшек арасында ажыраспас диалектикалық байланыс бар. Олардың бірінсіз бірін түсіну, тану мүмкін емес. Мектепте әдебиетті оқыту сапасын жақсарту оқытудың педагогтік және көркемдік мәдениетін арттыру әдебиетті зерттеу ғылымының заңдылықтарын, теориясын, әдіс-тәсілдерін көркем шығарманы талдауға бірізгілікпен қолдану сабақтас, соған тікелей байланысты. Шығармаға талдау жасағанда ондағы көркем элементтерді бүтіннің бөлім-бөлшегі ретінде қарастыру керек. Бүтін мен бөлшектің арасындағы диалектикалық бірлікті үнемі сақтаған орынды. Табиғаттану саласындағы ғалымдардың әлем кеңістігінің, материяның микроқұрылымына енгеніндей, біз де өзіміздің талдауларымызда көркем шығарманың микроқұрылымына

батыл енуіміз керек. Бұл – көркем шығарманың бітіміндегі жаңа сапаларды ашуға қажетті кілт. Көркем әдебиетте ой мен өрнек ажыраспас бірлікте. Екеуі егіз, бірінсіз бірі жоқ.

Ғылыми әдістеме әдебиетті оқытуды сол көркем шығармаға ғылыми, эстетикалық талдау жасау мәселесінен оқшау ала алмайды. Өйткені тек эстетикалық талдау арқылы ғана мұғалім сол шығармадағы жазушының ой-сезіміне шәкіртті ортақтастыра, толғанта алады. Көркем шығарманың кішкентай клеткасы – сөз. Шығарма шаңырағы сөз арқылы көтеріледі. Жіптен кілем тоқыған шебер сияқты, кірпіштен зәулім тұрғызған сәулетшідей, әр түрлі бояуды үндестіре пайдаланып, сурет салған қылқалам шеберіндей, гипстен монументті ескерткіш тұрғызған мүсіншідей, сан алуан әуен-саздарды үндестіріп, тұтас бір музыкалық туынды шығарған сазгердей жазушы да сөзді кәдеге жаратып, көркем шығарма түндігін көтереді. Сол сөз образы бейнелі сөйлем құрылымына апарады, ал сөйлемдер барып белгілі бір оқиғаны құрастырады, ситуация жасайды, сол оқиғалар бір-бірінен өрістей барып, шығарманың тұтас бітімін құрайды, осы өрілімдер, оқиғалар өрісінде адам бейнесі жасалады, олардың характерлері қалыптасады, шығарманың идеялық-эстетикалық мазмұны ашылады. Сондықтан прозалық шығармалардың тартысын ашу үшін барлық құраушы элементтермен жұмыс жасаған маңызды.

Зерттеу технологиясының негізіне сын тұрғысынан ойлауды қалыптастыру және дамыту негіздері туралы Карл Поппер мен Р. Пол теориясының идеялары мен ережелері салынған. Көркем әдебиет шығармалары балалар алдына адамға тән сезімдер дүниесін ашып, жеке адамға, кейіпкердің жан дүниесіне қызығушылық тудырады. Көркем шығарма кейіпкерлерімен бірге қуана-қайғыруды үйрене отырып, балалар өзінің төңірегіндегілердің, жақын адамдарының көңіл күйін байқай бастайды. Оларда адамгершілік сезім – қайырымдылық қасиет, әділетсіздікке қарсы тұру қабілеті ояна бастайды. Бұл – принципшілдік, адалдық, нағыз азаматтық қасиеттердің қалыптасу негізі. «Сезім – білімге жол ашушы, шындықты сезбеген адам оны түсінбейді және оны тани білмейді де», — деген болатын В.Г. Белинский.[3, б.75] Баланың сезімі тәрбиеші таныстырған шығарманың тілін түсініп, оны ұғу үдерісінде дамиды. Көркем шығарма сөзі балаға ана тілінің әдемілігін түсінуге көмектеседі, қоршаған ортаны эстетика тұрғысынан қабылдауға, сонымен бірге адамгершілік түсінігінің қалыптасуына көмектеседі. Баланың көркем әдебиетпен таныстығы халық шығармашылығының ең кішкене түрлері – тақпақ, өлең, халық ертегілерінен басталады. Асқан адамгершілік, барынша дәл рухани бағыттылық, өткір, мысқыл тілінің көркемдігі – шағын көлемдегі фольклорлық шығармалардың ерекшеліктері.

Американдық мұғалімдер Чарльз Темпл, Джинни Стил, Куртис Мередит үш кезеңнен тұратын сыни ойлауды дамыту технологиясының құрылымын жасады: қызығушылықты ояту, мазмұнды түсіну және рефлексия, сонымен қатар әдістемелік жұмыс. Кейін ресейлік мұғалімдер мен зерттеушілер С.И. Заир-Бек және И. В. Муштавинская сыни ойлауды дамытудың білім беру

технологиясын келесі кезеңдер түрінде ұсынды: 1) шақыру, 2) мазмұнды түсіну, 3) рефлексия.

Балаларды әдеби шығармаларды оқуға дайындауда олардың оқыған әңгімелерінің тіліне, автордың қолданған бейнелі сөз тіркестеріне көңіл аударып, мәнін аңғартып отырудың маңызы бар. Шығармадағы бейнелі ұғымдар әдетте тексттің мазмұны бойынша істелетін жұмыстан кейін, өз алдына бөлек талданады. Мұғалім оқылған шығармадан талдануға тиіс сөздер мен ұғымдарды іріктеп алады да, бірінен соң екіншісін түсіндіре бастайды. Біз талдау мен түсіндіруге тән жалпы белгілерді ажыратамыз. Біріншіден, бұл көркем шығарманы талдау да, түсіндіру де негізделетін мәтінді бастапқы түсіну, оны одан әрі зерттеу жолын анықтайтын түсіну өлшемі. Зерттеу ойынан өтетін кезеңдер: бүтінді түсінуден – оның бөліктерін зерттеу мен талдауға, бөлшектеп түсінуден – тұтас түсіну және т.б. XX ғасырдағы неміс философы М.Хайдеггер ғылыми айналымға енгізген "герменевтикалық шеңбер" әдеби шығармаларды зерттеу ойының қозғалысы деп атады. Екіншіден, көркем шығарманы талдау және түсіндіру шығарма жасалған тарихи немесе семантикалық шекараларда тарихи және мәдени контекстерді анықтаумен байланысты. Кез-келген гуманитарлық зерттеулердің негізі - контекст туралы білім немесе оны жобалау мүмкіндігі. Алайда, контекст адамды тарихи эволюция кезеңдерінде алаңдататын тарихи шындықтардың, жағдайлардың, проблемалардың 12 жиынтығымен түсініледі. Осылайша, талдау, түсіндіру ұғымдарын қарастыру барысында біз ортақ белгілерді анықтадық - бұл мәтінді түсіну, тарихи-мәдени контекстті анықтау. Талдау тұтас мәтінді түсіну кезінде көркем шығарманы кезең-кезеңмен қарастыруға бағытталған. Сонымен, талдау дегеніміз - оны кезең-кезеңімен қарастыруға бағытталған көркем шығарманы түсіну. Талдау - бұл шығарманы қарастыру, түсіну, мәтінді бастапқы қабылдау.

Талдау – әдеби шығарманы ғылыми тұрғыдан түсінудің ең маңызды әдісі[9, б.161]. Бірақ бүтіннің бөлшектік компоненттерге аналитикалық бөлінуі өз алдына мақсат бола алмайды. Көркем шығарма – элементтер жүйесінен құрастырып, бір тұтастыққа ие жүйе. Бұл эстетикалық тұтастықты білу әдеби-көркем шығарманың ғылыми сараптамасының түпкі мақсаты болып анықталады.

Бұл жерде шығармаға ғылыми шолудағы талдау маңызды болғанымен, көркем шығарманы синтетикалық, тұтас түсінуді дайындайтын жұмыстың көмекші кезеңі – талдау. [29, б.17].

Талдау (грек тілінен аударғанда - ыдырау, бөлшектеу) – объектіні (құбылысты, үдерісті), объектінің (нысандардың) қасиеттерін немесе объектілер арасындағы қатынастарды бөліктерге (ерекшеліктер, қасиеттер, қатынастар) психикалық, сонымен қатар көбінесе нақты бөлшектеу процедурасы) [30, б.32].

Терминдер мен ұғымдардың әдеби энциклопедиясы: Әдеби талдау (бөлу, бөлшектеу) – шығарманың бөліктері мен элементтерін, сонымен қатар олардың арасындағы байланыстарды зерттейді [31, б.32]. Сонымен, талдау – шығарманы кезең-кезеңімен зерделеу арқылы түсіну. Жұмысты талдаудың

көптеген әдістері бар. Әдебиеттанушы ғалымдар көркем мәтінді әр түрлі құрылымдайды және бұл талдаудың әдістемесі мен әдістемесіндегі айырмашылықтарды анықтайды. «Мазмұндық форма» категориясынан туындайтын және мазмұнға қатысты форманың функционалдығын ашатын талдау әсіресе теориялық тұрғыдан негізделген. Бұл талдау мазмұнын түсінуге бағытталған ерекшелік форманың белгілі бір ерекшеліктерінде және керісінше, осы немесе басқа ресми құрылғының артында қандай мазмұн жасырылғанын білдіреді. Бұл тәсіл шығарманың көркемдік тұтастығынан ауытқымайды, керісінше оның салыну заңдылықтарын, ондағы ішкі негізгі байланыстарды түсінуге көмектеседі. Әдеби шығарманың құрамы мен құрылымы, элементтердің пішінге немесе мазмұнға сәйкес келуі әдеби шығарманың композициясы мен құрылымындағы маңызды мәселе болып саналады.

Талдаудың элементтеріне келер болсақ:

1) мазмұн шеңберінде: кейбір конфликтілерді қамтитын тақырыптар, мәселелер; тұтас шығарманың және жеке кейіпкерлердің эмоционалдық құндылық бағдарлары.

2) пішін аясында: пейзаж, портрет, зат әлемі, сөйлеу ерекшеліктері (монолог, полифония), композиция бөлшектерін қамтитын дүние. Композиция көркемдік дүниені ашып, оның біртұтас идеялық-эстетикалық принципке бағыныштылығын көрсетеді. Шығарма бөліктерін талдау салыстырмалы маңыздылығына қарамастан әлі де көмекші рөл атқарады.

Көркем шығарманы талдау принциптерін ұйымдастыру барысында әр компоненттің жеке талдануы мен тұтас картина тұрғысынан талдануды қамтамасыз еткен жөн. Көркем форманың типологиялық қасиеттеріне сюжеттік, суреттеушілік, психологиялық; монолог және диалог; өлең және проза жанрларын жатқыза аламыз. Талдау нәтижесінде синтез құрастырылады, яғни. мазмұндық және формальды көркемдік анализ. Мазмұн тұрғысынан әдеби анализ «интерпретация» терминімен сипатталады. Әдебиеттануда интерпретация термині көркем шығарманың тұтас мағынасын, идеясын, ұғымын түсіндіру, түсіну дегенді білдіреді. [39, б.159] Интерпретацияның келесі түрлері бар: оқырмандық (бастапқы), ғылыми және шығармашылық – бейнелі. Алғашқы интерпретация көркем шығарманы оқығанда оқырманның алатын жалпы әсері мен қабылдауына негізделеді. Әдебиеттанушы болса, бастапқы интерпретациядан ауытқып, талдаумен тексере отырып, нақты тұжырымдайды, содан кейін объективті шындық мәртебесін алға тартатын әдеби сын туады. Шығармашылық-бейнелі интерпретация — әдеби-көркем шығармаларды басқа өнер түрлерінің тіліне (экрандық бейнелеу, сахналық қойылым, т.б.) «аудару».

Шығарманы талдаудағы бір тиімді, прогресшіл әдіс – мәселелік талдау әдісі. Бұл әдістің ұтымды жағы неде? Көпке мәлім шығармада шытырман, қым-қиғаш оқиға бар. Толып жатқан мәселе, талай қайшылық, талас туғызар қайшылықтар бар. Ұлы суреткерлер шығармалардағы философиялық, әлеуметтік, эпикалық, ойлардың алуандығы, көтерген мәселесінің әр жақтылығы, ауқымдылығы, тереңдігі ғылымда талай пікір таласын туғызған.

Ақиқатына жету үшін ізденіс-зерттеу еш толастамаған. Демек, ізденіс, ойланыс болмаса, ешқандай мәселені шешу мүмкін емес. Ешқандай ақиқаттың зайырына тереңдей алмаймыз. Мұғалім де оқушыларды іздендіре, ойландыра алмаса, шығарма мәселесіне, оның идеялық-эстетикалық қат-қабат астарына үңіле алмайды. Мәселелік талдау – осы тұрғыдан алғанда тиімді әдістердің бірі. Мәселелік талдау талдау оқушылардың танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады, әрі дамыта оқытудың негізгі бір жолы ретінде де пайдалы болып келеді. Мәселелік талдау сол көркем шығарма негізіндегі мәселені дәл тауып, нақты мәселелік сұрақтар әзірлеуді талап етеді. Ол үшін мәселелік жағдаят тудыру керек. Кез-келген «неге?» деген сұрақтарды мәселелік сұрақтармен шатыстыру көп кездеседі. Сондықтан, жай сұрақтармен мәселелік сұрақтар арасындағы айырмашылықты төмендегі баған арқылы көрсетуге болады.

1- Кесте. Мәселелік сұрақ қою арқылы талдау.

Жай сұрақтар	Мәселелік сұрақтар
Бақтығұл қандай кейіпкер?	Сержан кім, құрбан ба алданушы ма?

Мәселелік сұрақтар қызықты, әрі әдеби айтыс туғызатындай дәрежеде қойылады. Сондай-ақ бұл мәселеге құрылмай, көркем туындыны кеңірек, тереңірек қамтитын мазмұнда құрастырылады. Мәселелік сұрақ қоямын деп, «қолдан» мәселе жасаудың түк те керегі жоқ. Мысалы, жоғарыдағы екі баған бойынша сұрақтар бойынша сұрақтар мазмұнына назар аударайық: бірінші графадағы сұрақтарда мәселеден гөрі басы ашық мәселелер қамтылған, сұрақ та қойылған. «Бақтығұл қандай кейіпкер?» деген сұраққа дәстүрлі жауап береді. Яғни «ұнамды, не ұнамсыз» дегендей, ары қарай түсінік береді. Ал «Сержан кім, құрбан ба алданушы ма?» деген сұрақ түбінде оқушыға, «бейтаныс» шешуді керек ететін мәселе жатыр. Бұл сұраққа «иә» немесе «жоқ» деп жауап бере салу мүмкін емес. Сұрақ жазушының осы бейнені жасаудағы мақсаты, соның негізінде жатқан мәселені қамтып отыр.

Тұтас талдау әдісі – қазіргі әдістемеде қолданылып жүрген өтімді әдістердің бірі. Мұндай талдау шығарманың сюжеттік желісіне орай құрылады, тарау бойынша жүргізіледі. Талдау автор ізімен жүреді. Мұның тиімді жағы неде? Тиімді жағы шығармадағы кейіпкерлер тағдырына оқиға дамуы үстінде тереңдей барасың, оның бүкіл іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы, жан арпалысы, өмірге көзқарасын саралап көрсетеді. Кемшілігі – оқиға желісімен жеке кеткендіктен жеке тарау, жеке оқиғаларды қуалап, талдаған соң, шығарманың бүтіндігіне, тұтастығына нұсқан келтіру қаупі бар. Бірақ тәжірбиелі мұғалім мұндай кемшілікті болдырмайды да, жалпы қай әдісті қолданған күнде де шығарманың эстетикалық біртұтас құрам екендігін естен шығармау керек. Сонда жоғарыда аталған әдістердің баршасы да біздің көздеген мақсатымызға қызмет етеді.

Қайткен күнде де қазіргі әдістемедегі жоғарғы төрт түрлі талдау әдістерін ұтымды пайдалана білу қажет. Кейде бұл әдістерді мұғалім араластыра қолдануына болады. Тіл талдаудың үш түрлі буыны бар: 1) түсініксіз сөздердің анықтамасы, мұны мұғалім жартылай алғашқы оқу тұсында, жартылай шығарманы талдау үстінде жүргізіледі; 2) қаһарманның тілі; 3) автор тілі; Мұның үшеуі де жанрға, әдіске, шығарманың идеясына бағынышты. Сонымен бірге ол – стиль, шеберлік, көркемдік деген аса қажетті ұғымдарды жинақтауға қызмет істейді. Әрбір шығарманың ісі нақты, әрі дара талданады. Бір ескеретін шарт – тіл талдауды құрғақ түсінікке, уағызға құруға болмайды. Көркем шығарманың образын, тақырыбын, идеясын, композициясы мен сюжетін талдағандай, оны да көбне оқушылардың өзіне сұрақ-жауап арқылы жеткізу керек.

Көркем шығармаға талдау жасау - оның бейнелі ойына бару деген сөз. Осы мақсаттарды сабақ кезінде жүзеге асыру талдау әдістерінің алуандылығына ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін ұтымды да шебер пайдалана білуіне байланысты. Шәкірттерді көркем шығармаға терең бойлату үшін шығармашылық оқу, шығармашылық тапсырма әдісі ұтымды. Шәкірт неғұрлым көп білсе, ал сұрақ-тапсырмалар шәкірттерді шығармаға үңілдіріп, қызықтырар, ынталандырар сипатта болса, соғұрлым шәкірттің көркем туындыны қабылдауы арта түспек. Мұғалім қазіргі дидактикалық талаптарды басшылыққа ала отырып, оқыту талдау әдістерін сабақ барысында пайдалана білсе, шәкірттердің әдебиеттен білім өрісі де арта бермек. Әдебиет - өнер туындысы, әдебиет сабағы - өнер сабағы. Олай болса, мұғалім өнерді, өнер иесі – жазушыны сөйлете білсін. Сол арқылы әдебиет әр жақты адам тәрбиелеу ісіне өз үлесін қоса алады. Мұғалім қандай әдіс-тәсілді қолданса да ерікті. Ескі дәстүрлі әдістерді жетілдіре отырып, мәселелік оқыту принципін жүзеге асыруға да болады. Тек бірізділіктен, дайын қалыптан аулақ болған жөн. Қазіргі кезде көптеген жаңашыл ұстаздар шетелдік әдіс – тәсілдерді пайдаланып, шығарма талдауда жоғары нәтижеге жетіп жүр.

Көркем мәтінді талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Көркем мәтінді оқыту мен талдауда оқушының мәтін мазмұнын меңгеруіне көңіл бөлу керек. Көркем шығарманы оқығанда, оқушылардың ол туралы өзіндік әсері, пікірі туындайды. Оқушылардың зейіні, есте сақтау, қабылдау қасиеттеріне қарай мұғалім мәтінді тұтастай емес, ең негізгі басты мәселелерін ғана мазмұндатып, оны меңгеруді одан әрі жалғастырғаны тиімді болады. Үзіндіні мазмұндағанда, оқушыларды мүмкіндігінше жазушы тілімен мазмұндатуға икемдеу керек. Оқушыларды әңгімелеу, мазмұндау кезінде жиі мәтінге үңілдіріп, кейбір негізгі мәселелерді мәтінге жуық айтуды талап етемін. Көркем шығарманы үйге тапсырма ретінде бергенде, түсініксіз сөздерді, сөйлемдерді оқушылардың алдын ала белгілеп келуін талап еткен жөн. Сабақ барысында шығарманың мазмұнына талдау жұмысын жүргіземін. Күрделі, түсініксіз сөздерге түсінік беремін. Мысалы: қыстау, атан, шам, ру, шариғат бұйрығы, ердің құны. Кейбір диалогтерді оқи отырып, ең басты мәселелерді түсіндіремін. - «Арысынды, ендеше, арыстан жеді»

(Бөжейдің сөзі). - «Ақ қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан қара бет?!» (Қодардың сөзі). Әдеби талдаудың басты мақсаты - оқушылардың өзіндік қабылдауларын, пікірін әдебиеттану ғылымының талабына сай ғылыми арнаға бағыттау. Көркем шығарманы талдаудың ғылыми жүйесін жасаған әдіскер ғалымдар: Ә. Қоңыратбаев, Ә.Көшімбаев, Ә. Дайырова, Т. Ақшолақов, т.б. Көрнекті әдіскер, ғалым Төлеутай Ақшолақов көркем шығарманы талдау мәселесіне таза әдеби - эстетикалық жолмен қарауды ұсынды ». Біз шәкірттерді сөз сырына бойлатуымыз керек. Бүкіл кілт - осында. Өйткені, көркем әдебиетте сөз – мазмұн да, форма да. Шәкірттерді сөздің алуан сырына үңіле білуге үйрету - әдебиет шығармасын танытудың басты жолы. Ақын шығарма құрылымында сөздерді қандай кәдесіне жарата білген, сөз кірпіштерін қаншалықты қиыстыра қалай білген, шығарманың бүкіл бітімін қалай сомдаған, қандай жаңа поэтикалық жаңалықтар әкелген, қандай сом образдар жасаған, мұғалім осыған үнемі, сабақ үстінде, сабақтан тыс уақытта шығармашылық тапсырмалар беру арқылы үйретіп, баулып отырса, шәкірттер өнер туындысының қадыр қасиетін танумен, астарлы сырына үңіле білумен қатар, жазушы стилін, шығарма стилін аңғарар еді.. Осы мақсаттарды сабақ кезінде жүзеге асыру талдау әдістерінің алуандылығына ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін ұтымды да шебер пайдалана білуіне байланысты. Шәкірттерді көркем шығармаға терең бойлату үшін шығармашылық оқу, шығармашылық тапсырма әдісі ұтымды. Шәкірт неғұрлым көп білсе, ал сұрақ-тапсырмалар шәкірттерді шығармаға үңілдіріп, қызықтырар, ынталандырар сипатта болса, соғұрлым шәкірттің көркем туындыны қабылдауы арта түспек. Демек, мұғалім қазіргі дидактикалық талаптарды басшылыққа ала отырып, оқыту талдау әдістерін сабақ барысында пайдалана білсе, шәкірттердің әдебиеттен білім өрісі де арта бермек. Әдебиет - өнер туындысы, әдебиет сабағы - өнер сабағы. Олай болса, мұғалім өнерді, өнер иесі – жазушыны сөйлете білсін. Сол арқылы әдебиет әр жақты адам тәрбиелеу ісіне өз үлесін қоса алады. Мұғалім қандай әдіс-тәсілді қолданса да ерікті. Ескі дәстүрлі әдістерді жетілдіре отырып, мәселелік оқыту принципін жүзеге асыруға да болады. Тек бірізділіктен, дайын қалыптан аулақ болған жөн. Қазіргі кезде көптеген жаңашыл ұстаздар шетелдік әдіс – тәсілдерді пайдаланып, шығарма талдауда жоғары нәтижеге жетіп жүр.Сол әдіс-тәсілдерді келесі бөлімде шығарма талдау барысында пайдаланамыз.

Мектеп тәжірбиесінде талдау барысында оқушыларға түсінікті әрі тиімді болу үшін ИНСЕРТ әдісін пайдалануға болады:

2 – кесте. Сыни көзқарас қалыптастырудағы тиімді «ИНСЕРТ» әдісі.

Не білемін?	Не білдім?	Не білгім келеді?

Ауызша, жазбаша сұрақтар арқылы кейде мұғалім әр оқушыға әр түрлі мазмұндағы тапсырмалар бере отырып та тексереді. Мысалы (жазбаша): а)

өзіне ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндату, не сол эпизодтың мазмұнының тезисін жасату; ә) негізгі кейіпкерлерді жинақтату; Бір кейіпкердің іс - әрекетінен мысалдар келтіру (қай кейіпкер екенін мұғалім өзі көрсетеді); б) жазбаша викторина жүргізу. Мұғалім ең негізгі деген жерлерден үзінді жазып, “Ол қай оқиғадан алынды, кімнің сөзі, қайда айтылған сөз?” деген сияқты сұрақтар қойып, жауап алады (ауызша да жүргізуге де болады); в) сынақ үлгісіндегі ауызша сұрақ – жауап арқылы тексеру; г) бүкіл сыныпқа ортақ тапсырма – көркем туындыдан алған әсерін қысқаша баяндап беру (жазбаша 13-16 минут ішінде орындауға болады); д) әдеби “көкпар ойыны” арқылы тексеру. Бұл жұмыста “көкпарға” екі баладан шығады. Көкпарға “тартылатын” көркем туындылардан құрастырылған сұрақтар жазылған үлестірме қағаздар болады. Жауап тез уақытта айтылуы керек, ойлануға көп уақыт берілмейді, тез жауап берген бала “жеңімпаз” атанады. Әрине, оқушылардан көркем туындыны оқу жайында мәліметтер алудың, бақылау жасаудың жолдары көп. Әр мұғалімнің бұл салада өз тәсілі болады, қай баланы қалай тексереді – ол мұғалімнің өз еркі. Бірақ, бір ерекше есте ұстайтын мәселе, мұғалім оның тек мазмұны ғана емес, оқушыға әсері, оқушылардың сезімі, қабылдай білу жағдайларына, оқиға сюжеті мен ондағы конфликтке деген өзіндік ойы, сыни көзқарасына да назар аударуы керек. Талдау барысында мұғалім мұның бәрін есепке алып отырады (егер оқушы сезіміне әсер етпесе, жан жүрегімен қабылдай алмаса, мұғалім тексеріс барысында осы жағына ерекше назар аударуы керек).

Үнемі бақылау, тексеру, әсіресе, төменгі сынып оқушыларын, сөз жоқ қажытады, сондықтан ойын элементін пайдалану әрі қызықты, әрі жемісті болып келеді. Балалардың талдау барысында сыни көзқарастары жете байқалады. Мұғалім алдын – ала туындыны ұсынған кезде балаларға ескерту жасаса сөз жоқ, балалар туындыны түгел оқуға тырысады. Оқушылар орындайтын үй тапсырмаларын шығармашылық сипатта беру, қабілеттеріне қарай беру эпопеяны меңгертудің тиімді жолы болмақ. Топтық жұмыс беріледі. Көлемді шығармалардың қай мәселесін талқыламасын, мұғалім осы мол дүниенің ең басты, мәнді дәнін, мәйегін даралап бөліп алып, оны оқушыға тұжырымды, терең мәнде жеткізудің тиімді әдіс-тәсілін іздеу керек. Жоғарда аталған кейіпкерлерді оқытуда, оларды эпопеядан тек топтап жинақтап алуда ғана емес, сол белгілі бір кейіпкердің өзін қай жағынан оқыту керек, оның қай мәселесін негізге алу керек, осы кейіпкер бейнесін ашатын штрих, детальдар қайсы деген мәселелер мұғалімдерді көп іздендіреді. Нұсқау, үлгі ретінде Құнанбайлар бейнесін қалай оқытуға болады, ол бейненің өзін қандай проблемалармен талдау керек? Тақырыптың негізгі элементі көрнекі етіп жазылып қойылады. Көркем шығарманы сабақта талдау барысында кейіпкерлер бейнесін танытатын, айқындап, даралайтын белгілерді төмендегідей топтап алынды. Кейіпкерлер бейнесін таныту белгілері: 1) жазушының кейіпкерге берген сипаттамасы және олардың портреттерін суреттеуі 2) кейіпкерлердің іс-әрекеті, сөз сөйлеу, ойлау ерекшеліктері 3) кейіпкерлер диалогы, кейіпкер мінезін ерекшелеп тұрған сөздерді, суреттемелерді табу 4) кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы,

қақтығыс күресі, қоршаған ортаға катысы 5) кейіпкерлердің адами ұнамды қасиеттерін анықтау, олардың оқушыларға әсері. Бұндай жолмен талдау-оқушылардың шығармадағы кейіпкерлердің өмірмен тікелей бірлігін көрсете, салыстыра отырып, олардың іс-әрекеттері арқылы мінез-құлқын, өзіндік қасиеттерін танып, білуіне жол ашады. Осы тұрғыда кейіпкерлерді таныту ісін 5-сыныптан бастап, сатылай үйрету, түсіндіру, ұғындыру арқылы оқушыларды кейіпкерсырына біртіндеп ендіреміз. Ол үшін оқиғалы әңгімелерді оқыту үстінде осы шығармада қандай кейіпкерлер кездеседі, олар кімдер, бір-бірімен қарым-қатынасы қандай, оқиға барысына, оның дамуына катысы қандай, оның мінезінен, берілген, сипатталған портреттерінен нені аңғарамыз, шығармадағы кейіпкерлердің өмірде көріп жүрген адамдармен ұқсастығы бар ма, қай кейіпкерді ұнатасындар, ол несімен ұнайды, оны қалай дәлелдей алар едіңдер деген сұрақтар қою арқылы сұрау, жаттықтыру, айқындаттыру арқылы сыныптан сыныпқа күрделендіре түсіп, оларды толық салыстырмалы талдауға алып келтіреміз. Бұл әрине, мұғалім тарапынан үлкен ізденісті, еңбектенуді, әдіс-тәсілдерді қолдануды талап етеді. Қай шығарма болмасын оқиға желісі, жазушы мұрасы нақты бір кейіпкерлердің айналасына жинақтала, соны негізгі нысанаға ала отырып айқындалады. Сондықтан оқушыны шығармадағы негізгі тұлға-кейіпкерлерді тани отырып, басқа кейіпкерлерді сонымен салыстыра, сабақтастыра талдауға үйретуіміз керек. Мысалы, 6- сыныпта «Тортай мінер ақ боз ат» (О. Бөкей) әңгімесін өткенде, ондағы басты кейіпкер Тортайға ұқсас бейне (С. Мұратбеков) «Жусан иісі» әңгімесіндегі Аян бейнесімен салыстыра отырып, олардың ұқсас, ортақ белгілерін, өздеріне тән ерекшеліктерін таптырамын. «Жусан иісі» С. Мұратбеков Аян бейнесі Ортақ белгілері «Тортай мінер ақ бозат» О.Бөкей Тортай бейнесі 1.Өжет 2.Төзімді 3.Тазалықты сүйеді 4.Ұқыпты 1.Жетім 2.Қиялшыл 3.Зерек, білімге құмар 4.Мейірімді 1.Намысшыл 2.Еңбекқор 3. Жазушы болуды армандайды 4.Жасқаншақ

Бұл әдіс — өткен тақырыпты еске түсіруге, кейіпкерлердің түрлі қасиеттерін, олардың ортақ белгілерін, ерекшеліктерін анықтау арқылы кейіпкерге сыни көзқарас қалыптастыруда тиімді. Сол сияқты «Тұжырым» кестесін қолдану барысында оқушылар шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы олардың мінез-құлықтарын таниды. Кейіпкерлер мінез-құлығы сюжеттегі қақтығысқа деген сыни көзқарас қалыптастырады. Бұл әдістің тиімділігі-оқушылар көркем шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы мінездеме береді, олардың адами қасиеттерін таниды, содан үлгі алады. Кейіпкерлер бейнесін танытудағы тиімді әдістердің бірі-тірек-сызбалар арқылы бір типті кейіпкерлерді топтастыру. Бұл әдістің тиімділігі сол, оқушылар кейіпкерлерді топтастыру барысында олардың өздеріне тән мінездерін, белгілерін табады.

Келесі бір тиімді әдіс – «Зиг-Заг». Жеке және топтық жұмыс кезектесетін өте ерекше әдіс. Сабақ үшін жаңа ақпараттың үлкен қабатын қамту қажет болған кезде өте сәтті әдіс.Сонымен, шарттар берілген-сабақ үшін материалдың үлкен қабатын игеру қажет.

1) сынып қатысушылар саны тең топтарға бөлінеді. Мысалы, әр топта 5 оқушыдан тұратын 5 топқа. Ыңғайлы болу үшін біз осы бастапқы топтарды жұмысшылар деп атаймыз. Мәтін осы бастапқы топтағы қатысушылар сияқты бөліктерге бөлінуі керек. Егер мәтін тым көлемді болса, онда сыныпты әрқайсысы 7 адамнан тұратын үш жұмыс тобына бөлуге болады.

2) әр топ бірдей мәтінді алады. Сонымен қатар, жұмыс тобының әр қатысушысы мәтіннен бір үзінді алады. Бұл үзінділерді нөмірлеуге немесе әртүрлі түстермен белгілеуге болады.

3) жеке жұмыс. Әр оқушы мәтіннің өз бөлігімен жұмыс істейді-ақпаратты өңдейді, талдайды, тірек конспектісін жасайды. Үзіндіден қажеттінің бәрін алу маңызды. Оқушының міндеті: өзіндік квинтэссенцияны ұсыну. Сонымен қатар, ол мұны басқаша жасай алады-кластер, кесте, диаграмма, инфографика және т. б.

4) жұмыстың келесі кезеңі — топтық. Енді оқушылар өздерінің "әріптестеріне"көшеді. Сараптама топтары құрылады. Яғни, бір командада № 1 үзінді алғандардың барлығы, ал екінші командада № 2 үзінді алғандар болады. Талқылау кезеңі басталады. Оқушылар өз жұмыстарымен, пікірлерімен алмасады, мәтіннің бір бөлігін көрсету үшін ең жақсы нұсқаны таңдайды.Қосымша тапсырма басқалардың материалды қаншалықты түсінгенін және меңгергенін көрсететін үзінді бойынша сұрақтар құрастыру болуы мүмкін. Сонымен қатар, сұрақтарды әртараптандыруға болады — бұл жай сұрақтар, мини-тесттер немесе кейбір практикалық тапсырмалар.

5) осыдан кейін балалар өздерінің жұмыс топтарына оралып, ойлау кезеңі басталады. Әр адам өз кезегінде мәтіннің бір бөлігін ұсынады. Бұл қысқаша, кластер, кесте болады-бұл сараптамалық топта жұмыс істеу сатысында шешіледі. Осылайша, студенттердің әрқайсысы бүкіл мәтін бойынша ақпарат алады.

6) "Зигзаг" бүкіл сыныптың жалпы жұмысымен аяқталады. Мәтіннің әрбір бөлігін осы мәселе бойынша сарапшылардың бірі ұсынады. Нәтижесінде материалды екінші рет тыңдау орын алады. Қалған сарапшылар әріптесін "толықтырады".Рефлексия кезеңінде оқушылар ақпаратты қабылдау үшін қай топ және кімнің презентациялық жұмысының тиімді болғанын анықтайды.

«Крест -нөл» әдісі. Өмірмен байланыстыра отырып әркім өз қажеттілігіне қарай шығармадағы кейіпкер мен өзін салыстыра сипаттаңдар.

1.Өзіңіз және басты кейіпкер 2.Шығарманың түйінді тақырыбына 3.Шығарманың тақырыбына сәйкес келетін жайлы өлең жазыңыз , сіз бен кейіпкердің (Сержанның) ұқсастықтарын табыңыз сурет салыңыз оны бейнелейтін ән айтыңыз 4.Шығармадағы кейіпкердің болашағы қандай болатынын өз ойыңызбен сипаттаңыз 5. Шығармадағы басты кейіпкердің (Сержанның) проблемасын шешу үшін сіз қандай амалдарды қолданатыны ңызды жазыңыз 6.«Асыл ана» «Менің анам» «Әлемдегі әйгілі адамдардың анасы» «Менің досымның анасы» Осы тақырыптардың бірін таңдап әдеби эссе жазыңыз 7. Сіз «суретшісіз» шығармадағы қызықты көріністі өз сөзіңізбен суреттеп жазыңыз. 8.Сержанға сізде қолдау білдіріп оған деген

тілегіңіз мен ұсынысыңызды жазыңыз. 9. АКТ-ны бағдарламаларын пайдалана отырып Сержанның көңіл күйін диаграммаға салыңыз.

2.2 Прозалық шығармалардың сюжеті мен тартысын меңгертуге арналған дидактикалық тапсырмалар жүйесі

Елімізде кең қанат жайған әлеуметтік-саяси жаңарулар әдебиетші-ұстаздан сабақ сапасы мен тиімділігін арттырып, оқушылардың әдебиеттанушылық білім, білік, дағдыларын, жан-жақты жарасымды дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді. Ал, әдеби білім көркем шығарманы оқу, талдау арқылы шәкірттер туындының бүкіл тынысын сезіне білуге, ондағы бар көркемдік нәрді терең танып қабылдауына, оқырман ретінде қалыптасуына қызмет етеді. Көркем шығарманы талдап-оқыту нәтижесінде әдебиеттің қыр-сырын ұғыну барысында оқушы оқу бағдарламасының талаптарына сай қазақ және туысқан халықтар, әлем әдебиетінің кейбір озық үлгілерімен танысады. Өзіндік ой-тұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға ұмтылады. Алайда, бұл оңайшылықпен іске аспайтыны белгілі, оқушылардың білім алу көзі оқулық болғандықтан, әдебиет пәнінде берілген ақын-жазушылардың еңбектерін, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, ежелгі дәуір әдебиетін жан-жақты терең меңгеруде талдаудың рөлі ерекше екені үнемі назарда болғаны орынды. Қазіргі заман талаптарына сәйкес әдеби білім мазмұны оқушының жас ерекшеліктеріне лайықты құрылып, ұлттық құндылықтары басым танымдық оқу материалдарының іріктеп берілуі ұлтжанды азамат, жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызы зор. Республикамызда жалпы білім беретін мектептердің алдына оқушыларды бәсекеге қабілетті тұлға етумен қатар, оларды құзыретті азамат болуға бейімдеу талабы басымдылық танытуда. Оған қол жеткізуде әдеби туындыны талдап-оқытудың бала өміріне тигізетін пайдасы мен баға жетпес маңызын зерттеуші ғалымдар, әдіскерлер өз еңбектерінде жан-жақты дәлелдеген. Бірнеше жылдар бойы жүргізілген зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде көркем шығарманы талдаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін тұтас жүйелі құбылыс ретінде қарастыра отырып, төмендегідей қорытындыларға келдік:

- осы күнге дейін орта мектепте көркем шығарманы талдаудың әдістемелік жүйесі әлі де жетілдіруді талап етеді;

- қазақ әдебиеті пәнінің оқу бағдарламалары мен оқулықтарында көркем шығарманы талдау мәселесі өз дәрежесінде ескерілмеген. Әдеби-теориялық ұғымдарды, сұрау-тапсырмалар жүйесін беруде сабақтастық, жүйелілік жоқ;

- көркем шығарманы талдаудың әдістемелік жолдары, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері анықталмаған; қазақ әдебиеті пәнінен талдауға байланысты оқытудың жаңа әдістемелік жүйесі арнайы қарастырылмаған;

- пән мұғалімдеріміздің басым көпшілігі көркем туындыны түр мен мазмұн бірлігінде талдай алмайтындықтарын көрсетті. Жоғары сыныптардың өзінде мазмұндау, жалаң баяндау басым;

- оқушылар оқу бағдарламасының талаптарын орында киналады, көркем туындымен өздігінен жұмыс істей білмейді. Мәтінмен жұмыс өз дәрежесінде еместігі байқалды;

- мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдарда әдеби шығарманы талдаудың жолдары нақты көрсетілмейді, жалпылама беріледі;

- әдеби жаттығулар, проблемалық тапсырмалар жүйесі талдауға байланысты алынбайды. Мұның өзі оқушылардың танымдық қабілетін арттыруға, логикалық ойлау жүйесін жетілдіруге, дүниетанымын байытуға, шығармашылық ізденісін қалыптастыруға ықпалы аз болатынын тәжірибе дәлелдеді.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу барысында оның маңыздылығы айқындалды:

- бүгінгі таңдағы білім беру саласының басты міндеті – оқытудың сапасын арттыру, сабақтың тиімділігін көтеру. Осы ретте орта мектепте көркем шығарманы талдаудың әдістемелік жолдарын, оқытудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдері, жаңа технологияларды ұтымды пайдалану жақсы нәтиже беретіндігі дәлелденді;

- орта мектеп оқушыларының талдау технологиясына байланысты игерген білімін, білігін, дағдыларын іс жүзінде нәтижелі пайдалана білуі негізгі көрсеткіш болып саналады. Ол белгілі бір қағидалар арқылы жүзеге асады. Қазақ әдебиеті сабағында көркем шығарманы талдау бағытындағы әдістемелік жүйе арнайы ұстанымдарға сүйенетіндігі айқындалды;

- орта мектепте көркем шығарманы түр мен мазмұн бірлігінде талдаудың тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі шарттардың, оқушылардың әдеби-теориялық білімділігі мен сол білімді іс жүзінде қолдана білу білігі мен дағдыларының қажеттігі расталды;

- көркем туындыны талдауды тұтастықта жүргізу, әрбір көркем бейнені шығарманың бүкіл кейіпкерлер жүйесімен, қоршаған ортамен, қоғаммен, жазушы ойымен, авторлық ұстаныммен байланыстыра, шығарманың идеялық-саяси бағытымен қабыстыра қарастыру керектігі жайлы ұсынған әдістемелік ойларымыз дұрыстығын бекіте түсті;

- орта мектепте әдеби туындыны оқып үйрену, оның кейіпкерлер жүйесін, көркемдік-эстетикалық, әлеуметтік-этикалық астарларын талдау жұмысы бойынша атқарылатын іс-шаралардың әдістемелік жүйесі ұсынылды. Мұны оқытудың зерттеу әдісі арқылы оқушылармен жұмыс түрлерін (жеке-дара тапсырма беру, мәнерлеп оқу, түсініктеме бере оқыту, ұстаздың сыныппен әңгіме жүргізуі, баяндама, хабарлама, пікір, рецензия, реферат, мінездеме жаздыру т.т.) ұтымды жүргізе отырып, сыныптық сабақты әңгіме-сабақ, пікірталас-сабақ, семинар-сабақ, конференция-сабақ түрінде өткізіп, орындалған шараларын тиімділігі тексеріліп байқалды.

- орта мектепте көркем шығарманы талдау мәселесін зерттеудің мақсат-міндеттерін дәйектеу педагогикалық-психологиялық ұстанымдарға негізделген біртұтас жүйе арқылы жүргізілгенде ұтымды болатындығын тәжірибе нәтижелері көрсетті.

Өйткені, көркем шығарманы орта мектеп қабырғасында талдау мәселесін, диссертацияда көрсетілгендей, ғылыми-әдістемелік негізде қарастыру сабақтың танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мәнін жүзеге асырады. Соның нәтижесінде біз шәкірттерге қоршаған орта, өмір, адамдар жайлы әдебиеттен білім, білік, дағды берумен бірге, олардың жеке тұлға ретіндегі өмірлік танымдарын, жалпы түсініктерін толықтыра түсеміз. Осы ретпен жалпы білім беретін орта мектептегі жас жеткіншектердің дүниеге көзқарасын, сана-сезімін қалыптастырамыз.

Талдау технологиясында мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастар жаңа қағидаларға негізделеді, ол нәтижелі тәлім-тәрбие алуға, азаматтыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға, өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақтың алдындағы әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетіне жауапкершілігін сезінуге, гуманистік дүниетанымды қалыптастыруға бағытталады. Бұл – қоғамымыздың қазіргі кезеңдегі басты талабы.

Көркем туындыны оқытып, сауатты талдауға қол жеткізу үшін автордың мақсат-мұратын, ойын білдіретін әрбір деталь, көркемдік тәсілді дәл танып, жазушы шеберлігін оқушыға дұрыс таныта білу керек. Оқушының танымдық-шығармашылық қабілетін, ойлау белсенділігін дамытатын, өз жоба-жорамалын ұсыну, салыстыру негізінде дұрыс шешім табуға жетелейтін әдістің бірі – проблемалық талдау. Ол көркем туынды негізіндегі проблеманы дәл танып, ізденіске, әдеби айтыс-тартысқа жетелейтін сұрақтар әзірлеуді қажет етеді. Сұрақ авторлық идея, проблема, кейіпкер іс-әрекеті т.б. негізінде туындайды. Осылайша оқыту-талдаудың ұтымды жағы мынада:

- 1) ақиқатқа жету, проблеманы шешу үшін ізденеді, зерттейді.
- 2) оқығанды ой жүгіртіп, зерделеп қабылдауына негіз болады.
- 3) оқушы мәтінге жүгініп, өз ойы, болжамын, көзқарасын айтуға машықтанады.
- 4) оқытудың жалғаспалық, жүйелілік принципі тоғыса келіп, оқушыға терең білім беру жүзеге асады.

Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі, сондықтан көркем шығармадан алынған үзінділерді оқулыққа ендіруде төмендегідей қағидалар басшылыққа алынған: шығарманың жанрлық, композициялық тұтастығы; оның ұлттық қазына екендігі; мәтіндердің сәйкестігі мен сабақтастығы; әдебиетті сөз өнері ретінде таныту; оқушы тілін дамыту негізінде оқырмандық біліктілікті қалыптастыру; оқушылардың тілдік қатынасын коммуникативтік түрде дамыту. Бұл жерде міндетті түрде оқушылардың пән бойынша іскерліктерін танытатын, жалпы іскерліктерін дамытатын шығармашылық әрекет қажет. Әдістеме аппаратының басты функциясы – көркем шығарманы қабылдатуға үйрету болғандықтан оқушы мен мұғалім арасында жүйелі байланыс орнығуы керек. Міне, осы жүйелі байланысты өз тәжірибемде қалай іске асырып жатқандығымды көрсету үшін, көркем шығарманы оқытудың қағидаларында кездесетін кейбірқиыншылықты шешудің тиімді жолдарын көрсету мақсатында «Қазақ әдебиеті сабағында

көркем шығарманы оқытудың тиімді жолдары.» атты тақырыпты тандап алдым.

Әр кезеңдегі тарихи жағдайлар әдебиетке жаңа міндеттер жүктейтінін ескерсек, кезеңіне қарай, тартыс жаңа мазмұнға, жаңа сапаға ие болатынына ешкім дау айта қоймас. Дегенмен қазақ әдебиеттану ғылымындағы зерттеулерге назар аударсақ, қазақ прозасындағы тартыс категориясының талай дау-дамайға жетелегені, әрқилы бағаланғаны, түрлі ғылыми жүйеге негізделгені анық. Зерттеулерде тартыс категориясының әдеби даму үдерісін айқындауға мүмкіндік беретін, оған қоса әдеби кезеңнің, жеке жазушының болмысын танытатын күрделі ұғым екені орнықты айтылған.

Алғашқылардың бірі болып А.Байтұрсынұлы тартыс категориясына: «Адам бала күнінде тысқы ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді ғана танумен болады. Ержеткен сайын дүниенің ісіне өзінше сүйсініп, өзінше күйініп, өзінше жол тұтып, өзінше жол белгілеп, жақсылық, жамандыққа өз көзімен қарап, өзінше сынап, өзінше бағалап, өзінше пікірлейтін болады. Өз алдына мұны, мұраты, мақсаты, мүддесі болып, сол мұрат-мақсатына жету талабына кіріскен жерде тысқы ғаламға тиісті жердің шегіне келіп, ішкі ғалам мен тысқы ғаламның шарттары тура келмей екеуі ілінісіп, ұстаса кетеді» [1, б.294] – деп сипаттама береді.

Бұдан әрі тартыс Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, З.Қабдоловтардың оқулықтарында ғылыми талдауға ие болады [49, б.39]. Сюжет көптеген әдебиеттанушы ғалымдардың пікірінше, көркем шығармада жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі, жүйесі. Осы оқиғалар жүйесінің ішкі мазмұнының ашылуы тартыстың негізінде жатады. Сюжет пен тартыстың үнемі бір-бірімен қатар өрілуі міндетті емес. Бұл жөнінде зерттеуші Т.Есембеков мынадай пікір білдіреді: «.....Конфликтное течение может начинаться раньше, чем сюжетное, а может быть и вынесен автором за «пределы» текста. Сюжетное действие не может быть вынесено, оно может в лучшем случае задержаться, но его «опаздывание» вряд ли служит оправданием. Так или иначе образно-стилевое воплощение конфликта распределяется по всему тексту-воссоздание деталей, штрихов, обстоятельств, ситуации, эмоции» [50, б.97]. Бұдан көркем туындының бойынан тартыс пен сюжетті қатар іздеу, соның негізінде бағалау үнемі жемісті бола бермейтінін байқаймыз. Жазушының мақсат-мұраты, басты идеясы шығарма тартысының ең түпкі қабатында орын алып, ал сюжет тек сыртқы жамылғы есебінде қызмет атқаруы да әбден мүмкін.

Қазақ прозасында сюжет екінші кезекте қалып доминанттық рөл философиялық пікірлер болып келетін шығармалар баршылық. Бұл шығармалардағы аңыздық желінің деңгейінде ғана алынуы сюжет динамикасына да әсері бар. Негізгі екпін кейіпкерлердің ішкі халіне рухани толғанысына түсірілгендіктен, бір-бірін жылдам айырбастап дамиды. Ішкі драманың сыртқы әрекетке айналуы, бір қалыпты дамып келе жатқан сюжет аяқ астынан шырығып, күтпеген, тосын өмір ситуацияларының қым-қуыт тартысқа айналып кетуі қазіргі әдеби үрдіске тән сипат. Осындай тәжірибелер ұлттық әдебиетімізде кездесіп отыратынын, тіпті көркемдік

принцип мәніне ие болғанын атап өтуге болады. Тартыс категориясын айқындауға ғалым Н.Ғабдуллин де ден қойып, өзінің «Замандас келбеті» атты еңбегінде осы мәселеге кеңінен тоқталған. Ғалым прозадағы тартыс сырына, оның қаһарман сомдаудағы мән-маңызына арнайы тоқталып, біраз ойлар түйеді. Нақты тоқталсақ, «Қоғамдық құрылыс аясында сапалық өзгерістер туып жатуы-даму шарты. Қоғам жаңалықтары жұрттың экономикалық және мәдени өміріне соны күйлер енгізді. Қалыптасқан бұрынғы тәртіптерді, үйреншікті дағдыларды ығыстырып жаңа үлгілер шығады. Міне осы өзгерістер адамның ақыл-ойына, санасына зор ықпал еткен. Санадағы ескі ұғым бірден өшпейді, жаңа ұғым бірден бекімейді, екеуінің арасында тартыс туады. Сол тартыс адамды терең толғанысқа түсіреді, адамның басынан бір алуан күй өтеді. Ол тебіренеді, алабұртады, қобалжиды, тынышы қашады; қашан түзу жөнін тапқанша, ойы онға, ақылы алтыға бөлініп, шарқ ұрады» [51, б.110] деп көрсетеді зерттеуші.

Ғылыми еңбектердегі тартыс категориясы туралы әдебиеттанушы Р.Нұрғали: «Әдебиет алғашында антогонистік таптардың өмір сүру формасы басқа екі әлемнің күресінен туындаған конфликтілерді жазды. Бірақ, бұдан таптар жоғалған өмірдегі қарама-қайшылықтар жоғалды деп қорытынды жасауға болмайды. Өмір қайшылығы қисапсыз. Мұны ұмытуға өнердің хақы жоқ» [47, б.122] деп, тап тартысы сияқты кезеңдік сипаттағы тартыстардың әдеби үдерісте уақытша ғана көрінетінін, ал өмірлік қайшылықтардың әдеби туындының өзегіне қашанда үнемі айналып отыратынын баса көрсеткен. Академик С.Қирабаев: «Қазіргі әдебиеттің идеялық-тақырыптық қана емес, эстетикалық маңыздылығын талдауда шығармадағы тартыстың сырын, көркемдік ерекшеліктерін ашып көрсетудің мәні өте үлкен. Тартыс екі пікірдегі адамдардың қақтығысы емес, шығарманың бейнелеу құралдарындағы қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресін танытады, автордың философиялық эстетикалық концепциясын анықтайды» [53, б.51] деген пікір білдіреді.

1960-70 жылдардағы қазақ әдебиетінде ерекше құбылыс ретінде көрінген қаламгерлер шығармаларын бағалауда, талдау жүргізуде кей сәтте әдеби сын өзінің дайын еместігін байқатты. Олардың туындыларындағы ишара, меңзеу сипатындағы тартыс түрлерін сыртқы сюжеттік оқиға арқылы пайымдау, түсіну мүмкін емес еді. Себебі сыртқы оқиғалық және ішкі психологиялық болып табылатын тартыс түрлері бар. Кейде тартыс нақты оқиғалық сюжеттің дамып, бір-біріне қарама-қайшы характерлердің ашық күресі көрініп тұрса да, автор интрига, құпиялылық элементтерін кіргізсе де тез табылады. Егер тартыс қаһармандардың ішкі жан дүниесіне кірігіп, сыртқы оқиғада көрінбесе, бұндай жағдайда жазушылар «терең» мәнді стилистикаға, яғни детальдар мен фразаларды «ауырлатып» подтекске көп мән бере бастайды. Туындыларда сырттай ештеңе көріне қоймайды, рефлекс, естеліктер тартысы терең қабатқа кетеді.

Кейбір әдебиет зерттеушілері тартыстың әдебиеттегі көркемдік қызметі тек қана шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнымен байланысында емес, көркем тартыс сюжет пен композициясының негізі, адам характерін

ашудың көркемдік құралы деген қорытындаға келеді. Жалпы қазақ әдебиеттану ғылымында тартыс категориясы Т.Есембековтың «Драматизм и казахская проза» атты зерттеуінде тереңірек қарастырылған. Зерттеуші біріншіден, тартысты эстетикалық категория ретінде қарастырып, оның сюжет, характер, стиль мәселерімен арақатынасына жан-жақты тоқталды. Сондай-ақ бұл еңбекте тартыс категориясының ұлттық әдебиеттегі сапалық өзгерістері, көріну сипаты сияқты тың мәселелер қарастырылған. «Көркем конфликт – бұл коллизияда тарқатылатын (идеялық-бейнелілік құрылым тұрғысынан) идеялар, характерлер, оқиғалар мен көзқарастар, сезімдер қайшылығынан туындайтын, идеялық-бейнелілік көп қабатты компонент. Көркем конфликтіні қабылдаудағы осы түсінік бірден-бір дұрыс түсінік ретінде әдебиеттің даму тарихын нығайта түсері сөзсіз» -деген Новиков пікірі ойды дәлелдей түседі [54, б.335].

Ұлттық әдебиет туындыларында қоғамдық ой-сана заман тынысына сай өзгеріп отырғаны белгілі. Сондықтан 1920-50 жылдар прозасындағы тартыс табиғатын саралау үшін ең алдымен, оның әдеби даму үдерісін анықтайтын категорияның бірі екенін ескере отырып, сол кездегі әдеби қоғамдастық түрлерін зерделеу қажет. Аумалы-төкпелі заман тудырған адамның ақылына сыймайтын, мағынасыз жаңа тәртіпті қабылдай алмаған суреткерлердің басты мақсатына модернистік бағыт сәйкес келген еді. Бұл бағыт М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезовтерге жаңа өкімет еріксіз таңған әдебиет функциясынан бір сәт алшақ кетіп, өз мүмкіншіліктерін пайдалануға көмектесті. Олар ақиқатты модельдеуге, жоқ дүниені қолдан жасап безендіруге қарсы болды. Социализмге тән белгілі бір нормамен шектелген әйтеуір бір кезде жүзеге асады деген елес идеяны нысана тұту олар үшін өнерде өтірік және ойдан шығарылған боп көрінді, сондықтан да олар осы аумалы-төкпелі заманның артына қалдырар салқыны туралы ойлады. Ұлтжанды ақын-жазушылардың шығармаларында тартыс ишара, мегзеу сипатында көрінді. М.Әуезов «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі үш әйел тізбегі тегін алынбаған. Үш ұрпақ өкілі. Араларында жібек жіптей нәзік жалғастық бар. Олар тек жетім-жесір кебінін киіп қана отырған жоқ, мейірімнің жоқтығынан, қаныпезер қарақшылықтан жапа шегіп барынан айырылып отыр. Күшікпайдай жаны жайсаң батыр барда жауға кеткен мал қайтатын. Жан беруі бар, ел намысы ешкімге кеткен жоқ. Ана мен қыз ешқашан ешкімге қолжаулық болған емес. Ал Ақан болыс болып, мырза атанғанымен батыр түгіл азамат, азамат тұрмақ өз мағынасындағы адам да емес. Тұрмысы тоз-тоз кемпір адам ретінде руханият төрінде отыр. Тәні - тарамыс, жаны жарқырап тұр. Қазақ рухының бейнесі іспетті. Ғазиза-руханиятымыздың қарашығы. Ұлттық құндылық – қашанда халық қазынасы. Сол алтын қазына үзіліп түскелі тұр. Бұл талай нар тұлға мерт болған қиын өткел екенін тарих біледі.

1930-50 жылдар әдебиетінде тартыс белгілі бір дүниетаным немесе әлеуметтік топтар арасындағы болғаны ешкімге жасырын емес, оның себептерін әркім әрқалай түсіндіріп жүр. Әдебиетімізде бір-біріне ұқсайтын кейіпкерлер бейнесі сомдалды. Олардың басты мақсаты кеңестік өмір

шындығын көрсету болғандықтан, шығарма тартысы соған ғана қызмет етті. Шығарманың финалы сәтті аяқталып, ұнамды кейіпкер жеңіске жетіп отыруы сияқты мәселелер орын алды. Бұл жалаң ұраншылдық әдебиеттің көркемдігін солғындатып, авторлық позиция белгілі бір идеологияның жаршысына айналған кезең еді. Сондықтан әдебиетте кезеңдік тартыстар басым болды. Әдебиетте өзіндік ой өрісі, пікірі, көзқарасы бар кейіпкерлер азайды.

Қорыта айтқанда, қазақ кеңес әдебиетінің туу, қалыптасу кезеңі басталған еді. Бүгінгі күн көкжиегінен пайымдай қарайтын болсақ, бұл әдебиеттің бойында кейбір кереғар сипаттар бар сияқты. Себебі ол ұлттық тілде жазылған көркем туындыларды құраса да, мемлекеттік-саяси принцип мәселелерін қамтиды. Осы жерде өз-өзінен заңды сұрақтар туындайды. «Кеңестік әдебиет» және «кеңестік әдебиет емес» деген ұғым бар. Себебі қазақ әдебиеті туындыларын осындай екі жүйеге бөліп, оның бірін (кеңестік емес әдебиетті) мүлдем әдебиет тарихынан шығару көзделіп, ұзақ уақыт олар туралы үндемей келгеніміз шындық. Қалай десек те бұл тұтас қазақ әдебиеті. Қазақ әдебиетінен қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты алынып тасталған, аластатылған туындыларды зерттеп зерделеу бүгінгі күн талабы екені шындық. Өмірлік шындықты көркем шындыққа айналдыру, оны шынайы кейіпкерлер арқылы қалың оқырманға әсерлі жеткізе білу тек дарынды қаламгердің еншісіне тиесілі екендігі ежелден белгілі.

Бүгінгі білім мазмұны білім беру үдерісіне әлемдік көзқарас тұрғысынан оның философиялық мәнін, педагогикалық, психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін жанаша қарауды қажет етеді. Сондықтан білім беру саласында философтар мен педагог ғалымдар жеке тұлғаға бағытталған оқытудағы дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау, жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізудің қажеттігін дәлелдеуде. ЖОО-да білім берудің басты талабы – жоғары шығармашылық мүмкіндіктері мол педагогикалық маман тұлғасын қалыптастыру. Елбасы студенттерге, жастарға қазіргі заман сұранысы жастардан ерік-жігер мен білімді талап ететінін кездесулерде: «Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының қозғаушы күші... Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар адамдардың уақыты», екендігін ерекше атайды. Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне шығуы жаңа жүйедегі білім беруді қалыптастыру үдерісі дәстүрлі білім беру парадигмасының ауысуынан байқалады. Қазіргі білім беру тәжірибесі білім берудегі дәстүрлі субъект-объектіліктен тұлға қалыптастыруға, яғни, субъект-субъектілікке, «адам-адам» жүйесіне гуманистік қарым-қатынасқа негізделеді. Бұл мәселедегі негізгі құндылық адамның тұлғасы және оның тұлғалық барлық мүмкіншілігін дамыту болып отыр. Болашақ маманның шығармашылықпен дамуы деп оның үздіксіз білім алуға құштарлығы, игеретін білім қоры арқылы өзін-өзі жетілдіруге дайындығын айтамыз. ЖОО-да әдебиеттанушылық білім беруде әдебиеттің тектері мен түрлерін танып ажырата білу, олардың әдеби білім берудегі орнын анықтау маңызды. Тұлға

дамытуда қазіргі қазақ прозалықссын оқыту мәселесінің маңыздылығы – прозалықның төл табиғатына оның тәуелсіз қоғам азаматын тәрбиелеудегі білім мен өнердің екі қыры сақталуында. Қазіргі қазақ прозасын оқытудың педагогикалық, психологиялық аспектілері тұлғаны шығармашылықпен дамытудың мазмұнын айқындайды. Бұл екі жақты зерттеулер педагогика және психология ғылымдарының жетістіктері негізінде тұлғаның прозалықлық шығармаларды оқу арқылы шығармашылық қабілеттерінің дамуы мен әдебиетші мұғалімнің кәсіби даярлығы дамуы тұрғысынан қарастырылады. Психология ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып прозалық шығармалар оқудағы білім алушының психологиялық жай-күйі зерделенеді. Педагогика ғылымының зерттеулері негізінде болашақ әдебиетші маман, педагог тұлға қалыптастыруда қазіргі қазақ прозалықссын оқудың педагогикалық шарттары айқындалады. Қазіргі тәуелсіз қоғамның дамуы ЖООда кәсіби маман дайындау бағыты педагогикалық еңбекте жеке тұлғалық шығармашылықты түбірлі өзгертуге негізделген шарттардың жаңа үлгілерін жасау мәселесін жүктеп отыр. Педагогикалық іс-әрекет жүйесінің дамуы, қызметі белгілі бір педагогикалық шарттардың сақталып іске асуымен байланысты.

Қазіргі қазақ прозасын оқытудың педагогикалық шарттарын анықтау үшін алдымен «шарт» ұғымының мәнін ұғынсақ. Бірінші шарт ұғымына қарапайым түсінік берсек, белгілі бір іс-әрекеттің, жағдайдың нәтижелі болуы үшін екінші жағдайдың арақатынасы болуы. Шарт ұғымының философиялық және педагогикалық мәнін түсіндіретін болсақ, «Шарт – заттың қоршаған құбылыстарға қатынасын білдіретін философиялық категория. Шарт өзі пайда болатын, өмір сүретін және дамитын жағдайда ортаны құрайды» деп түсіндіріледі. Білім беру, оқу, тәрбие мәселесінің нәтижелілігі ғылыми жетістіктегі педагогикалық шарттардың болуын құрайды. Педагогикалық шарттардың мәнін ғалым В.И.Андреев оқу-тәрбие үдерісі шаралары - оқытудың мазмұны, әдістері, ұйымдастырушылық формасы деп қарастырса, О.А.Свириденко жеке тұлғаның дамуында болашақ мамандығының сипатына қарай оқу-танымдық кезіндегі шарттылық: ол арнайы пәндердің оқу материалын дидактикалық өңдеу, оқыту заңдары, ұстанымдары, ережелері болуы шарты, Е.Ю.Никитина педагогикалық шартты жеке тұлғаның сапалы дамуындағы білім беру үдерісіндегі іс-шаралардың жиынтығы деп түсіндіреді. «Педагогикалық шарттар» ұғымының мазмұны, өзіне тән ерекше белгісі оқу мен тәрбиелеу мәселесіне байланысты қызметтердің тиімділігін орнықтыратын объективті және субъективті жайттардың жиынтығы деп тұжырымдаймыз. Ал ғылыми дереккөздерде «шарт» сөзінің мазмұны тереңірек, жан-жақты ашылған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «байланыстылық, өзектестік, іліктестік, сабақтастық» деген ұғыммен түсіндіріледі. Қазіргі қазақ прозалықссын ЖОО-да оқыту әдістемесін жасау үшін де ғылыми байланыстылық, қаралатын мәселенің өзектілігі, теория мен әдістеменің сабақтастығы тәжірибесінің нәтижелі білім беруге бағытталуы да осы жұмыстың педагогикалық шарттарының негізін құрайды. Қазіргі қазақ прозасын тиімді

оқытуға қажет шарттарының негізіне оқу бағдарламасы бойынша оқытылуы, берілетін білімнің көлемі мен мазмұны, бірізділігі, табиғилығы, жүйелілігі, игеру беріктігі, анықтығы, білім алушының дербес әрекеті алынады. Сонымен қазіргі қазақ прозасын оқытудың педагогикалық шарттары кәсіби маман тұлғасының дамуы мен қалыптасуына ықпал ететін негізгі іс-әрекеттер, талаптар мен ережелер жиынтығы деп қабылдауымызға болады.

Прозалық шығарманы оқыту – үлкен өнер. Жасөспірім оқушының шығарманы тек оқығанын қамтамасыз етпей, оның түйсігіне қоңырау шалу – ақ тер мен көк тер түбінде жатқан еңбек. Бұл маңызды қадамды аттап өту мүмкін емес. Себебі мектеп оқушылары – болашақ иесі. Өзінің төл мәдениетін танитын, сыйлайтын, қадір тұтатын, рухани бай, саналы, деңгейі жоғары білікті ұрпақ тәрбиелеу білім беру жүйесінің мойнына артылған ауыр салмақ болып отыр. Ал әдебиет сабағы ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін оқушыға саналы сіңіріп, оның мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын оң қалыптастыра алатын тәрбиелік мәнге ие. Бұл тәрбиені беру барысында прозалық шығармаларды талдаудың маңызы айрықша зор. Сол себепті талдау жұмыстарының жемісті болуына бағытталған дидактикалық тапсырмаларды қолдану әлдеқайда нәтижелі болары сөзсіз.

Осы салыстыру кестелерінен «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының негізгі қағидаларының шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталғандығын көреміз. Академик Лернер бойынша білім — мәліметтер мен деректер, икемділіктер мен дағдылар, шығармашылық іс-әрекеттер, көңіл-күй құндылық бағдарларынан тұрады. Осыны ескерсек, сын тұрғысынан ойлау сабақтарында осы аталған бағдарлардың іске асып, нәтижесін беретіндігіне күмән болмайды.

Оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық, тәрбиелілік мүмкіндіктерін пайдаланып және осы жүйені қолдану барысында қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту ойдағыдай жүзеге асырылады.

Адам бойындағы қабілетті шыңдау, өмірге деген сын мен тура көзқарасты оятуда түрлі тапсырмалар, талдау жұмыстары мен ойындардың аларорны да, атқарар рөлі де ерекше. Адамның танымы неғұрлым биіктей берген сайын, дүниенің көкжиегі де соғұрлым кеңейе бермек. Сондықтан оның танымын өмір сабағы – әдебиет сабағында дамытқан жөн. Қазіргі таңда оқу және тәрбие барысында оқытудың түрлі технологиялары кеңінен пайдаланылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын пайдалануда көпнұсқалылық қағидасы бекітілген. Яғни кез келген мұғалім өз сабағына оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үдерісті кез-келген үлгімен ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұста түрлі дидактикалық тапсырмаларды пайдалану оқушының ойлау қабілеттерін, оның ішінде сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады. Сабақтың кез келген этапына сай түрлі тапсырмалар қолдануға болады. Ол үшін сыни талдау тапсырмалар легін қолданған жөн. Сыни талдау жасау жұмыстың ақаулығын табуды көздемейді. Керісінше,

ойластырылған сыни талдау шығарманың күші мен тиімділігіне ықпал ететін белгілі бір элементтердің өзара әрекеттесуін түсінуге көмектеседі. Осы себепті сыни талдау академиялық дайындықтың орталық компоненті болып есептеледі, сыни талдау шеберлігі көбінесе көркем шығарманы компоненттерге бөліп талдау тұрғысынан ойластырылады, бірақ дәл сол тәсілдер кез-келген пән бойынша мәтіндер мен ресурстар туралы түсінік қалыптастыру үшін пайдалы.

Бұл тұрғыда «сыни» сөзі халықтық, күнделікті сөйлеуге қарағанда басқа мағына береді. Мұндағы «сыни» жай шығарманың кемшіліктерін көрсету немесе оның қандай-да бір стандартқа сәйкес келмейтіндігін дәлелдеу дегенді білдірмейді. Керісінше, мағынаны жинау, сондай-ақ оның қадір-қасиетін бағалау үшін сол жұмысты мұқият оқып шығуға нұсқайды. Бағалау сыни талдаудың жалғыз мәні емес, мұнда ол «сын айту» мағынасынан ерекшеленеді. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия дегеніміз — философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады. СТО технологиясын пайдалана отырып, сабақ құрылымын жоспарлауға шығармашылықпен қарау, әдістемелік лабораторияны жинақтау секілді мүмкіндіктерге қол жеткіздім. 5-6 – сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, талдау арқылы сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында қолданып жүрген стратегиялардың мүмкіншіліктеріне тоқталайын:

1. Оқиғаны мазмұндау
2. Эссе жазу
3. Проблемалық сұрақ
4. РАФТ
5. Блум жүйесі
6. Кубизм
7. Жуан, жіңішке сұрақтар
8. Үш жақты күнделікті толтыру
9. Авторға сұрақ қою
10. Ой қозғау
11. Оқиға желісі
12. Тартыс
13. Алты телпек

Жаңартылған білім беру бағдарламасына сай қазіргі таңда 5, 6 сынып оқушыларына арналған келесі прозалық шығармалар ұсынылған: 5-сынып оқушылары үшін: «Менің атым Қожа» Бердібек Соқпақбаев, «Бауыр» Марат

Қабанбаев, «Анасын сағынған бала» Тынымбай Нұрмағамбетов, «Нағыз әже қайда?» Нұрдәулет Ақыш. 6-сынып оқушылары үшін: «Аяз би» ертегісі, «Жусан иісі» (повестен үзінді) Сайын Мұратбеков, «Тортай мінер ақ боз ат» (әңгімеден үзінді) Оралхан Бөкей, «Қажымұқан» (повестен үзінді) Қалмақан Әбдіқадыров, «Прописка» (әңгіме) Асқар Алтай.

Аталған прозалық шығармаларды меңгертуге бағытталған тапсырмалар жүйесіне оралар болсақ, сюжеттік желі мен тартысты меңгерте отырып, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытуға бағытталған практикалық тапсырмаларға мыналарды жатқыздыруға болады: Кез келген көркем шығарманың сюжетін танып білу мақсатында композициялық талдау жасату.

Екіншіден, көркем шығарманы меңгерту және сол арқылы сыни көзқарас қалыптастыру үшін проблематикалық сұрақ қою. Проблемалық сұраққа жауап іздеу арқылы оқушы түрлі альтернативті сюжет мазмұнын ойластырып, автор көзқарасы мен ондағы дұрыс және бұрыс бағыттарды айқындай алады. Яғни бұл тұста оқушының пайымдау үдерісі жүзеге асып, сыни көзқарасы қалыптаса бастайды:

1. Қалидың күлімсірегенінен Манаптың тұла бойы неге дір ете қалды?
2. Қали неліктен Манаптан әкесі туралы еш нәрсе сұрамады?
3. Не себепті Қали ағасымен орыс тілінде сөйледі?
4. Қали не себепті балалар үйіне тапсырылды?

Топтастыру – оқушыларды еркін ойлауға және тақырыпты ашық талқылауға бағытталған оқыту стратегиясы. Бұл — жаңа идеяларды жинақтап бір — бірімен сабақтастыру үшін қажетті құралым. Топтастыру қызықтыруды ояту үшін, ой тудыруды күшейту үшін қолданылады.


РАФТ – Бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Оқушы жұмысқа кіріспес бұрын мәтіннің мазмұнын жетік түсінуге тырысады, ол үшін оны бірнеше қайтара оқып, ой елегінен өткізеді. Рафт оқушылардың тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз ойларын қағаз бетіне түсіру арқылы эссе жазуға жетелейді, ресми іс қағаздары жөнінде түсініктері қалыптаса түседі.

Жуан-жіңішке сұрақтар: оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтар құрастырады. Бұл дегеніміз оқудың барлық әдістерін меңгеру. Өйткені, оқушы алдымен қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа балалардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді.

Келесі бір тапсырма: тартыс элементін ашуға тікелей қатысты кейіпкер іс-әрекеті мен образын ашу мақсатында «Венн диаграммасы», мінездеу, суреттеу, портрет құру, сурет салу арқылы кез келген екі кейіпкер мінезін ашу. Біріншіден, кейіпкерлердің образын айқындау арқылы оқушы тартыс

астар мәніне қол жеткіздіре алады. Яғни оқиғаның дамуы кейіпкер мінезіне тікелей қатысты. Мысалы: «Қожаның портреттік мінездемесіне сүйене отырып, оның басты ерекшелігін анықтаңыз» - бұл жерде Қожаның қаншалықты тентектікке салынғанымен, соңында өз әрекетіне объективті баға беру арқылы дұрыс шешім қабылдай алу қасиетін анықтау үшін оқушылар кейіпкерге толық мінездеме беріп, түрлі эпизодтармен жұмыс жасайды.

1 – сызба. Эйлер Венн диаграммасы арқылы екі кейіпкер бейнесін ашу.



Бұл тұста өте тиімді әдістердің бірі – концептуалды кесте толтыру. Сыни көзқарас қалыптастыру жолында бағалаушы тапсырма берудің рөлі зор. Яғни оқушының шығарманы оқи отырып, үш жақты күнделік толтыруы оқушылардың сюжет бойынша әсер еткен тұстары мен пайда болған сұрақтармен жұмыс жасауға жетелейді. Өз кезегінде бұл тапсырмалар тек сын тұрғысынан ойлау ғана емес, сонымен қатар шығарманы бөлшектеп тану, ондағы кейіпкерлердің образын ашу арқылы тартыс мәселесін шешуде оразан зор рөл атқарады:

3 – кесте. Концептуалды кесте арқылы конфликт факторларына талдау.

Кейіпкерлер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерге берілетін баға

Прозалық шығармалардағы тартысты ашу және ұғындыру үшін әңгімені мазмұндаудың сатылық жоспарын құру тапсырмасы өте тиімді. Оқырман оқыған көркем шығармадан меңгерген материалға қарапайым жоспар құрып, оның сюжеттік желісін сатылап бөлшектей алады.

Тапсырма: «Бауыр» әңгімесін мазмұндаудың жоспарын құр.

Көркем шығарманы ақпараттық негіз ретінде ғана емес, проблематикалық тақырып ретінде қабылдауды қамтамасыз ету үшін оқушылардың сыни пайымын дамытқан жөн. Сыни пайым шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекетінің мотивін анықтауда дамиды. Ол үшін «ПОПС

формуласы» әдісін пайдаланған тиімді. Оқушы әңгіме кейіпкері немесе шығармадағы белгілі бір сюжетке деген көзқарасын берілген әдіс арқылы жеткізе алады:

Тапсырма: «ПОПС формуласын»

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім ...»

Бұл тапсырманы орындау білімгердің сюжет жайлы өз ойын қалыптастырып, еркін жеткіздіруге мүмкіндік береді.

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы бойынша өткізілген талдау жұмыстарының өзгерістері және нәтижесі.

1. Жаңа тақырып бойынша оқушы іздене отырып меңгереді. Мазмұнын айтып береді.

2. Жеке кейіпкерлерді талдайды, олардың іс-әрекетін зерттейді.

Кейіпкерлерге мінездеме береді, қазақ тілі бойынша ережені айтады, жаттығу орындайды.

3. Тақырып бойынша мұғалімнің түсіндіргенімен байланыстырып айтады.

4. Тақырып бойынша шығарма жазады. Эссе жазады. Венн диаграмма жасайды.

5. Сын тұрғысынан ойлана отырып ой қорытып, тұжырымдама жасап, оны қағаз бетіне түсіреді.

Сыни көзқарас қалыптастыру жолында тиімді болатын тағы бір әдіс – «эссе» немесе «Еркін жазу» әдісі. Эссе оқушының жеке сыни көзқарасын білдіру жолындағы ең жиі қолданатын әдістердің бірі. Бұл әдістегі оқушылардың қабілеттері: оқылған мәлімет бойынша өз ойларына талдау жасай алады;

- проблема бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай алады;

- ұсынылған проблема бойынша өз көзқарасын шығармашылық тұрғыдан көрсете алады;

- таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі

Жүзеге асыру кадамдары

1-қадам: тақырыптың қойылуы.

2 -қадам: оқушыларға тақырып бойынша түсінгендерін 5 (10) минут бойы үздіксіз жазғыза беру (тақырып бойынша білгендерін), ойларына не келсе, соны жаза беру, және тақырып бойынша бір ғана сұрақ беру.

3 -қадам: жазғандарын әуелі жұпта бір-біріне оқып беру, сосын топта оқылады, жазылғандарды кері байланыс жасау үшін мұғалім жинап алады

«Тоғысқан пікірталас» әдісі:

Күтілетін нәтиже.

Оқушы жасай алады:

- проблемаға қарама - қарсы көзқараста қарай алады;

- идеялар ұсыну ;
- шешімді өлшей қабылдау дағдысын қалыптастыру;
- пікірлестер мен қарсыластарды есту және тыңдай білу;
- қарама- қарсы көзқарастарды талдау және түсіну ;
- қарсыластардың ұстанымын түсіну мақсатында сұрақтар қою және тұжырымдау;
- дәлелдемелер арқылы сөйлеу дағдысын дамыту;
- таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі

Жүзеге асыру қадамдары:

1 қадам: «Қай жерде лас болмаса, сол жер таза ма?» проблемалық сұрағының қойылымы

2 қадам: «Т- сызбасы» немесе «Пікірталас карта» бойынша жұмыс (әр оқушының жеке жазба жұмысы):

Қай жерде лас болмаса, сол жер таза ма?

2 – сызба. Пікірталас картасы.

Ия	Жок
Дәлелдемелер	Дәлелдемелер

3- қадам: жұптық жұмыс (Т-сызбасы бойынша талдау).

4 -қадам: «Т-сызбасы»бойынша жазылған қорытынды нәтижесі (жеке).

5- қадам: ұстанған бағытарына қарай бөлу – «ия», «қарсы», «қалыс қалушылар».

6- қадам: өз бағыттарын қайткенде де қорғап шығу үшін өз топтарында салмақты дәйектемелер дайындайды.

7- қадам: Пікірталас жүргізу: бір жақ өзінің бағытын және бір дәлелін айтады. Қарсы жақ олардың дәлелін тыңдап, қайталап, талқылайды. Сонан соң өз бағытын қорғауға дәлелін мәлімдейді. Осылайша екі жақ кезектесе сөйлейді. «Күмәнданушылар» екі жаққа сұрақ қойып, бағыттарын ашуға тырысады. Ол пікірсайыс жүргізушісі екі жаққа да әлсін-әлсін оларда сұрақ туған-тумағанын сұрап тұрады:

Кезегінде жүргізуші : «Кім бағытын ауыстырғысы келеді?» - деп сұрақ қояды.

Пікір сайыс қорытындысын шығару.

«ББҮ» сызба әдісі

Күтілетін нәтиже.

Оқушы жасай алады:

- ұсынылған тақырып бойынша өз білімдерін актуалдандыра алады;
- бұрынғы білімді жаңа біліммен ұштастыра алады;
- ұсынылған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай алады;
- ақпаратпен жұмыс жасау барысында ықыласты болады;
- ақпаратты өз бетінше түсіну үдерісін басқара алады ;
- мәтінмен өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамытады ;

•мәтінге және оқылған проблемаға сұрақ қояды, белгілейді, тұжырымдайды;

•акпаратты қысқа түрде жазбаша тұжырымдайды;

•таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі

Жүзеге асыру қадамдары:

1-қадам: сызбаны тақтаға және дәптерге сызып алу:

3 – сызба. ББҮ сызба әдісі.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

2-қадам: оқушылармен алғашқы екі бағанды толтырамыз:

Сөз таптары туралы не білесіз? Не білгіңіз келеді?

3-қадам: оқушылармен мәтінді оқу, бұрыннан таныс және жаңадан танысқан түсінікті табу.

4- қадам: жаңадан алған білімдерімен сызбаның соңғы бағанын толтыру.

5-қадам: екінші баған бойынша қандай сұрақтарға жауап тапқандарын топта талқылау.

«Ротация» (ауыстыру) әдісі

Күтілетін нәтиже:

Оқушы орындай алады:

- өз білімдерін ұсынылған тақырыпқа актуалдандырады;
- проблемалық сұрақтар талдауға қатысады;
- бір сұрақ және басқа сұрақ төңірегінде өз тобының бағыты мен өзге топтардың бағытын салыстырады;
- өз бағытын қысқаша-мазмұндау қабілетін дамытады;
- ұсынылған проблема бойынша басқа топтардың бағытымен келісетінін немесе келіспейтінін дәлелдемелер арқылы білдіреді;
- таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі

Жүзеге асыру қадамдары

1-қадам: сұрақтар дайындау (1-ден 8-ге дейін), сұрақтарды нөмірленген ватмандарға жазып, аудиторияның әр бұрышына іліп қою;

2-қадам: класты 4 (8) топқа бөлу әр топқа түс бөліп беру(қызыл,көк,жасыл,сары), әр топ 5-6 минутта ватманға өз түсінің маркерімен өз сұрағына жауап береді (әуелі жеке, сосын топта)

3- қадам: мұғалімнің белгі беруімен оқушылар сағат тілі бойынша орындарын алмастырып отырады (яғни сұрақтарымен) және 5 минут шамасында өзге топтың сұрағы мен жауабын оқып, сол сұраққа өз жауаптарын жазады (әуелі жеке, сосын топта). Осылайша сұрақ ауыстыру әуел бастағы өз сұрақтары қайтып келгенше, жалғаса береді.

4-қадам: Барлық топтардың жауаптары талқыланып, ақырғы пікір түйінделеді.

«Кең ауқымды дәріс» әдісі

Күтілетін нәтиже.

Оқушы орындай алады:

- өз білімдерін ұсынылған тақырып бойынша актуалдандырады;
- ақпаратты сыни тыңдай алады;
- ақпарат мағынасын өз бетінше жете түсіне алады, салыстырады және қорытынды жасай алады;
- ақпаратты қысқа да нұсқа жазбаша түрде тұжырымдай біледі;
- ақпаратпен жұмыс жасау барысында ақпаратқа ықыласты болады;
- меңгерілген ақпаратты өз кластастарына түсінікті жеткізе білу;
- ұсынылған ақпарат жайында өз білетініне, білмейтін жерлеріне және оған өз қарым-қатынасына рефлексия жасау;
- өзінің біліміне және кластастарының білім алуына жауапкершілікпен қарау;
- таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі

Жүзеге асыру қадамдары:

1-қадам: берілген тақырып бойынша өздеріне бұрыннан таныс ақпараттың дәптерлеріне тізімін жасау, сосын жұпта талқылау, шағын топта және жалпы тақырып бойынша ақпаратты тақтаға жазу, оқушылар дәптерлеріне толықтырып жазып алады.

2- қадам: класты жұптастыру. Жұптарға тапсырма беріледі: біреуі дәрісті тыңдап отырып, өзінде бар ақпаратқа белгі қойып отырады, ал екіншісі өздерінде жоқ ақпаратты жазып алып отырады.

2- қадам: мұғалімнің шағын дәріс оқуы.

3- қадам: идеяларды толықтыру.

Жұптардың жазғандарын алмастыруы:

• Жұптың біреуі айтылған дәрісте өзінде бар ақпараттың қайталанғанын айтады.

• Екіншісі дәрісте бұларға таныс емес ақпараттар болғанын айтады.

4- қадам: Әуел баста дәптерлеріне жазған ақпараттарды толықтыру;

5- қадам: Жаңа тақырыптың келесі «үлесі»де осы сызба бойынша беріледі

«ЖИГСО» әдісі.

Күтілетін нәтиже.

Оқушы орындай алады:

- ақпаратты өз бетінше ұғынады және меңгере алады;
- меңгерілген ақпаратты кластастарына түсінікті етіп жеткізе білу;
- мәтінмен өз бетінше жеке жұмыс жасау дағдысын дамыту;
- ақпаратпен жұмыс жасау барысында ынталы болады;
- белгілеу, тұжырымдау және мәтінге сұрақ қоя біледі ;
- кластастарын ести және тыңдай біледі;
- ақпаратты қысқа да нұсқа жазбаша түрде бере алады;
- өзінің және кластастарының білім алуына жауапкершілікпен

қарау;

- таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі

Жүзеге асыру қадамдары:

1-қадам: сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау. Тақырып бойынша білімнің актуалдылығы;

2-қадам: топтарға бөлу («жанұяға» -1,2,3,4). Мәтін қанша бөлікке бөлінсе, топ та сонша бөлікке бөлінеді.

3-қадам: жанұяның әр мүшесіне тапсырма беріледі: сабақ соңында әр жанұя мүшесі мәтінді толығымен біліп шығуы керек, сондықтан әр бөлікті оқитын топ мүшесі үлкен жауапкершілікпен өз бөлігін оқуы керек, себебі ол өз ұяластарына оқығанын жеткізе алмаса, мәтін толық меңгерілмей қалады.

4 қадам: сараптау топтарына бөліну (1+1+1+1, 2+2+2+2, 3+3+3+3, 4+4+4+4)

5-қадам: мәтіннен өзіне бөлінген үзіндіні оқып, сараптау тобында талқылау, күрделі жерлерін мұқият түсініп, осы үзіндіні өз жанұя мүшелеріне қайткенде де ұғынықты жеткізудің жолдарын қарастырады

6-қадам: «жанұя»тобына барып, сараптау тобында түсініп келгендерін бір-біріне үйретеді. Қажет болса, мәтін мазмұнын түсіну үшін өзара сұрақтар қояды.

7-қадам: презентация жасауға, мәтін бойынша сұрақтар қоюға болады, немесе басқа да тапсырмалар беруге болады.

«Синкуейн» әдісі

Күтілетін нәтиже.

Оқушы жасай алады:

- ұсынылған проблема бойынша жан-жақты түйіндеме жасай алады;

- ақпаратты қысқа да нұсқа жазбаша түрде тұжырымдай алады;

- берілген проблемаға шығармашылық көзқараспен қарайды;

- таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі

Жүзеге асыру қадамдары

1-қадам: синкуейн жазу үшін негізгі тақырыпты анықтау – бес жол өлең (көбіне сабақ тақырыбы алынады).

2-қадам: синкуейннің алгоритмі жазуға беріледі:

Бірінші жол-тақырыптың атауы (әдетте зат есім алынады).

Екінші жол – тақырыпты сипаттайтын екі сөз (әдетте сын есім алынады).

Үшінші жол – тақырып туралы қимылды білдіретін үш сөз (әдетте етістік).

Төртінші жол – тақырыпқа қатысты төрт сөзден тұратын сөз орамы .

Бесінші жол – бір сөз – тақырыптың мәнін ашатын синоним сөз.

Немесе мынадай схема ұсынылады:

Тақырыптың аты:

Сипаты:

Қимылы:

Нақыл сөз

Тақырыпқа синоним сөз

3-қадам үйренген синкуейнді дәптерге жазып алу. Мысалы:

Синкуейн

Келісті, қысқа

Ойлайды, қорытады, жинақтайды

Ескеріңіз: қысқа сөйлеу де-талант.

Түйіндеме

4 -қадам: қызығып оқиды, жұпта және топта талқылайды .

5 – қадам : ең үздік синкуейн (топтардың пікірі бойынша) класта оқылады.

«Сұрақ қою, қайта сұрақ қою» әдісі

Күтілетін нәтиже.

Оқушы жасай алады:

- өз бетінше ойлап, ақпаратты меңгере алады ;
 - мәтінмен өз бетінше жұмыс жасау дағдысы дамиды;
 - ақпаратпен ықыласты жұмыс жасайды;
 - мәтінге сұрақ қою, белгілеу, тұжырымдау;
 - кластастарының жауаптарын ықылас қоя тыңдау және сұрақтар қою;
 - өз оқуына және кластастарының оқуына жауапкершілікпен қарау;
- таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі

Жүзеге асыру қадамдары

1-қадам: мәтінді толық немесе бір бөлігін оқыту (мәтіннің күрделілігіне қарай, балалардың жас және даму ерекшелігіне қарай), оқылған мәтіннің мазмұнына әр деңгейлі сұрақтар қою – сұрақтарды мәтін бойынша оқушылардың өздері немесе мұғалімнің өзі қоюына болады.

2 -қадам: оқушылар оқығандары бойынша бір-біріне сұрақ қояды және талқылайды.

«Автордың орындығы» әдісі

Күтілетін нәтиже.

Оқушы жасай алады:

- Ұсынылған проблема немесе ақпарат бойынша өз кластастарына не елестетінін айту;
- өз жұмысын кластастарымен талқылау, мейілінше тереңірек талдау жасау;
- таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі.

Жүзеге асыру қадамдары

1 -қадам: кез-келген жұмысты жазып болғаннан кейін тақтаның алдына үстел қойылады

2 -қадам: столға отырып, өз жазғанын автор ретінде аудитория алдында оқуға шақырылады.

3 -қадам: аудитория тыңдап сұрақ қояды, түсінік береді.

«Кілттік сөздер» немесе «Тірек сөздер арқылы әңгіме» (сурет бойынша)әдісі

Күтілетін нәтиже.

Оқушы жасай алады:

- талдайды, болжайды, қиялдайды;
- әңгімелеуде өз болжамын шығармашылық тұрғыда жеткізеді;
- жаңа ақпаратпен жұмыс жасау барысында ықыласты болады;

- өз болжамының сәйкес келуін немесе сәйкес келмеуіне рефлексия жасайды;

- таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі.

Жүзеге асыру қадамдары

1-қадам: мұғалім мәтіннен бірнеше тірек сөздерді тақтаға жазады.

2-қадамдары:

«а»нұсқасы: «миға шабуыл» әдісі бойынша бұл терминдерге жалпы түсінік беруге және мәтінде бұл терминдер қалай көрініс табатынын болжауға жұптарға 5 минут уақыт беріледі.

«б»нұсқасы: оқушыларға топта немесе жеке берілген сөздерді қатыстырып әңгіме құрастыру, өз болжамдарын жазу ұсынылады.

3-қадам: берілген мәтінмен танысу барысында «өз» болжамы мен берілген «түпнұсқаны» салыстыру.

4-қадам: оқушылар берілген тірек сөздерге қайта оралып, табылған сәйкестіктер мен үйлесімсіздікті талдау.

«Бағытталған оқу» әдісі

Оқушы жасай алады:

- ақпаратты терең меңгереді;
- талдайды, қорытады, бағалайды, болжайды, берілген сұраққа сәйкес қиялдайды;

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді (Блум таксономиясы немесе «сәуегей ағаш» әдісіне сәйкес);

- әңгіме бойынша өз болжамын шығармашылықпен жеткізеді;

- жұмыс жасау барысында жаңа ақпаратпен ықыластана жасайды;

- өз болжамының сәйкес келу, келмеуіне қарай рефлексия жасай

білу;

- ұсынылған проблема, жасалған жұмыс бойынша өз ойына талдау жасай біледі;

- Таным әрекетін жүзеге асыру барысында сындарлы қарым - қатынас жасай білу

Жүзеге асыру қадамдары

1-қадам: мұғалім оқитын мәтінді мынадай өлшемдерге сәйкес алуы керек:

- мәтін аудиторияға мүлдем таныс болмауы керек (әйтпесе қолданылған әдіс мәні мен маңызын жояды);

- оқиғасы қызғылықты, серпінді болуы керек;

- күтпеген шешім, «ашық» проблемалы аяқталуы керек.

2-қадам: мәтін алдын ала ойдың аяқталуына қарай бөлініп қойылуы керек. Мәтінді қай жерден үзу керек екені белгіленіп қойылуы керек және аялдама жасау керек: «бірінші аялдама», «екінші аялдама» т.с.с.

3-қадам: оқушылардың әр түрлі ойлау дағдысын дамытуға бағытталған Блум таксономиясы бойынша мұғалім алдын - ала сұрақтар мен мәтін бойынша тапсырмалар дайындап қояды.

«Алты телпек» әдісі

Күтілетін нәтиже.

Оқушы жасай алады:

- ұсынылған проблема, жасалған жұмыс бойынша өз ойына талдау жасай білу;
- ұсынылған проблема, жасалған жұмыс бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай білу;
- ұсынылған проблема, жасалған жұмыс бойынша толыққанды, жан-жақты түйіндеме жасай білу ;
- ұсынылған проблема, жасалған жұмыс бойынша өзінің шығармашылық қатынасын көрсете білу;
- таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі

Жүзеге асыру қадамдары:

1-қадам: класты 6 топқа бөлу, әр топ қалаған телпегін «өлшеп көріп» берілген проблема бойынша өз көзқарастарын айтады:

«Ақ телпек» - статистикалық (проблемаға қатысты деректерді талассыз келтіреді);

«сары телпек» - сәттілік (сәтті кезеңдерді айтады);

«қара телпек» - сәтсіздік (оқып жатқан проблеманың сәтсіз тұстарын айтады);

«көк телпек» - аналитикалық (талдау жасайды, топтар не үшін? Неге? Неге байланысты? Деген сұрақтарға жауап іздейді);

«жасыл телпек» - шығармашылық («ақылға сыйымсыз» идеялар мен болжамдар айтады);

«қызыл телпек» - сезімтал (топ оқиганы оқу барысында, бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды).

2-қадам: әр топтың жасаған жұмысы барысында телпек түріне байланысты атқарған қызметі бойынша презентацияға дайындық.

3-қадам: топтардың жұмыстары бойынша презентация.

2.3 Зерттеудегі әдістер бойынша жүргізілген эксперименттік жұмыстар нәтижесі

Прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдау арқылы оқушылардың сыни көзқарастарын қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасы негізгі үш: анытаушы, қалыптастырушы және бақылаушы кезеңдерін қамтыды. Бақылаушы эксперименттің мақсаты зерттеу болжамын және ұсынылған әдістің қолайлылығын анықтау мақсатында қайта диагностикалау және динамиканы байқау болып көзделді. Ғылыми зерттеу практикасы төңірегінде жиналған ақпаратты тиімді әдістемелік құралға айналдыра отырып, оны іс жүзінде қолдана білу дағдысына бағытталған жұмыстар жүргізілді. Бағдарламада белгіленген прозалық шығармаларды сюжет пен тартысқа бағытталған тұрғыдан зерттеп, оқушылардың ойбау қабілеттерін дамытатын талдау жолдарын анықтау үшін «субъектілерді» алыстан бақылау тәсілі қолданылды. Эксперимент жасау алдында және салыстырмалы анализ жасау үшін соңында тестілеу, сауалнамалар алып, сандық мәлімет жиналды.

Оқушылардың жас ерекшелігі, білім-таным деңгейі мен сын тұрғысынан ойлау қабілетін анықтау мақсатында нөлдік сауалнама жұмыстары алынды. Ондағы мақсат – зерттеу жұмысымен ұсынылып отырған тапсырымалардың тиімділігін анықтау. Бақылаушы эксперимент кезінде анықтаушы экспериментте пайдаланылған диагностикалық құралдар қайта пайдаланылады.

1. Зерттеліп отырған тақырып төңірегінде білім беру жүйесінің белсенді қатысушы тобы мұғалімдерден сауалнама алу. Дәл осы тұста білім беру саласында қызмет атқарып жүрген мұғалімдерден де сандық айнаымалылар анықталды. Мұғалімдерге арналған сауалдар:

1. Прозалық шығармалардың іштей бөлінісін білу, теориялық тұрғыдан ажырата алу оқушы үшін маңызды деп ойлайсыз ба?

2. Білім беру бағдарламасы тарапынан прозалық шығармалардың әдеби теория тұрғысынан түр, тип, жанрлық айырмашылықтарын белгілейтін теориялық білім қамтылған ба?

3. Әдеби көркем шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын айқындау үшін қандай талдау түрлерін қолданасыз?

4. Сатылай кешенді талдау жұмыстарын жүргізген прозалық шығармаларды мазмұндауда, анализ жасауда қолданылатын тиімді әдіс деген ойға келісесіз ба?

5. Әдеби шығармаларға композициялық талдау жасау маңызды ма?

6. Әдеби талдау жұмыстарын жеке жазбаша жұмыс ретінде жасаған тиімдірек немесе топ алдында талқыға салып жасаған тиімдірек деп ойласыз ба?

7. Шығармаларға талдау жасай отырып, оқушылар өз ойларын еркін жеткізеді ме?

8. Талдау барында айтылған ойды талқыға салып, топтық дебат ойындар өткізу керек деп ойлайсыз ба?

9. Шығармаларды талдау оқушылардың сыни көзқарастырын қалыптастырады деген ойға келісесіз бе?

10. Оқушылардың сыни көзқарастарын қалыптастыру үшін шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдаудың жаңа түрі қажет пе?

11. Сыни көзқарас қалыптастырудың сюжетті талдау арқылы жасалатын жолдары тиімді деп санайсыз ба?

2. Экспериментке тікелей қатысушы оқушылардың нөлдік көрсеткіші мен тәжірибе соңындағы салыстырмалы көрсеткіштерді жинақтау мақсатында білімгерлерден сауалнама алу. Оқушыларға арналған сауалдар:

1. «Сюжет» және «тартыс» ұғымдарына анықтама бере аласыз ба?

2. Өз ойыңызды көпшілік алдында еркін жеткізе аласыз ба?

3. Прозалық шығармалар сізге несімен ұнайды?

4. Әдебиет сабағындағы сүйікті ойын/тапсырмаңыз?

5. Сізге топтық жұмыс ұнайды ма? Немесе жеке жұмыс тиімді ме?

Берілген сауалнамалар негізінде алғашқы сандық ақпарат жинастырылды.

5 – кесте. Тәжірибе сипаттамасы.

Бағдарлама бөлімдері	Мазмұны
1	2
Тәжірибені орындаушы	Сулейман Демирель атындағы университеттің педагогикалық және гуманитарлық ғылымдар факультеті магистранты Шүкей Г.Н.
Тәжірибенің мақсаты	Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамелік негізін іс жүзінде қолдану, тиімділігі/тиімсіздігін анықтау.
Тәжірибенің нысаны	Жалпы білім беретін мектептердегі орта буынды 5,6 сынып оқушылары.
Тәжірибенің өзектілігі	XXI ғасыр білім беру талаптарына сай сыни көзқарасты қазақ әдебиеті пәні, оның ішінде прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдау арқылы қалыптастыру жолындағы педагогикалық технологияларды күнделікті сабақтарда қолдану мүмкіндігін анықтау.
Тәжірибенің идеясы	Прозалық шығармаларды оқыту, сюжет пен тартысты талдауға арналған дидактикалық тапсырмалар легін қалыптастыру, педагогикалық үдерісті технологияландыру.
Тәжірибенің міндеттері	Прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдауға арналған тапсырмалар мен әдістерді сабақ үстінде қолдану;

Тәжірибенің жалпы сипатына келер болсақ, 28.03-24.04.2022 аралығындағы ғылыми-зерттеу практикасы барысында жоспарланған мақсаттарға бағытталған жұмыс жүргізілді. Эксперимент Қостанай қаласындағы №28 мектеп-гимназиясында өтті. Субъект ретінде 5 «Ә» гимназия сыныбы, 6 «А» жас сарбаз мамандырылған сыныбы және 6 «Б» қарапайым сыныбы алынды. Ғылыми тәжірибенің нәтижесі бойынша келесі қорытындыға келдім. Көркем шығарманы меңгеру – қабылдау үдерісінен басталады. Ал қабылдау үдерісі әр түрлі факторларға тәуелді болады. Оның ішінде психологиялық қалыптылық, өмірлік тәжірибе мен сюжеттің қиысуы, мінез-құлық ерекшеліктері. Сондықтан психологиялық тестілеу және тренингтердің өткізу маңыздылығы айқындалды. Жоспарланбаған әрекеттерге де алып келді. Сыныптағы оқушылардың сұрақ-жауап,


презентация, ауызша тапсырмалардағы белсенділігі байқалды. Шығармашылық тапсырмалар уақыт тапшылығына орай үй тапсырмасы ретінде берілгені тиімді. Жалпы көзделген барлық дидактикалық тапсырмалардың тиімділігі байқалды.

Орта мерзімді жұмыс жоспары мен әр сабаққа қатысты қысқа мерзімді жұмыс жоспарын дайындадым. Сабаққа қойылған мақсатқа диссертациялық жұмыспен ұсынып отырған тапсырмалар арқылы жету жолдарын қарастырдым. №28 мектеп-гимназиясының қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімдерінен алғашқы сауалнама алынды.

Алынған ақпарат негізінде тиімді тапсырмалар легі таңдалды. Ұсынылған тапсырмалардың тақырыпқа сай, сюжеттік желі мен тартысты аша алатынын қамтамасыз етуін қадағалау.

Орындалған жұмыс негізінде келесі көрсеткіштер айқындалды.

Сызба – 1. Зерттеу қорытындылары



Тәжірибе барысында прозалық шығармалардың сюжет пен тартысын зерттеу үшін келесі тапсырмалар ұсынылады:

1. Прозалық шығармалардың сюжеттік желісін талдау мақсатында композициялық сатылай талдау орындалу;
2. Прозалық шығармалардың сюжеттік желісіне қатысты «қалың-жұқа» сұрақ қою;
3. Тартысқа қатысты талдау жұмыстары: образдарды ашу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұсынылған диссертация заманауи білім беру жүйесіндегі өзекті мәселердің бірі – қазақ әдебиеті сабағында прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдау арқылы сыни көзқарас қалыптастыру мәселесіне арналған. Өйткені өзіндік мен және өмірге деген сыни көзқарас қалыптастыруда әдебиет пәнінің атқаратын рөлі зор. Прозалық шығарма, ондағы сюжет, оқиға бейнесі, конфликт – бұның бәрі оқырманға ерекше әсер етуші дүние. Оқушы әр элементпен жеке жұмыс жасай отырып, тек шығармаға қатысты емес, өмірге қатысты жеке көзқарас, ұстаным қалыптастыра алады. Сол себепті нәтижелі, жемісті болатын тапсырмалар жүйесін жасаған өте маңызды. Диссертациялық жұмыстың негізі де осы сұраққа тіреліп отыр.

Теориялық тарауларда қазақ әдебиеті пәнінде прозалық шығармаларды оқытудың зерттелу өрісі мен прозалық шығармаларды талдаудың тарихи кезеңдері, ғалымдар мен әдіскерлердің бұл мәселеге қатысты көзқарастары, жаңартылған мазмұндағы бағдарламаларда прозалық шығармаларды оқытудың мақсат-міндеттері, соның ішіндегі талдауға бөлінген орны анықталып, зерттеу жұмысы аясында мектептегі көркем шығармаларды талдаудың ұстанымдары талданып сараланады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына, Қазақстан Республикасы жалпы білім беру тұжырымдамасына, оқу-әдістемелік кешендерге сай прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдау арқылы сыни көзқарас қалыптастыруға байланысты мүмкіндіктер қарастырылды.

Диссертациялық жұмысты зерттеу барысында прозалық шығарманы талдау ұстанымдары, оның ішінде композициялық-сюжеттік талдау, шығармадағы тартысты талдау амалдары, оның қазақ әдебиеті сабағындағы орындалу мөлшерін анықтау жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижелігі, мақсатқа жету деңгейі анықталды. Жалпы білім беретін орта мектептерде оқытылатын бабаларымыздың асыл мұрасы түрлі технологиямен, аналитикалы. тәсілмен талданғанымен, әдістемелер мен технологиялар нысаналардың дидактикалық тұл екеніне, оның прагматикалық іс-жүзінде қойылған мақсат пен нәтижеге жете бермейтіндігін атаған жөн.

Зерттеу нәтижесі білім беру үдерісінде көркем шығармаларды талдау жұмыстары жүргізілгенімен, сюжет және тартыс элементтеріне толыққанды көңіл аударылмайтыны аңғарылды. Сондықтан тәжірибе жүзінде ұсынылған тапсырмалардың сюжет желісі мен тартысқа бағытталуы қолға алынды. Сыни көзқарас қалыптастыру мақсатында оқушылар бойынан жеке ой туғыздыру үшін ауызша, жазбаша тапсырмалар орындату жүргізілді. Ұсынылған барлық тапсырмалардың сабақ ұйымдастырудың белгілі бір кезеңдерінде өту тиімділігі айқындалды. Ұзақ мерзімді жоспар мен білім бері бағдарламасымен ұсынылған мақсаттарды ескере отырып, педагогтің күнделікті талдау жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі айқындалды. Сыни

көзқарас қалыптастыру жолында педагогикалық технологиялардың даму деңгейі анықталды. Барлық факторларды ескере отырып, диссертациялық жұмыспен тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер жүйесі ұсынылды.

Қорытындыда жүргізілген зерттеудің нәтижелері прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдау арқылы сыни көзқарас қалыптастырудың барлық аспектілерін қамтымайтынын және болашақта прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартыс элементтерін талдау арқылы сыни ой туғызу аясында зерттеу мәселелерін ары қарай дамыту мен жетілдіруді ұйғаратынын атап өтеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Көшімбаев А. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Мектеп» баспасы Алматы – 1969 ж.
2. Бейсенбаева А.А. «Пәнаралық байланыс негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру». Алматы, 1995ж.
3. Мұсабеков О. «Пәнаралық байланысты жүзеге асыру»././ Қазақстан мектебі, 50 б.
4. Ақшولاқов Т.Қ. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы, 1994ж.
5. Ахметов К.К. Әдебиеттану әліппесі. Алматы, 2000ж.
6. Әбдіғазиев Б. Шәкәрім Құдайбердиев, творчестволық өмірбаяны /методикалық нұсқау/ Алматы, 1989ж.
7. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 1997ж.
8. Жұмақаева Б. Д. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі». «Қыздар университеті» баспасы Алматы, 2015
9. Дәулетбекова Ж. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Алматы, 1997ж.
10. Хамзин М.Х. Қазақ романдарын қазіргі кезеңде оқыту мәселелері /оқу-әдістемелік құралы/ Жезқазған, 1993ж.
11. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімге арналған көмекші құрал). А., 1990ж.
12. Жұмажанова Т. Қазақ әдебиеті әдістемесі. А., 2003ж.
13. Қоңыратпаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. А., 1985ж.
14. Бітібаева Қ. Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту. Семей, 2007ж
15. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. –Алматы: Рауан, 1994.
16. Тілешова С. YІ сыныптардағы әдебиет сабақтары үшін дидактикалық материалдар – Алматы: Рауан, 1992 жыл
17. Дербісалин Ә. «IX сыныпта Ы.Алтынсарин шығармашылығын оқыту» - Алматы, 1957 жыл
18. Жабағин Т. «С.Торайғыров шығармаларын мектепте оқыту методикасы» - Алматы, 1991 жыл
19. Л.И.Гусев «Секреты педагогического мастерства» -Алматы: Мектеп, 1986 год
20. Жұмажанова Т. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы: 1995.
21. Сыздықова Р., Шалабаев Б., Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы: Мектеп, 1989.
22. Абрамович Г.Л. «Әдебиеттануға кіріспе». Мәскеу: 1970.– 248 б.
23. Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы: Санат, 2002. - 360 б.
24. Богданова О.Ю. «Әдебиетті оқыту теориясы мен методикасы» ЖОО студенттеріне арналған әдістемелік оқулық. Мәскеу: «Академия», 2008. –350 б.
25. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

2. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2004.26. Гончаров Б.П. «Прозалық шығармалар анализдері». Мәскеу: 1987. – 65 б.
27. Гуковский Г.А. «Әдеби шығарманы мектепте оқыту». Әдістеме туралы методикалық очерк. - Тула: «»Автограф», 2000. –286 б.
28. Есин А.Б. «Көркем мәтінді талдаудың принциптері мен әдістері». Мәскеу: «Флинт: Наука», 2003. – 248 б.
29. Журова Л.Е. «Оқу және жазу». Мәскеу: «Вентана-Граф», 2001. –310 б.
30. Зайцев В.Н. «Оқыту резервтері». Мәскеу: «Просвещение», 2004. – 401 б.
31. И.А. Зимняя «Педагогикалық психиология» ЖОО студенттеріне арналған, Мәскеу: «Логос», 2000. – 360 б.
32. Калганова Т.А. «Көркем әдеби шығарманы талдау әдістемесін тандау». Мектеп әдебиеті. Мәскеу: «Ағарту», 2007. - №2. – 320 б.
33. Капинос В. И. «Сөйлеуді дамыту: оқыту теориясы мен практикасы». Мәскеу: 2005. – 354 б.
34. Каплан И. Е. «Жоғары сыныптардағы лириканы талдау». Мәскеу: «Дуадак», 2007. – 250 б.
35. Авторлар ұжымы. «Әдебиетті оқытудың технологиялары мен әдістемесі». Бакалаврларға арналған оқу құралы. Мәскеу: «Флинт ғылымы», 2011. – 167 б.
36. Коровина В. Я. «5-9 сыныптардың жұмыс бағдарламалары». Әдебиет. Мәскеу: «Білім», 2011. – 159 б.
37. Коровина В. Я. «5-11, 10-11 сыныптардың жұмыс бағдарламалары». Әдебиет. Мәскеу: «Ағарту», 2008. – 254 б.
38. Коровина В. Я. «5- сынып әдебиеті». Жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқулық. Мәскеу: «Білім», 2012. – 283 б.
39. Коровина В. Я. «7 - сынып әдебиеті». Жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқулық. Мәскеу: «Білім», 2012. – 283 б.
40. Коровина В. Я. «8 - сынып әдебиеті». Жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқулық. Мәскеу: «Білім», 2012. – 283 б.
41. Коровина В. Я. «10 – сынып әдебиеті». Жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқулық. Мәскеу: «Білім», 2012. – 283 б.
42. Курдюмова Т. Ф. «Орта мектептередгі әдебиетті оқыту мәселелері». Мәскеу: «Ағарту», 1985. – 266 б.
43. Лотман Ю. М. «Поэтикалық мәтінді талдау». Мәскеу: «Ағарту», 1972. – 245 б.
44. Лукин В. А. «Көркем мәтін: лингвистикалық теория негіздері және талдау элементі». Мәскеу: «Ағарту», 1999. – 246 б.
45. Магомедова Д. М. «Әдеби шығарманы филологиялық тұрғыдан талдау». Мәскеу: «Ағартушылық», 2004. – 385 Б.
46. Маранцман В. Г. «Әдебиетті оқыту әдістемесі». Педагогикалық ЖОО арналған оқулық. Мәскеу: «Білім», 1994. – 270 б.

47. Маранцман В. Г. «Әдебиетті оқыту әдістемесі». Педагогикалық ЖОО арналған оқулық. Мәскеу: «Білім», 1994. – 271 б.
48. Маранцман В. Г. «Мектептегі әдеби шығарманы проблемалық зерттеу». Мәскеу: «Ағарту», 1977. – 303 б.
49. Медведев В. П. «Мектепте лириканы оқу». Жалпы білім беру мұғалімдері үшін. Мәскеу: «Ағарту», 1985. –281 б.
50. Мещерякова Н. Я. «VI-VII сыныптардағы әдебиет сабақтарындағы оқушылардың адамгершілік тәрбиесі». Жалпы білім беру мұғалімдері үшін. Мәскеу: «Ағарту», 1984. –410 б.
51. Николина Н. А. «Мәтінді филологиялық талдау». Педагогикалық ЖОО студенттеріне арналған оқулық. Мәскеу: «Академия», 2007. – 272 б.
52. Николюкин А. Н. «Терминдер мен ұғымдардың әдеби энциклопедиясы». Мәскеу: "ҒӨК Интерван", 2001. – 799 б.
53. Никифорова О. И. «Көркем әдебиетті қабылдау психологиясы». Мәскеу: «Кітап», 2000. – 423 б.
54. Новиков Л. А. «Көркем мәтін және оны талдау». Мәскеу: «Ағарту», 1988. – 335 б.